Ким Бен Хаку удалось донести до сердец корейских читателей красоту, мудрость, философию стихов Абая. Из Кореи получены восторженные отзывы («Неужели в степях Казахстана жил философ, подобный Конфуцию?!»). Великим поэтом и мыслителем, появившимся среди степей, как чудный хребет, в период ощутимых исторических перемен, назван Абай, гордость и символ казахской литературы. «Он словно скакун, несущийся по степи, мчался сквозь век перемен и волнений и оставил блестящие стихи и высказывания (афоризмы)», – пишет в Предисловии к книге Ким Бён Хак. Обращаясь к читателям Кореи, переводчик надеется, что они ясно и глубоко представят кочевую культуру Центральной Азии и традиции казахского народа. Тем самым расширится круг читателей Республики Корея, понимающих уникальную культуру кочевников.

В сборник включены пейзажная лирика, философская, лирика о любви, лирика скорби, восьмистишия и сатирическая поэзия. Ректора университета Сунг Силь, профессора факультета языка и литературы Джо Гю Ика особенно впечатлил «необъятный и разносторонний мир стихов Абая, где существует абсолютно все: от воспевания благородного разума в философской лирике до воспевания чистой любви или глубокой скорби, вплоть до сатиры». Мировоззрение Абая столь же сложное и разностороннее, как кочевая культура казахов. Абая называют лидером нации, потому что он передал национальный дух в своих произведениях и показал свое видение прекрасного будущего. Самой яркой частью всего творчества Абая Сунг Силь называет лирику любовную и считает Абая «казахским национальным поэтом и одновременно поэтом всего человечества».

Литературный критик Джонг Санг Джин, участник Второй мировой войны, называет Абая не только великим поэтом степи, но и выдающимся мировым поэтом и мыслителем. Стихи Абая стали неисчерпаемым вдохновением. Джонг Санг Джин подчеркивает такую важную составляющую успеха переводов Абая на корейский язык: замечательный поэт Ким Бён Хак полюбил литературу и культуру казахской степи. «Когда я читаю стихи Абая, переведенные на мой родной язык, – заключает Джонг Санг Джин, – я чувствую аромат степи.

В степи дует ветер, скачут кони, летают орлы, прелестные девушки поют, а природа цветет. И четко вижу образ Абая как мыслителя, как мучающегося человека, как просветителя, как страдающего от любви человека. Теперь я знаю, что в Южной Корее начали знакомиться с творчеством великого поэта Абая» [52, с.163].

Интересен и следующий факт: «Тәржіман – Союз литературных переводчиков» посвятил шестой номер журнала «Әлем әдебиеті» за 2010 год Году Республики Корея в Казахстане. В номер вошли переводы средневековой «Повести о верной Чхунхян» с подробными комментариями (перевод Зулкарная Сакиулы), романа Чхе Ин Хуна «Площадь», выдержавшего в 2001 году сотое издание (в переводе Кемельбека Шаматая и Кайсара Жорабекова), рассказов современных авторов Чхве Инхо и Ким Тонина (в переводах Жамили Бекбосыновой и Зари Жумановой). Из поэтических переводов представлено творчество поэтов XIV–XVII веков (в переводах Кемельбека Шаматая, Аргынбая Бекбосына и Оразакына Аскара), стихи классика XX века Ко Ына (в переводах К. Шаматая) и современных поэтов Чве Донг Хо, Ким Джи Ха, Джонг Хен, Джонг Чве, Сын Хо Джо, Джон Гвон в переводах Улугбека Есдаулета, а также довольно объемные подборки стихов Ким Бён Хака и Чой Сока (переводы Аманхана Алимұлы).

По мнению Ким Бён Хака, Абай – великий казахский поэт и просветитель, мыслитель, который для казаха значит то же, что Шекспир для британцев, Гете для немцев и Пушкин для россиян. В поэзии Абая «в полной мере отражается безгранично широкая душа обитателя степей. Стихи Абая все, как один, напоминают бег быстроногой лошади и наполнены жизненной энергией. Его скакуны словно несутся галопом по цветущей степи и восхищают окружающий мир. Эти кони, перевоплотившиеся в мифических тулпаров, пролетают над степью то стремительно и резво, то плавно парят в чистом небе Казахстана» [53, с.145].

Особо актуальны в современном мировом литературном процессе вопросы взаимодействия культур в художественном переводе. Благодаря новым художественным переводам произведений Абая Кунанбаева казахский литературный текст в диалоге с мировой культурой в аспекте компаративной имагологии становится все более известным зарубежным читателям, издателям, литературоведам, критикам.

Задачи фундаментального научного анализа творчества И. Чавчавадзе и А. Кунанбаева формулирует на перспективу директор Института грузинской литературы имени Шота Руставели Ирма Ратиани:

«Межлитературный диалог логично трансформируется в диалог межкультурный. Соответственно, анализ творческих и общественных устремлений Ильи Чавчавадзе и Абая Кунанбаева служит осмыслению различающихся литературных систем в единой культурной перспективе на уровне знаковых эпохальных общекультурных закономерностей... Стремясь к благоденствию родных народов, осмыслили значение свободы, заботились о насаждении верных ориентиров, повышении национального самосознания, сохранении национальной культуры и языка» [54, с.101].

Глубокими размышлениями о важности межкультурного диалога запоминается статья известного российского литературоведа, доктора филологических наук, профессора МГУ им.М.В. Ломоносова, заведующего отделом литератур стран СНГ и народов России ИМЛИ им.А.М. Горького РАН К. Султанова «Вы в душу мою вошли...». К. Султанов считает сам факт создания поэмы «Дагестан» Акылбаем важным, вбирающим в себя важнейшие и поучительные смыслы: «Решающим обстоятельством остается факт появления в позапрошлом веке казахской поэмы о Дагестане, идея и создание которой были освящены поддержкой самого Абая. Да и трудно было пройти мимо неподдельно искреннего или, как сказали бы сегодня, неформального отношения автора, называющего себя «другом-собеседником», к дагестанской теме... Каспийское море разделяет Казахстан и Дагестан, а литература наводит мосты, объединяя пространства и людей, превращая границу в место встречи двух культур» [55, с.262].

Об осмыслении величины Абая во всем мировом пространстве пишет А. Карлюкевич из Минска: «Народность Абая, его невероятное человеческое, художественное и философское устремление изменить судьбу народа, повлиять на преобразования, помыслы и чаяния казахов – основа, стержень творчества великого Поэта».

Классическая поэзия в XXI веке получает новое прочтение и осмысление, обогащая современный мир. Новые поэтические открытия, современные художественные переводы укрепляют взаимодействие культур, сохраняя самобытность, уникальность и неповторимость каждой из них.

Литература:

1. Жеребин А. Проблема перевода в герменевтическом освещении // Вопросы литературы. – Май-июнь 2014. – С.133-147.
2. Even-Zohar I. Polysystem Studies, Poetics Today, capitolul. The Position of Translated Literature within the Literary Polysystem. <http://transeurope.ru/publications/teoriya-polisistemyi-v-rabotah-i-even-zohara.html>
3. Айтматов Ч. Абай Кунанбаев и духовные ценности общемировой цивилизации // Творчество Абая Кунанбаева в зарубежной рецепции. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2016. – С.164-168.
4. Абай. «Свою судьбу от мира не таю...» / Отв. редактор А. Нурпеисов. – Алматы: Издательство «КРАМДС – Ахмет Яссауи» Казахского ПЕН-клуба, 1995. – 299 с.
5. Габдулла Тукай. Энциклопедия. – Казань: Г. Ибраһимов исем, 2016. – 864 с.
6. Канапьянов Б. Русские поэты и Абай. К 170-летию со дня рождения // Литературная газета. 29.07.2015. С.11.
7. Проблемы современного сравнительного литературоведения / Под редакцией Н.А. Вишневской и А.Д. Михайлова. – Москва: ИМЛИ РАН, 2004. – С.23-27.
8. Мухамедханов К. Абай и Бунин // <http://abai.kz/post/15854>
9. Проблемы современного сравнительного литературоведения / Под редакцией Н.А. Вишневской и А.Д. Михайлова. – Москва: ИМЛИ РАН, 2004. – С.71-72.
10. Сейсенбаев Р. Неизлечимая печаль мудреца // Казахстанская правда. 5. 08. 2015. – С.4.
11. Искаков Н. От сердца – к сердцу // Щербаков Ю. Степное братство. Переводы с казахского. – Москва: ИД «Литературная газета», 2013. – С.3-4.
12. Щербаков Ю. Степное братство. Переводы с казахского. – Москва: ИД «Литературная газета», 2013. – 112 с.
13. <https://www.astrobl.ru/news/86030>
14. Биданова А. Наследие великого поэта и философа // Казахстанская правда. 8.08.2015
15. Абай. Тридцать семь стихотворений / Составитель и переводчик М. Адибаев. – Алматы: Дом печати «Эдельвейс», 2006.
16. Адибаев М. Абай // Абай. Тридцать семь стихотворений. – Алматы: Дом печати «Эдельвейс», 2006. – С.2-7.

17. Унгарсынова Ф. К Слову // Абай. Тридцать семь стихотворений. – Алматы: Дом печати «Эдельвейс», 2006. – С.2-3.
18. Проблемы современного сравнительного литературоведения / Под редакцией Н.А. Вишневской и А.Д. Михайлова. – Москва: ИМЛИ РАН, 2004. – С.28-37.
19. Кайшибаева Р. Восхождение к Абаю // Абай. Тридцать семь стихотворений. – Алматы: Дом печати «Эдельвейс», 2006. – С.8-12.
20. Бельгер Г. Властитель – Слово. Почему трудно переводить Абая? // Абай. Тридцать семь стихотворений. – Алматы: Дом печати «Эдельвейс», 2006.. – С.235-241.
21. Бельгер Г. Гордость и слава народа // Бельгер Г. Казахские арабески. – Алматы: Жибек жолы, 2014. – С.9-12.
22. Belger H. Goethe and Abay. – London: Hertfordshire Press, 2015. – 148 p
23. Бельгер Г. Гете и Абай // Евразийство и диалог литератур. Классические исследования. Многотомник. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – С.177-254.
24. Кунанбаев А. Слова назидания. – Алматы: ИД «Библиотека Олжаса», 2012. – 156 с.
25. Оразбекова Ф.К., Шауханов А.А. В ореоле культуры. – Алматы, 2017. – 183 с.
26. Бельгер Г. «Книга Слов» Абая и ее переводчики // Бельгер Г. Энергия оригинала. Избранное. Сочинения в 10-ти т. Т.8. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2011. – С. 328-333.
27. Каштелюк Ю. Проше, пане // Литер. 18.06.2013
28. Abaj. Ksiega slow. Poematy. – Astana: KazPoligrafIzdat, 2011. – 326 s.
29. Чжэн Лили. Казахская литература: история переводов на китайский язык и исследование в Китае // Мировой литературный процесс: контент, направления, тренды. Учебное пособие / Отв. редактор С. Ананьева. – Алматы, 2017. – С. 59-71.
30. https://tengrinews.kz/picture_art/chtenie-stihov-u-pamyatnika-abaya-v-pekine-stalo-traditsiey-304721/
31. Карлюкевич А. Кітайскі перакладчык, мастак і паэт адзін са сваіх вершаў прысвяціў Абаю // <http://sozvuchie.by/proekty/gao-man/item/419-gaa-mana-dobra-vedayuts-na-postsavetskaj-prastory.html>
32. <http://www.litgazeta-kz.com/index.php?option=view&id=133>
33. Карлюкевич А. Переводчику Гао Ману исполнилось 90 лет // <http://sozvuchie.by/proekty/gao-man/item/417-sozvuchie-pisalo-o-90-letii-gao-mana-material-o-ego-yubilee-razmestila-i-zvyazda.html>

34. Карлюкевич А. Единство трех культур // <http://sozvuchie.by/poeziya/item/909-edinstvo-trekh-kultur.html>
35. Бельгер Г. На пути к немецкому Абаю // Бельгер Г. Энергия оригинала. Избранное. Сочинения в 10-ти т. Т.8. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2011. – С. 288-308.
36. Abai. Zwanzig Gedichte. – Köln: önelVerlag, 2007. – 136 s.
37. Бельгер Г. О Леонарде Кошуте. Статьи, эссе, письма. – Алматы: ИД «Библиотека Олжаса», 2013. – 176 с.
38. Абай. Стэпавы прастор. Выбранные вершы. – Минск: Літаратура і Мастацтва, 2011. – 158 с.
39. Смирнов А.В. Выступление Посла Республики Казахстан в Республике Беларусь // Керуен. – 2009. – №3. – С.104-110.
40. Карлюкевич А. Солнце Абая и Купалы // Нёман. – 2009. – №8. – С.105.
41. Абай. Слова назидания // Нёман. – 2009. – №8. – С.112-117.
42. Карлюкевич А. На грунце Абая // Польша. – 2010. – №3. – С.114.
43. Метлицкий М. Полюбив поэта, любишь его народ // Созвучие: альманах /сост. А.Н. Бадак, А.Н. Карлюкевич. – Минск: Звезда, 2014. – С.67-70.
44. Гниломёдов В. Абай Кунанбаев и белорусская литература // Творчество Абая Кунанбаева в зарубежной рецепции. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2016. – С.29-33.
45. Лучнасць: Пераклады М. Мятліцкага: з паэзіі народаў свету. – Минск: Літаратура і Мастацтва, 2011. – 240 с.
46. Шашкова Л. Писательские встречи на белорусской земле // Простор. – 2012. – №8. – С.96-104.
47. Смирнов А.В. Мысляр, асветнік, гуманіст // Абай. Стэпавы прастор. Выбранные вершы. – Минск: Літаратура і Мастацтва, 2011. – С.5-6.
48. Ладутько К. «Созвучие»: Интернет-дружба литератур и народов // <http://www.zviazda.by/be/news/20150428/1430170353-sozvuchie-internet-druzhba-literatur-i-narodov>
49. Ли Бен Хва. Мы духовно близки // Время Астаны. – №4 (77). 2.07. 2011. – С.3.
50. Ананьева С.В. Корейская литература // Современная литература народа Казахстана / Под ред. С. Ананьевой. – Алматы: Evo Press, 2014. – С.323-372.
51. Абай. Тандамалы өлендер. – Сеул: Интербукс, 2010. – 275 с.
52. Джон Санг Джин. Мировой поэт и мыслитель // Творчество Абая

Кунанбаева в зарубежной рецепции. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2016. – С.162-163.

53. Ким Бён Хак. Пламя степной культуры // Творчество Абая Кунанбаева в зарубежной рецепции. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2016. – С.143-145.

54. Ратиани И. Илья Чавчавадзе и Абай Кунанбаев // Творчество Абая Кунанбаева в зарубежной рецепции. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2016. – С.100-102.

55. Султанов К. «Вы в душу вошли...» // Творчество Абая Кунанбаева в зарубежной рецепции. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2016. – С.259-262.

АБАЙ МҰРАСЫ РЕСЕЙ ӘДЕБИЕТШІЛЕРІНІҢ БАҒАЛАУЫНДА

Абай – әлемдік тұлға. Ол өз халқының мұң-мұқтажын, қоғамдық-философиялық ойларын, мәдениеті мен әдебиеттегі көркемдік ізденістерін жаңа сапаға көтерді. Ұлы ақынның арман-тілегі бүкіл адамзаттың ең биік асыл мұраттарымен де үндесіп жатыр. ХХІ ғасырда кез келген қоғамның парқын, түптеп келгенде, адам сапасымен өлшеу үрдісі бірінші орынға шығып отыр. Бұл ретте Абай армандаған «бүтін адам», Абай көксеген «толық адам» тұжырымдамасы ең озық ой-идея ретінде бүгінгі зерделі оқырманды да бей-жай қалдырмайды. Абайды тану арқылы біз өз болмысымызды танып, болашағымызды бағдарлаймыз.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында абайтану ілімінің негізін салған ұлы жазушы, ғалым, академик М.О.Әуезов өзінің «Абай еңбектерінің биік нысанасы» атты мақаласында: «Барынша тұтас ой ықыласымен ілгері, жарқын заманға ұмтылғандықтан, Абай өз халқының ой-санасы өсу тарихында анық прогресс жолын бастаушы болды. Өз заманының тарихтық, кертартпалық бөгетінің бәрінен аттап өтіп, елі-жұртын дүниелік мәдениетке жеткізем деушінің ең алдыңғы бірі болды. Сол талап тартысы арқылы, еңбек егісі арқылы, заман мешеулігін жеңіп, қазақтың еңбек елі мен орыс халқының ой құралдарын бір араға қосып, алдағы күндер үшін біріккен күрес қайраткері болды» деп айта келіп: «... Сондайлық өлмес, өшпес қасиеттерінің өзі-ақ ұлы Абайға қазақтың классикалық әдебиетінің атасы деген, қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі деген атақты бергізе алады дейміз» [1, 13 б.] деп Абайдың қазақ әдебиеті тарихындағы орнын нақты белгілеп берді.

Абай мұрасын Ресей жұртшылығына бірінші болып танытқан және Абайдың бірінші өмірбаянын жазған Алаш көсемі, жазушы, ғалым, публицист Әлихан Бөкейханов болатын. ХХ ғасырдың басында белгілі жиһанкез, ғалым П.П.Семенов-Тянь-Шанский мен академик В.И.Ламанскийдің редакциясымен «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты көптомдық басылым шыққан еді. Міне сол көптомдықтың «Киргизский край» атты 18-томы қазақ тарихына арналып, оны жазуға бір топ орыс ғалымдарымен бірге Ә.Н.Бөкейханов та қатысады.

Осы томның «Население» деген бөлімін ол орыстың белгілі өлкетанушы, тарихшы, этнограф-ғалымы Александр Никитич Седельниковпен (1876-1919) бірге жазған екен. Бұл ғалым Батыс-Сібір мен Шығыс Қазақстанды зерттеуші Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімшесінің мүшесі ретінде қазақ даласына бірнеше рет саяхат жасап, жергілікті халықтан қазақ ертегілері мен аңыздарын жазып алды. Осы кітаптың 18-томындағы қазақтар туралы тарауды Ә. Бөкейхановпен бірге жазуға қатысып, Абайдың ақындық таланты туралы орыс ғалымдары арасында тұңғыш рет сөз қозғап, жоғары баға берді, Абай шығармаларын орыс тіліне аударуға көп күш-жігерін жұмсады.

Жоғарыда аталған кітаптың «Распределение населения Киргизского края по территории, его этнографический состав, быт и культура» деп аталған 5-тарауының қазақ мәдениетін баяндаған бөлігінде: «Наконец, как представителя нового течения в киргизской поэзии, следует назвать Кномбая (в Семипалатинском у.) – автора многих стихотворений, изящных по форме и поэтических по содержанию (особенно описания природы). Этому же автору принадлежат хорошие переводы «Евгения Онегина» и многих стихотворений Лермонтова (который оказался наиболее понятным для киргиз). Таким образом у семипалатинских «оленгчи» (певцов) можно слышать, напр., «Письмо Татьяны», распеваемое, конечно, на свой мотив» [2, 87 б.] деп Абайға ерекше тоқталады. Бұл тұста Құнанбай деп басылуы орыс редакторының қазақ тілін білмеуінен болуы мүмкін. Қалай дегенмен де Абай мұрасы мен Алаш қайраткерлерінің еңбектерін тыңғылықты зерттеген ғалым Қайым Мұхамедханов дөп басып жазғандай: «Абайды көзі тірісінде оны орыстың оқырман қауымына тұңғыш рет таныстырған адам – Әлихан Бөкейханов» [3, 115 б.]. 1904 жылы Абай қайтыс болғаннан кейін ол ақын қазасына байланысты оның өмірбаянын орыс тілінде жазып, қазіргі Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарына кеңінен тарап, Семей қаласында шыққан «Семипалатинский листок» атты газетте 1905 жылы «Абай (Ибрагим) Кунанбаев (некролог)» атты қазанама-мақала жариялайды.

Екі жыл өткен соң, 1907 жылы Ә.Бөкейхановтың бұл мақаласы «Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического общества» атты ғылыми басылымда Абайдың суретімен бірге жарық көрді. Ал бұл басылымның Санкт-Петербургтегі Орыс географиялық қоғамының бір журналы екенін ескерсек, ақын даңқы бүкіл Ресейге танылғанын байқаймыз.

Ә.Бөкейханов осы мақаласында: «Егер 80-жылдары өлең туралы көзқарасын мүлдем өзгертпегенде, өзінің ұлы дарынын көрсете алмай дүние салған болар еді. Сол жылдары «Қазақтардың заңдық әдет-ғұрпы» туралы қырдан дерек жинап, кейін Маковецкий және Михаэлис мырзаның редакциясымен жарық көрген кітапшаға материал іздестіріп жүрген саяси жер аударылушы Гросс мырзамен танысты. Гросс пен Михаэлис екеуі де Абай ауылында қонақта болып, оны орыс әдебиетімен таныстырды. Солардың ықпалымен Абай Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писаревтің творчествосымен танысты. Абай өзінің өмірінің соңғы сәтіне дейін Михаэлисті ерекше ілтипатпен еске алып, «Дүниеге көзімді ашқанға үлкен себепкер болған кісі – Михаэлис» деп өзінің оған борыштар екендігін білдіретін. Соңынан Абай Спенсердің «Тәжірибелерін», Льюистің «Позитивті философиясын», Дрепердің «Европаның ақыл-ойының дамуын», Н. Г. Чернышевскийдің «Современник» кітаптарындағы мақалаларды оқыды және олардың тағдырымен жақсы таныс болды. Абай, әсіресе, Лермонтовтың шығармаларын сүйіп оқыды және «Ой», «Қанжар», «Дұға» т. б. өлеңдерін ден қоя аударды. Абай қазаққа түсінікті әрі пайдалы деп санаған Крыловтың көптеген мысалдарын тәржімалады.

Абай қазақ тіліне «Евгений Онегинді» аударды, оның ішінде аудармашының өзі ән шығарған «Татьянаның хаты» қырда үлкен сүйіспеншілікке бөленді. 1899 жылы Көкен болысының әнші қазағы Әділхан бізге «Татьянаның хатын» скрипкаға қосып орындады. Бізді таң қалдырғаны «Татьянаны қайдан білесің» дегенде, Әділхан өзін нұсқап қойып, орыстың өзі сияқты Пушкин деген ақыны болыпты, ол Татьяна сұлудың Онегин деген жігітті сүйгенін айтып хат жазғанын жырлайды. Сол кеште Әділхан бізге Абайдың Лермонтовтан аударған өлеңін әнмен айтып, сонымен қатар Лермонтов өмірге риза болмаған, ал Пушкин оған данышпанша қарады деп түсініктеме береді. Осы жолдардың авторы соңынан Абайдың Пушкин мен Лермонтовтан аударған өлеңдерін домбырамен қосып айтқан бірнеше ақындарды кездестіреді. Абай Толстой мен Салтыковтың талантына бас иді. Орыс мектептерінде оқитын қазақ балаларына арнап, қазақ балаларының парақор, ұлық, полиция чиновнигі болуға ұмтылатынын сықақ етіп, Толстой мен Щедриндей болуға меңзейді» деп орыс әдебиетімен танысу Абайға үлкен әсерін тигізгендігін, «қазақтың ұсақ-түйегінен аулақ, оқу мен өлеңге берілген қазақ ақыны болғандығын» [4, 90-91 бб.] айшықтады. Одан әрі Абайдың асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының

мақтаншы болғандығын ерекше атап өтіп, «Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Европаның атақты ақындарының қатарына қосар еді» [4, 93 б.] деп ақын талантына жоғары баға берді.

Осылайша, Абай мұрасы Әлихан Бөкейхановтың қажырлы қаламгерлігі арқасында Ресейдің ғылыми қауымына белгілі болды. Алаш көсемі Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағының 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көруіне де себепкер болып, үлкен жәрдем етті. Осы жинаққа алғаш пікір жазған аса көрнекті алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» мақаласы «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 23, 30 қарашадағы және 22 желтоқсандағы сандарында жарияланды.

Ахмет Байтұрсынұлы да Әлихан Бөкейхановтың Абай туралы ойларын жалғастыра келіп: «Абай әр түрлі Европа білім иелерінің кітаптарын оқыған. Тәржіма халін, жазушы Әлихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Льюис, Дрепер деген Европаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп оқыған» [5, 74 б.] деп ұлы ақынның тағылымдық мектебінің бір ұшын ашып көрсетеді.

Абай туралы Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұлынан кейін бағалы ой айтқан көрнекті алаш қайраткері Міржақып Дулатұлының «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 23 маусымдағы санында жарияланған «Абай» атты мақаласында: «1905 жылы «Семипалатинский листок» газетасында һәм онан кейін Семейдегі Географический Обществоның шығарған бір кітабында Әлихан Бөкейханов Абайдың тәржіма халін жазды һәм кешікпей кітабы да басылатынын білдіріп еді. Бірақ тез шықпады. 1909 жылы Абайдың балалары һәм інілерінің ризалығы һәм Әлиханның ыждаһатымен Абай кітабы Петербургте Бураганский баспаханасында басылып шықты» деп Ә.Бөкейхановтың Абай мұрасын Ресей жұртшылығына танытуда сіңірген еңбегін жоғары бағалайды да [6, 189-190], «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақты қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлки, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғары, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай» деп Абайды жаңа әдебиеттің биік шыңы ретінде көрсетіп, жоғары

орынға қояды, осы ойын орыс әдебиетіндегі Ломоносовтың баға жетпес рөлімен ұштастырады: «Орыста бірінші жазушы Ломоносов, бір балықшының баласы еді. Онан кейін сан жүйріктер шығып жатыр, сонда да орыс әдебиетінің тарихында бірінші орын, бас бәйге Ломоносовқа арнаулы. Неше жүз жылдан бері Ломоносовтың атын орыс халқы көңілінде һәм тілінде сақтап келеді, мұнан соң мың жылдар өтсе де, оған көрсетілген қадір, құрметтері артпаса, кему жоқ» дей келіп: «Біз де Абайға сол көзбен қарауға керек. Абайдың есімін, сөзін өте құрметтеп, ұмытпастай басына белгі орнатып, құрметіне ізге жайлар ашарға керек» деп Абай талантына үлкен құрметпен қарауға шақырады [6, 190-191].

Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш зиялылары Абайды осылай алғаш рет орыс қауымына мәшһүр етті. Ал ұлы ақын өмірі мен шығармашылығын Ресейде танып білу, шын мәнінде ұлы жазушы, ғалым М.О. Әуезовтің Абай шығармаларын толық жинақ етіп шығарған 1933 жылдан бастау алады десек қателеспейміз. Себебі ел өміріндегі осы елеулі оқиғадан кейін Қазақстанда ғана емес, бүкіл Кеңес Одағында, әсіресе Ресейде Абай шығармаларын жариялап зерттеу ісіне жете көңіл бөліне бастады. Бұл игі іс ұлы ақынның 100 жылдық мерейтойы тойланған 1945 жылдан кейін тіпті жандана түсті. Әрине, соғыстан кейінгі жылдары қазақ әдебиетінің шынайы жанашырлары болған К. Алтайский, Л. Соболев, З. Кедрин, М. Ритман-Фетисов сияқты көрнекті орыс қаламгерлерінің Абай туралы мақалалары жарық көргенімен ұлы ақын туралы жекелеген пікірлер Абайдың мерейтойлары мен қайтыс болған күніне байланысты және оның орыс тілінде шыққан жинақтары туралы шағын мақалалар түрінде жарияланды.

Кеңестік кезеңде Абай мұрасын зерттеу ісіне жете көңіл бөлген талантты орыс жазушысы Леонид Соболев (1898-1971) болатын. Ол алғаш рет 1935 жылы Қазақстанға келіп, Риддер металлургтері, Үлбі құрылысшылары, қазақ шопандарының тыныс-тіршілігі, Жамбыл шығармалары туралы жазылған мақалалары мен очерктерін баспасөзде жариялайды. 1937-45 жылдары М.О.Әуезовтің «Абай» романын А.Никольскаямен бірлесіп орыс тіліне аударды. Сонымен бірге Әуезовпен бірге «Қазақ әдебиеті тарихының очерктері», «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеулерді және «Абай» трагедиясының орыс тіліндегі нұсқасын жазды. 1940, 1945 жылдары Мәскеуде жарық көрген Абай жинақтарына көлемді кіріспе жазды. Осы жылдары басылып шыққан «Қазақ әдебиеті антологиясының» құрастырушысы әрі редакторы болды.

Қазақ әдебиетінің үлкен жанашыры болған Леонид Соболев «Абай Құнанбаев» атты зерттеуінде Абай өлеңдерінің сыршылдығын: «Весь этот громадный душевный мир отражен Абаем в стихах тем чудесным образом, когда чувствуется, что это подлинное искусство, когда стихи немногословны, но глубоки по содержанию» [7, 239 б.] деп атап көрсетіп, «Внешняя форма этого поэтического богатства оказалась для казахской поэзии той эпохи новой и необычной. Абай создал новые ритмы, новую строфику, порядок рифм, и этим заложил основу для развития родной поэзии. Новым было и то, что Абай первым начал переводить на родной язык Пушкина, Крылова, Лермонтова, а через него – Байрона и Гете. В условиях той зависимости от религиозной идеологии, в которой находилась тогда казахская литература, этот шаг Абая был поистине революционным» деп ақын поэзиясындағы тың өзгерістерге тоқталады да: «Несомненно, что прикосновение к богатствам русской классической литературы определило и духовный, поэтический рост самого Абая. Так же, как и в поэзии, Абай во всей своей просветительской и общественной деятельности настойчиво и устремленно проводил мысль о благотворности русской культуры» [7, 239-240 бб.] деген жолдар арқылы орыс әдебиетінің игі ықпалына назар аударады.

Абайдың терең сырлы, үлкен ойлы өлеңдері бүкіл елді таң қалдырып, оның есімі бүкіл сахараға әйгілі болғандығын, сөйтіп ақындардың алыбына айналғандығын: «Остались стихотворения Абая – стихотворения первого и до сих пор непревзойденного мастера казахской поэзии. Они живут в народе, их читают и поют во всех городах и аулах» [7, 241 б.] деп түйінді ойын айта келіп: «Поэзия Абая сроднила казахский народ с Пушкиным, а через него – и со всей русской литературой. Абай был первым, кто перевел (вернее, поэтически переложил) письмо Татьяны» [7, 241-242 бб.] деп Абайдың орыс әдебиетімен терең рухани байланысын ашып көрсетеді. Орыс жазушысының: «Абай поэзиясы қазақ халқын Пушкинмен таныстырып, Пушкин арқылы бүкіл орыс әдебиетімен таныстырды» деген осы құнды пікірі өз маңызын әлі жойған жоқ.

Абайдың ұлылығы өз халқының мұқтажы мен болашағын әрі дұрыс, әрі көрегендікпен ұға білуінде жатқандығын әдебиет сыншысы, ғалым Зоя Сергеевна Кедрина (1904-1992) өзінің Абай шығармашылығы туралы жазған «Өшпес сөз» атты мақаласында тереңнен ашып берді. «Придававший поэзии большое действительное значение, Абай прекрасно видел и понимал и ее эстетическую сущность» деп ақын поэзиясының

тәрбиелік мән-маңызын саралайды [7, 235 б.], ұлы ақын туралы көп жазылғандығын сөз ете келіп: «Но едва ли не самое полное и глубокое исследование великого поэта и его времени заключено в эпопее М.О. Ауэзова «Путь Абая». Знаменательно, что вместившее в себя всю нравственную жизнь своего народа творчество Абая стало главной основой романа М.О. Ауэзова, романа, вошедшего в сокровищницу мирового искусства и как бы открывшего миру истинное лицо талантливой народа. Народ породил Абая, своего просветителя и певца, Абай вдохновил Ауэзова на творческий подвиг – эпопею о жизни своего народа. И, как некогда Абай открыл казахской степи Пушкина, Ауэзов открыл Абая всему человечеству. Неразрывна эстафета бессмертного искусства в веках» деп Абай мен Мұхтар Әуезов арасындағы ұлылар үндестігіне бөле-жара тоқталу негізінде мәнді ой түйеді [7, 235-236 бб.].

Жалпы алғанда, кеңестік кезеңде ресейлік әдебиетшілердің Абай мұрасын зерттеулері, негізінен М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы мен осы шығармадағы Абай образы туралы пікірлеріне байланысты жүргізілгендігін атап өту қажет. Ал Абай мұрасын Ресей әдебиетшілерінің шынайы бағалауы еліміз тәуелсіздік алған тұста, әсіресе ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде аталған кезде айқын байқалды. Міне осы тұста бұрынғы кеңестік жүйе кезіндегі әдебиеттанудың бір жақты бағалау әдісінен арылған, жаңаша пайымдау тәсілдеріне сүйенген тың пікірлер қамтылған зерттеулер мен мақалалар жазылып, толымды пікірлер айтылды.

Әлем халықтарының рухани өміріндегі жарық жұлдыздарының бірі Абай екендігін жете бағалаған ЮНЕСКО халықаралық беделді ұйымы өз шешімімен 1995 жылды Абай жылы деп атады. Ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойын әлемдік деңгейде атап өту жеке тәуелсіз ел атанған халқымыз үшін үлкен абырой болды. Дүние жүзінің ұлы тұлғаларының тойлары жүз жылда бір рет аталып өтетінін ескерсек, бұл Қазақстанға көрсетілген үлкен құрмет еді. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей де белсене араласуының арқасында 1993 жылы ЮНЕСКО-ның 27-ші бас сессиясында Абайды әлемдік деңгейдегі даңқты адамдардың қатарына қосып, туғанына 150 жыл толғанын бүкіладамзаттық ортақ мерекеге айналдыру туралы туралы шешім қабылдануы біздің еліміздің жаңа тарихындағы жарқын бір белес болып тарихқа енді.

Ұлы ақынның осы әлемдік дүбірлі мерейтойына арналып еліміздің сол кездегі астанасы – Алматыдағы Республика сарайында өткен салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының

Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Бұл – бүкіл планетамыздың мәдени-рухани тынысын жүйелеп отырған аса беделді халықаралық ұйым – ЮНЕСКО-ның біздің жеке өтінішімізді ыстық ықыласпен қабылдап, мұндай шаруаның қалыптасқан жылтізбелік үрдісін алғаш рет бұзып, оны дүниежүзілік деңгейде өткізуді өзінің биік құзырына алуға шешім қабылдағанының арқасы. Біз бұны енді ғана тәуелсіздік алып, адамзат қауымдастығының тең құқылы мүшесі ретінде енді ғана санатқа кіре бастаған ежелгі халқымыз бен жас мемлекетімізге көрсетіліп отырған үлкен ықылас, биік саяси-рухани қолдау деп бағалаймыз» деген болатын [8, 8 б.].

ЮНЕСКО-ның сол жылдардағы Бас хатшысы Федерико Майор Абай мерейтойына ерекше мән беріп, өзінің құттықтау сөзінде: «Абай, будучи пророком, предвидел многие из фундаментальных идей ЮНЕСКО и ООН. Особенно знаменательно для ЮНЕСКО то, что в этом году, отмечая 50-летие принятия ее Конституции, она решила участвовать в праздновании 150-летия со дня рождения Абая Кунанбаева в соответствии с программой международных чествований больших личностей и событий, которые имеют универсальное влияние в своей сфере» [7, 120 б.] деп ЮНЕСКО-ның Абайдың туғанына 150 жыл толу мерекесін өз көлемінде халықаралық дәрежеде атап өтуге шешім қабылдауын оған көрсетілген құрмет ретінде атап өтті.

Беделді халықаралық ұйымның басшысы сол сөзінде ұлттың бітім-болмысын Абай Құнанбайұлынан артық қорғаушы да, қамқоршы да табылмайтындығын мәдениеттің тамыры әр алуан екендігімен түсіндіріп, оның араб, парсы, орыс және батыс ғұламаларының кәусар бұлақтарымен қатар түркі және қазақ салт-дәстүрлерінен нәр алғандығын: «Национальная самобытность не нашла лучшего защитника и покровителя, чем Абай Кунанбаев. Тем не менее, он понимал, что корни культуры – универсальны. Его собственный гений вдохновлен арабскими, персидскими, русскими и западными источниками, как и тюркскими и казахскими традициями. Абай приводит в гармонию язык национальной самобытности с языками многих культур. Вместе с Рабиндранатом Тагором он понимал, что «индивидуальность – драгоценна, потому что только через нее мы можем осознать всеобщее, универсальное» [7, 119 б.] деген ойларымен жалғастырып, оқу мен білім ол үшін адамзат прогресінің кілті болғандығына назар аударды.

Федерико Майор осы сөзінің бір тұсында: «Абай Кунанбаев – наш современник, а по диапазону и глубине своего таланта – человек любой эпохи. Поэт, философ, музыкант, ученый-просветитель, человек многих

других качеств, он говорит нам о необходимости целостности. Искусственное разделение искусства и жизни – не для него. Поэзия для него «не из мечты, а из правды», культура для него не есть нечто изолированное, она непосредственная материя нашего коллективного существования. Его собственная поэзия создана на богатейшем источнике казахского фольклора, на естественной красоте и ритмах степей. Ее общая тема – любовь, счастье, надежда, горе. Абай никогда бы не предполагал, в отличие от многих в сегодняшнем количественно определяемом и изолируемом мире специалистов, что рост экономики мог бы быть мерой человеческих свершений или что любая зрелая характеристика развития может игнорировать сущностное измерение культуры» деп Абайдың талант ерекшеліктерін әр қырынан аша келіп [7, 118-119 бб.], ЮНЕСКО-ның әлем жұртшылығының болашағы үшін, халықтар арасындағы ортақ келісімдердің баянды болу мақсатында мәдениеттің осы бір толағай тұлғасына, қазақ халқының кемеңгер ұлына әлем назарын аударуға ат салысуды үлкен мәртебе санайтындығын ерекше атап айтты. «ЮНЕСКО преисполнено удовольствия участвовать в представлении этого замечательного человека культуры, выдающегося гения казахского народа мировому сообществу, в укреплении взаимопонимания между народами, от которого зависит наше общее будущее» [9, 121 б.] деп бұл мерейтойдың әлемдік мәдениетке Абай рухын дарытудың жаңа нышаны, жақсы ұйтқысы болатындығына үлкен сенім білдірді.

Әлемдік ақыл-ойдың заңғар бір биігі Абайды дүние жүзінде таныту, оның мұрасы арқылы қазақ ұлтының рухани қасиетін айқындау мәселелері ұлы ойшыл, ақынның ЮНЕСКО шеңберінде өткен 150 жылдық мерейтойы тұсында осылайша әр қырынан дәлелденді.

Ақынның әлемнің көптеген елдерінде 150 жылдық мерейтойы кеңінен атап өтілген мерекелік шаралар мен ғылыми жиындарда Абайдың қазақтың жаңа жазба әдебиетінің көшбасшысы ретіндегі тұлғасы дараланып, оның поэтикалық, ғақлиялық мұрасы қазақ әдебиетінің тереңнен тартылған дәстүріне жаңаша сипат бергендігі, ойшыл сөз зергерінің өзіне дейінгі бас рухани мұрағатты игере отырып, Шығыс пен Батыстан тел сусындап, әдебиет пен ақындық өнерде соны соқпақ сала алғандығы жан-жақты сөз болды.

Ресейдің әдебиеттанушы, қоғамтанушы ғалымдары мен қаламгерлері қазақ ақынының мерейтойлық шаралары мен ғылыми конференцияларда сөйлеген сөздері мен баспасөзде жариялаған мақалаларында Абай мұрасының қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі шығармалардан түбегейлі

ерекшеленетіндігін әңгімелеп, ақынның жаңаша ойлау мен жаңа дүниетанымның негізін қалағандығын, сөйтіп қазақ ой-санасын ілгерілеткендігін пайымдады. Осы тұрғыда ресейлік әдебиетшілер кеңестік идеология тұсындағыдай Абай мұрасын біржақты бағаламай, әлемдік өркениетке ортақ мәдени құндылықтар биігінен қарастырды.

Еліміздің тәуелсіздік алған жылдары рухани құндылықтарды қайта қараумен бірге Ресей қаламгерлері де Абай шығармашылығын жаңаша бағалады. XX-XXI ғасырлар тоғысындағы жаңа Ресейдің жаңаша ойлаған жаңашыл әдебиетші ғалымдары мен жазушылары Абай мұрасына былайша тың баға берді: Абай өз шығармаларында адам үшін өмір сүру мен болмыстың жаңа принципін керектігін айта алды; ол жаңа дүниетанымды темірқазық етіп, өз заманының қайшылыққа толы табиғатын сынады, осыған байланысты оның нысанасына бірінші болып өз қандасы мен туған қоғамы ілікті және ақын осыларды сынау арқылы замандағы дүниетаным ағзасына түскен дертті дәл анықтай алды; келесі бір тұста Абай қоғамның ішкі даму, прогресс принципіне ден қойды, оның түсінігінде ғылым мен парасат – адамзат дамуының негізі, ақынның ойынша, кісі білім-ілімді бойына сіңіргенде ғана толық адам болып шығады, Абай сондай-ақ табиғат пен әлеумет құбылыстарының астарына терең үңіліп, қарама-қарсылыққа толы дамудың эволюциялық жолына зер салды.

Ресей әдебиетшілерінің Абай мұрасындағы келесі бір маңызды түйіні: Абай адам туралы өз түсінігін ғана қалыптастырып қоймай, нағыз адам туралы, оның мұраты жөнінде замандағы іргелі ойды айтты, дана ойшыл ақынның пайымынша, адамшылық мұратына жеткізетін нәрсе – шығармашылық ойлау; ақын томаға-тұйықтықты қоғамды кері кетіретін нәрсе деп қарады.

1995 жылы тамыз айының басында Алматыға әлемнің түкпір-түкпірінен белгілі ақын-жазушылар, әдебиеттанушы, тарихшы ғалымдар, қайраткерлер жиналып, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Абайдың 150 жылдық мерейтойына арнап өткізген мерекелік ғылыми сессиясында қазақ ақынының талант күдіреті туралы кеңінен әңгімеледі.

Халқының рухани деңгейі мен ауқымының өсуі мен өнуіне, жаңғыруы мен жаңалануына, мәдени-рухани өмірдегі сапалы, күрделі өзгерістерге халқын жетелеп көсемдік көрсеткен, соған өз ақыл-ой, парасат, данышпандығымен үлгі, негіз болған шынайы ренессанстық ірі тұлғалар да бар. Біздің тарихи санамызда Әл-Фараби, Ахмет Яссауи, Абылай, тағы басқа асылдарымыздың есімі осындай данышпандық,

кемеңгерлік үлгісімен мәңгі қалған. Ал Абай біздің халқымыздың болмысы мен рухын неғұрлым толық көрсететін, осы халықтың бойына жинаған рухани қазынасын барша әлемге анығырақ айқындайтын жеке-дара тұлға. Оның сөзі мен ісі бірнеше дәуірді басынан өткізсе де өзінің зор ғибраттық мәнін бүгінде жоғалтқан жоқ, уақыт өткен сайын жаңа қырларымен ашылып, әрбір жаңа ұрпаққа шапағатын шашуда. Абай шығармалары өткен дәуреннің ескілікті әңгімесі болып қалмай, күні бүгінге дейін рухани тіршілігімізді нұрландырып келе жатқан, көтерген мәселелері мен көрсеткен үлгі нұсқаларының мәні ешқандай кемімеген қасиетті мұра.

Ақын туындыларынан қоғам мұқтаждығын қаншалықты терең талдап, дәйекті ұлттық мұраға барар межелерді дәл айтып бергенін көріп қайран қалмасқа болмайды. Осы тұрғыдан оның замана көшін түзу жолға бастайтын ғұлама ойшылдығының, яғни хақімдігінің басым жатқанын көреміз. Абайдың көреген көзі мен қырағы ойы қазақтың асыл арманы мен асқақ мақсатының өрнегін құрды, олар қазіргі уақытта да күн тәртібінен түскен жоқ.

Абайдың қалдырған мұрасы бір халықтың шеңберінен асып, жаһандық деңгейге көтерілді, бүкіл адамзат құрметтейтін рухани қазыналар қатарына қосылды. Сондықтан да Абай біздің ұлттық мәдениетіміздің ұлы шыңы ғана емес, біздің рухани абызымыз да; туған халқының қоғамдық санасы мен болмысын түбегейлі өзгертулерге, ғасырлар бойы қалың ұйқыда жатқан елін оятуға, бүкіл адамзатқа тән құндылықтар мен игіліктерді игеруге шақырған, бәріміз тағзым ететін данагөй ұстаз.

Абай есімі өзінен кейінгі ұрпақтардың ризалық зердесінен ешқашанда өшкен емес. Абайтану деген ілім бар. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Әуезов айтқан терең пікірлерден бастап күні бүгінге дейін Абай мұрасы туралы ой толғамаған зиялы кем де кем.

Ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы қарсаңында абайтану ілімі жаңа бір серпіліспен дамыды десек қателеспеспіз. Отандық гуманитарлық ғылым өкілдері, абайтанушы-ғалымдар, жазушылар, басқа да зиялылардың қатысуымен көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді, ақын шығармалары басқа тілдерге аударылды, Ресейдің мәдениет қайраткерлері де осы ізгілікті іске кеңінен араласты. «Абай» энциклопедиясы тұңғыш рет басылып шықты.

Осы туындылардың негізгі арқауы – Абай қазақтың бас ақыны, әдебиетті әлемдік деңгейге көтерген алып суреткер. Ағылшын әдебиетінде Шекспир, французда Бальзак, немісте Гете, орыста Пушкин

қандай орын алса, қазақ халқы үшін Абай да солардың деңгейінде тұрады. Сондай-ақ Абай арғы жағы сонау Рудаки мен Фирдоусиден басталып, Сағди, Хафиз, Науаи, Физули, Мақтымқұлымен жалғасатын Шығыстың ұлы ойшыл шайырларымен де иін тірестіреді. Және ол қоғам мен тарихқа жаңа көзқарас қалыптастырған, үш өркениеттің рухани мұраларының басын қоса, игере білген, өз қандастары арасында ой тереңдігі мен ауқымдығы жағынан оған теңдесер жан жоқ.

Ақын мерейтойына арнайы шақырылған ресейлік әдебиеттанушы-ғалымдар мен жазушылар да осы тұжырымдарға толық қосылып, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Абайдың 150 жылдық мерейтойына арнап өткізген мерекелік ғылыми сессиясында Абайдың ақындық, ойшылдық қасиетін әлем тарихы контекстінде сөз етті.

Осы мерекелік ғылыми сессияда сөйлеген Башқұртстанның халық жазушысы Мұстай Кәрім башқұрттар үшін қазақ жазба поэзиясының алғашқы хабаршысы, алғашқы дауысы Абай Құнанбаев болғандығы туралы сөз қозғап, оның өздері үшін қазақтың ішкі жан-дүниесін бірінші боп ашқандығын, башқұрттың көрнекті ақындары аударған Абай өлеңдері башқұрт халқының рухани тұрмысының бір бөлшегіне айналғандығын үлкен мақтаныш сезіммен айтты: «Ол сіздің Абай. Ол Адамзаттың Абайы. Абай тек қана ұлттық әдебиеттің ғана емес, бүкіл әлемдік әдебиеттің шыңынан көрінген адам, ал шындар алыстан көрінеді және өзіне тартып тұрады. Шығыстан Батысқа дейінгі созылып жатқан аралықты шындар өздері де алыстан көреді» деп ұлы ақын талантын әспеттеді [10, 17 б.]. Сөзінің соңын: «Абай интеллектісінің қуаттылығына, жан-дүниесінің кеңдігі және поэтикалық қиялының шексіздігі мен тереңдігіне еріксіз таң қаласың. Ол Шығыс, Батыс және орыс мәдениетімен тығыз байланыста болды. Ол орыс тілін әлемдік өркениеттің құпиясының кілті деп санады. Бұл аса елеулі нәрсе, біз бұл туралы ешқашан ұмытпауымыз керек» деп Абай күдіретін әлемдік өркениет құндылықтарымен тығыз ұштастыра қорытындылаған болатын.

Санкт-Петербург университетінің профессоры С.Г.Кляшторный осы сессияда «XIX ғасырдағы үш қазақ ағартушысы – қазақ-орыс мәдени тоғысының үш кезеңі» деген тақырыпта жасаған баяндамасын қазақ халқының мәдениеті мен оқу-білімі тарихында айрықша орын алатын үш ұлы есім, үш ерек тұлға – Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы мұрасының маңызын ескере отырып, сол кездегі Қазақстанның үш ұлы қайраткерінің бір ғасырдың түрлі кезеңінде

өздерінің өмірлік һәм патриоттық міндеттерін қалай түсінгенін пайымдап, шығармашылығының ең маңызды жағы – ағартушылығын айтқан кезде бұлардың үшеуі де дәстүрлі қазақ мәдениетінің, қазақ және онымен көршілес халықтардың мәдени-тарихи мұрасының жинаушысы мен зерттеушісі, насихаттаушысы болғанын ұмытуға болмайтындығын және де олардың қайраткерлігінде ең басты нәрсе ағартушылық болғандығын, бұл ретте ағартушылықтың қазақтарға Ресейге, орыс тіліне қатысты ғана емес, орыс тілі арқылы орыс және әлемдік мәдениетті таныстыру және керісінше орыстарды қазақ мәдениетімен таныстыру міндеті болғандығын еске салады.

С.Г.Кляшторный Абай ағартушылығын оның мұрасын байланыстырып сөз еткенде: «Қазақ ағартушыларының қатарында Абай несімен ерекше? Ең алдымен – адамгершілік, рухани тазару және тәрбие міндеттерін маңдай орынға қойғандығымен. Оны «қазақтың бас ақыны» (А.Байтұрсыновтың сөзі) еткен ақындық дарынының бар күші, ағартушылығының бар қуаты тікелей һәм жанама осы міндетті орындауға бағышталды. Абай өз айналасынан надандықты, рухани мешелдікті, адам табиғатына тән жиіркенішті қылықтарды көп көрді. Рухани азғындықты ауыздықтаудың жолын, жақсылық пен ақыл-сезімнің салтанатын Абай еңбек пен оқудан көрді. Және Абай оның өзі білген және қадірлеген, орыс шаруалары мен шеберлері әкелген тұрмыс пен еңбекті меңгеруде, орыс, яғни европалық білімде деп білді. Діндар, өзі медресе оқыған Абай мұсылмандық мектебін болашақтың жолы деп санаған жоқ» дей келіп [10, 28 б.], адамзаттың бәрін бірдей сүюді өсиет еткен Абайдың сол кездегі қазақ даласына ең алдыңғы қатарлы мәдениетті әкелушілер қатарында орыстарды айрықша бағалағандығына көңіл бөледі. Ең соңында қазақ халқының үш ағартушысы – Шоқан, Ыбырай, Абайлардың өмірі мысалында қазақ ағартушылығының, қазақ-орыс мәдени тоғысының үш кезеңін былайша белгілейді:

а) Ресейге һәм әлемге қазақ халқын таныстыру және қазақтардың өзіне-өзін таныту кезеңі;

ә) қазақ ортасына ұлттық және орыстық дүние араласқан, Алтынсариннің «Қырғызша хрестоматиясы» мен қазақ балалары үшін орыс тілін үйренуге арналған оқу құралы қамтылған жаңа білім жүйесін енгізу кезеңі;

б) Соңғы кезең, ғылыми ағартушылық пен адамгершілік тәрбиесі, рухани түлеу, жан тазалығы мәселелері ұштастырылған Абай кезеңі. Осы тұжырымы негізінде: «Абайдың бұл тағылымы – барлық халықтар үшін мәңгілік сабақ болар деп ойлаймын» деп ой түйеді [10, 29 б.].

Ресей Ғылым академиясы М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының директоры болған белгілі әдебиеттанушы-ғалым, РФА корреспондент-мүшесі Ф.Ф.Кузнецов Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Абайдың 150 жылдық мерейтойына арнап өткізген мерекелік ғылыми сессиясында жасаған «Абай және орыс әдебиеті» атты баяндамасында Абайдың рухани әлемінің үш түрлі қайнар көзін: біріншісі – халық әдебиеті, яғни қазақ халқының ұлттық ауыз әдебиетінің бай мұрасы, Абайға дейінгі жазба әдебиетінің негіздері, екінші – ұлы шығыс әдебиеті, Шығыстың классикалық поэзиясы. Ғажайып, таңқаларлық құбылыс, ол шығыс тілін өздігінен үйренді. Фирдоуси, Низами, Саади, Физула, Хафиз және басқалардың шығармаларын түпнұсқадан оқыды. Білімпаздықтың қасиетін бойына жинақтады, үшінші негізі – бұл орыс әдебиеті, ол арқылы дүниежүзі әдебиетін меңгерді деп атап көрсете келіп, Абай сусындаған осы бұлақтың соңғы негізіне жан-жақты тоқталды, «Бәрімізге мәлім Абай ғана қазақ халқын орыс әдебиетімен таныстырудың алғашқы бақытына ие болды. Ол бірінші болып Пушкинді, Лермонтовты, Крыловты қазақ тілінде сөйлетті» деп Абайдың қазақ-орыс әдеби байланыстарындағы рөлін нақты көрсете келіп: «Абай қазақ халқы мен орыс халқы достығын жақтаушы болды. Ол өз балаларын орыс мектебіне берді, өзінің даналық сөздерінде, еңбектерінде «Бүкіл ғылым да, өнер де орыстың тілінде» деп атап көрсетіп орыстың тұрмысын танып білу үшін, пиғыл-пайымын тану үшін оның тілін білу керек екендігін айтты. Орыстар әлем мәдениетіндегі өзге тілдерді біле отырып, осылай болып қалыптасты. Орыс тілі біздің әлемді тануымызға көпір бола алады, негізгі кілті ролін атқара алады. Бұл айтылған ойлар орыс және қазақ халықтарының ұлттық астамшылық пен ұлттық оқшаулану дертімен улануынан сақтандырады. Дүниежүзілік мәдениетпен бірігуге үндейтін бұл шақыруда биік парасат бар. Бүгінгідей ұлт араздығы мен келіспеушілік бой көрсетіп қалып жатқан қиын ғасырымызда Абай негізін салған, өсиет-өнегесімен нұсқап кеткен жолы орыс халқына да, қазақ халқына да айнытпас бағдар бола алады» деген түйінді ой жасады [10, 31 б.].

Абай мұраларының татар әлемінде танылуын кеңінен әңгімелеген татар ғалымы, академик Ф.М.Мусин осы сессияда жасаған баяндамасында: «Абай ұлы суреткер-ойшыл тұлға ретінде, қай халыққа болсын жат саналмайтын мәселелер мен мақсат-міндеттерді, ұлт-аралық мәні мен маңызы бар ой-пікірлерді қозғады, әсіресе, бауырлас түрік тілдес халықтарға ортақ проблемаларды алға тартты. Бұл тұрғысында ұлы Абай аса көрнекті түрік әдебиетінің қазіргі тұлғалары Ахундов,

Исхаки, Махтумкулы, Мүкими, Сабир, Тоқай және басқа ойшыл ақындармен үндеседі. Бұл қаламгерлер, бір жағынан, терең тамырлы ұлттық топырақтан тоғысады да, екінші жағынан, түрік әлемінің тұтас бірлігіне ұмтылушы тұлғалар ретінде, ұлтжандылықтың қайнар бұлағы болды. Мұндай идеялық қуат-күшке ие бола отырып, біздің әдебиетіміздің, жалпы мәдениетіміздің тоғысуына, рухани-эстетикалық құнарлы топырақтан тамыр тартуға ықпал жасады. Сондықтан да бұл тұлғалардың әрқайсысы әдебиетіміздің проблемаларын жан-жақты ашып, кемелдікке көтеруге, талдауға толық негіз бола алады» деп ой толғап, Абай мұраларын жаңа заман талаптары тұрғысынан объективті түрде зерттеп оқуға, жаңаша бажайлауға, бұрынғы кездегідей емес, басқаша, яғни жаңа тұрпатты бағалауды қажет етуге жұртшылық назарын аударды [10, 33 б.].

Татар ғалымы осы мазмұнды баяндамасында: «Түп тамыры қазақы және бір жағынан жалпы адамзатқа ортақ көркемдік қымбат қасиеттерді жырлаған Абай мұралары қазіргі жаңаша өзгеріп жатқан әдеби ғылымда және жалпы қоғамдық ғылымда өз бағасын ала отырып, оның өркендеуіне де қоян-қолтық араласуы қажет. Әдебиетті зерттеудің жаңа принципі мен позициясын айқындай түсуге тиіспіз. Бір жағынан, әлемдік өнердегі өзінше, ерекше құбылыс ретінде, ұлттық тәуелсіздік тұрғысында зерттеу мәселелері алда тұр. Алайда, октябрь төңкерісінен кейінгі жылдары да, әр түрлі ұлттық әдебиеттен, өзіндік әдет-ғұрпы, тәжіриесі бар, бірақ бір идеологияға қызмет ететін бірегей әдебиет жасау талабы алға қойылғаны белгілі. Өзін-өзі ақтамаған, күшпен енгізілген бұл принцип ауыр да, жаралы із қалдырды, тіпті, кейбір ұлттар әдебиеті өзінің бет-бағдарын жоғалта бастады. Міне, сондықтан да кеңес өкіметі уақытында біздерде интернационализм жөнінде ауызбен көп айтылатын да, нақты іске келгенде, кейбір ұлттар әдебиетінің тағдыры, өнердегі ұлттық ерекшелік жайында аз сөз болатын. Енді ұлт ретінде, әдебиетіміздің өткені мен бүгінгісін және ертеңі туралы кеңінен сөз ету бостандығы тиіп отыр. Осы бір қарапайым да, күрделі іс барысында Абай сынды ұлы ғұламалардың мұралары өзіндік баға беретін фактор мен зерттеу кілті болуы мүмкін» деп абайтану мәселелерін ғана емес, ұлттар әдебиетін жаңаша бағамдауды алға қойды [10, 34-35 бб.]. Сонымен бірге ол түрік тектес халықтар әдебиеті тарихын зерттеп және оқытуға жете мән беру қажеттігін айтып, бұл бір жағынан, туысқан халықтардың бауырласуын, мәдениеті мен әдебиетінің жақындасуын жүрегімен жақтаған «барша түрік әлемінің

ұлы ойшылы, қайраткер ғұламасы Абай Құнанбайұлы алдындағы біздің өтеген парасатты парызымыз болар еді» деген тілегін білдірді.

Ал ресейлік тағы бір ғалым, Санкт-Петербург университетінің профессоры Т.И.Сұлтанов осы сессияда жасаған баяндамасының негізгі өзегін Абай мұрасы мен әдеби шығармаларының танымдық белгілеріне арнап, түпнұсқа тізімінің және оны көшіріп жазудың көп болуына, цитаталардың жиі еске алынуына, аудармаларына, хронологиялық-географиялық шығу тегіне, кейінгі авторлардың еліктеуіне т.с.с. белгілеріне қарағанда, бүкіл Қазақстан көлеміне кеңінен таралған, ақындық жанрлар ішінде әйгілісі, Абай Құнанбайұлының шығармалары болғандығын тілге тиек етті. Абайдың әдеби мұрасының белгілі бөлігі орыс және бұрынғы Кеңес Одағының басқа халықтарының тіліне аударылып, әр жылы, әр баспадан бірнеше өлеңдер жинағы, поэмалары, қара сөздері шыққанда аудару ісіне Ресейдің көптеген ақын-жазушылары қатысқан осы шығармалардың әдеби байланыстардағы маңызында талас жоқ екендігін айта келіп, осы аудармалардың бәрінің прозалық жолма-жол сөздікпен аударылғандығына қынжылыс білдіреді.

Студенттік кезде өзінің де Абай өлеңдерін орыс тіліне аудауға талаптанғандығын айта келіп: «Өзім аударған Абай өлеңдерін В.А.Рожественскийдің, С.В.Ботвиниктің, В.Г.Косаткиннің орыс тілінде өңдеуден өткізгеннен кейін оқығанда мен таңғалдым. Иә, ақындық техниканы шебер меңгергендері айқын көрініп тұрды. Сонымен қатар аудармада аздаған дәлсіздіктер, аппликациялар мен ақынның әр түрлі еркіндігі де сезілді. Сол күндерден бүгінге дейін менің көзім мынаған анық жетті, кез-келген аудармашы түпнұсқа тілін міндетті түрде білуі керек. Тек қана түпнұсқа тілін жақсы білетін ақын-аудармашы сол халықтың мәдениеті мен әдебиетін, түпнұсқаның көркемдік стилін өз талантының өлшеміне сай дәлдікпен анықтап бере алады» деп Абай шығармаларын орыс тіліне дұрыс, кәсіби деңгейде аудару мәселесін көтеріп [10, 48 б.], бұл тарапта орта ғасырлардағы түркі ақындарының шығармаларын орыс тіліне аударудың тамаша үлгілерін көрсеткен ірі түркітанушы-ғалым, ақын-аудармашы, Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің профессоры Сергей Николаевич Ивановтың XI ғасырдағы түркілердің ұлы ойшыл ақыны Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» этика-дидактикалық поэмасын, әлемге әйгілі ақын Әлішер Науаидың шығармаларын, түркімен ақыны Махтумкулидің және басқа да түркі дүниесінің белгілі ақындарының шығармаларын түпнұсқадан орыс тіліне дәлме-дәл, сөзі мен ойын бір жерден шығарып аударуын үлгі-өнеге етеді.

Профессор Т.И.Сұлтанов баяндамасының ең маңызды қорытындысы: «Енді тек болашақта қазақ және орыс әдеби тілін жетік меңгерген, аудармашылық тәжірибесі мол, ақын-аудармашы кездесіп Абай еңбектерін Пушкин тіліне түпнұсқадан аудару жұмысын қолға алады деп сенеміз. Сонда әрбір қазақ мойындаған Абай ұлылығы миллиондаған орыс тілді оқырмандарға да түсінікті болады» [10, 49-50 б.]. Бұл қазақ әдебиеттану ғылымында болсын, абайтану ілімінде болсын, Абайды өзге халықтарға танытуда ұстанатын басты қағида болатын, Абай шығармаларын орыс және басқа тілдерге аудару ісіндегі негізгі тұжырым да, әдіс те болуы тиіс.

Әрине, бұл тақырыпты қозғағанда, көбіне Абайдың шығыс классиктерімен шығармашылық байланысы, орыс классиктері мен батыс-европалық ақындар шығармалырынан аудармалары жайында айтылады. Абайдың ежелгі антика философтарының, шығыс халықтарының ақындары мен ойшылдарының шығармалырымен, орыс және европа қоғамдық ойының, әдебиет пен мәдениеттің өкілдерімен таныстығына көңіл бөлінеді. Осыған орай Абай шығыс мәдениеті мен философиялық ойларының жетістіктерін қандай шамада қабылдады деген сияқты сауалдар алға тартылды, орыс классиктері мен Абай шығармаларының кейбір тақырып сарындарының үндестігі атап көрсетілді.

Осыған сәйкес көптеген авторлардың Абайдың өз шығармаларын орыс, тағы да басқа тілдерге аударуға қатысты жайлар да еніп кетеді. Бұған қазақ классигінің шығармаларын кең насихаттайтын таяу және алыс шетел халықтарының тілдеріндегі әр түрлі мақалалар мен еңбектерді де жатқызуға болады. Осы және осыған ұқсас проблемалардың ерекше маңызды екендігі белгілі, алайда барлық мәселе олардың қаншалықты мұқият әрі дәлелді түсіндірілуінде.

Жалпы алғанда, бұл тақырыпты меңгеруде Абай шығармашылығының дүние жүзілік мәнін ашуға, оның әлем әдебиетіне қосқан үлесінің құндылығына аса қырағылықпен зейін қойылуы керек. Десек те бұл мәселені кеңірек түсіндіру үшін алдын ала бір талай зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет екендігі түсінікті, яғни Абайдың өмірі мен шығармашылығын оқып білу жоғары деңгейге жеткен бүгінгі таңда ғана бұл міндетке шыншап кірісуге мүмкіндік туды.

Бірақ қиындық мынада, дүние жүзілік әдеби процесс пен ұлттық тарихи-әдеби процесті әлемдік әдебиет пен мәдениеттің дамуы шеңберінде алып зерттеу мен баяндап айтудың методологиялық принциптері әлі толық жетілмеген. Әр түрлі құрлықтар мен халықтар

әдебиетінің өзара қатынасы мен ықпалын зерттеудің байырғы әдістемелік қағидаларынан біз көпшілігінде бас тартуға мәжбүр болдық. Өйткені олардың кемшіліктерін айқын көріп отырмыз. Ал барынша жетілген жаңа қағидалар әлі қалыптасқан жоқ. Қайткенмен де біздің әдебиеттануымызда бұл тұрғыда құнды да тәуір тәжірибе бар, оны бағалай білу керек.

Абайдың шығармашылық мұрасын жалпы түркілік әдеби-мәдени контексте зерттеп тануға шын мәнінде енді ғана кірістік. Өйткені бұған дейін негізінен алғашқы барлау түріндегі жұмыстар ғана атқарылды. Түркі халықтарының ақындық өнері мен әдебиетінің тамырластығын ұғыну қазір осы заманғы тарихи-әдеби процестерді барынша шынайы танытатын түсініктермен сәйкес келуі тиіс.

Егер Абай шығармашылығын әлемдік әдебиет контексінде алып зерттеп тану, ұғыну жайын сөз етсек, бұл жауапты да күрделі міндет. Өйткені күні бүгінге дейін қазақ әдебиеті әлемдік тарихи-әдеби көне күллі мәдени үрдіске қатысты терең зерттелген жоқ. Іс жүзінде мұндай міндет қойылмайды. Қазақстан өз тәуелсіздігін алған қазіргі кезде ғана бұл мәселе айрықша маңызды болып отыр. Әрине, бұл тұрғыда жекелеген құнды пайымдаулар мен топшылаулар айтылып келді. Бірақ біз қазақ әдебиетінің тарихы мен қазіргі даму барысын әлемдік әдеби процесс контексінде, ежелден мәдени дәстүрі ұқсас халықтардың әдебиетімен өзара қатынаста алып, тыңғылықты да терең зерттеп, ұғындыру жайын қозғап отырмыз.

Бүгінгі таңда Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін дүние жүзілік қоғамдастықтағы өзінің орнын анықтау, сондай-ақ әлемдік көркем процестің даму контексінде өзінің әдебиеті мен мәдениетінің ұлттық ерекшеліктерін терең ұғыну аса маңызды екені күмән тудырмаса керек.

Абайдың ұлттық мәдениет шеңберінде шектеліп қалмағандығы, өзге халықтардың әдебиеті мен мәдениетіндегі жетістіктерді жіті қадағалап отырғандығы, жалпы адамзаттық рухани құндылықтарды қабылдауға қабілетті болғандығы туралы айтқанда біз осы тарауда Ресей әдебиетшілерінің Абай мұрасын бағалау жайына біршама тоқталғандай болдық. Ресейлік зерттеушілердің Абай туралы пайымдауларынан байқағанымыз: Абай өзінің шығармашылық ізденістерінде Пушкин, Лермонтов, Крылов, Некрасов, Белинский, Чернышевский, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Лев Толстой сияқты орыстың көркем сөз шеберлері мен ойшылдарының өнегесінен тағылым ала білді. Ол классиктермен қатар Я.П.Полонский, И.А.Бунин сияқты өзімен замандас ақындарды да зейін қоя оқыды. Абай орыс жазушыларының шығармалары үстем

таптың өктемдігі мен зорлығына, надандық пен мешеулікке қарсы күресте, ағартушылық пен халық мүддесі үшін күресте өткір құрал екенін жақсы түсінді. Орыс әдебиеті арқылы Абай дүниежүзі әдебиетінің реалистік дәстүрлерін меңгере білді.

Орыс поэзиясын терең түсінген Абай Пушкин, Лермонтов, Крыловтың бірталай шығармаларын аударды. Әсіресе, Пушкиннің «Евгений Онегині» Абайды аса қызықтырды. Абай Лермонтовпен шығармаларындағы кейбір тақырып-сарындарының үндестігі жағынан жақындық, жалғастық танытады. Лермонтовтың өмір жайлы толғаныстары, «жанды ауыртып, жүректі сыздататын» (Белинский) сауалдары Абай көкейінен орын тапты. Соның нәтижесінде әдемі, әсерлі аудармалар дүниеге келді. Абай сатирасының тақырып аясын Крыловтан аударған шығармалар кеңейте түсті. Олар демократиялық көне реалистік тұрғыда жазылған бір қатар тақырыптарды енгізді.

Ресей әдебиетінің көрнекті өкілдері Леонид Соболев, Зоя Кедрина, Башқұртстанның халық жазушысы Мұстай Кәрім және басқалардың жекелеген пікірлерінен олардың Абай тұлғасының маңызын түсінуі мен бағалауы, қазақтың ойшыл ақынының шығармаларынан алған әсерлері аңғарылады. Сондай-ақ көптеген ресейлік әдебиет зерттеушілері өздерінің ғылыми мақалалары мен зерттеулерінде Абай шығармаларына көңіл аударарлықтай талдау жасаған. Әйтсе де Абай шығараларының түрлі елдердің әдебиет қайраткерлерінің тарапынан берілген бағалы пікірлерге қатысты және басқа ұлттар арасында қабылдануына байланысты мәселелер әлі де өз зерттеушілерін күтуде. Қазақстанның мәдени қатынастары нығая түскен бүгінгі таңда Абай шығармалары аударылатын аясы да кеңейе түсетіні күмәнсіз. Осыған орай қалың оқырман қауыммен бірге Ресей әдебиетшілерінің де Абайға деген ынта-ықыласы арта түседі.

Ұлттық ғылым академиясының ұйымдастыруымен Абайдың туғанына 150 жыл толуына байланысты өткізген осы ғылыми сессияға әлемнің жиырма екі мемлекетінің өкілдері, бүкіл әлемдік ұйымдар, соның ішінде, Біріккен ұлттар ұйымы, ЮНЕСКО және тағы басқалар қатысқан екен. Шет мемлекеттерден келген елуден аса ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің ішінен он жетісі, соның жартысына жуығы Ресей әдебиетшілері, сессия мінберінен сөз сөйлеп, өз ойларын мен толғаныстарын ортаға салды. Абайдың рухани мұрасына арналған бір жарым күндік сессияны тек қазақ жеріндегі мереке емес, бүкіл әлемдік ғылыми конференция деп атауға толық хақымыз бар және бұл салиқалы

ғылыми форум абайтануға Абайдың бай шығармашылық мұрасын оқыту мен таратуда өзіндік ерекше үлес қосты деуге толық негіз бар.

Абайдың мерейтойына арналып Алматыда өткен салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Абайдың айтуынша, адамның бақытты болуы үшін, оның ынтасы мен сол ынтаның мақсатына жетуіне былайғы жұрттың ықыласы керек. «Достықты достық шақырады», – дейтіні де тегіннен-тегін емес, сондықтан да ол ұлттық бүтіндік, ішкі татулық, уыздай ұйыған ынтымақты көп аңсады. Ал халық дегеніне жету үшін оған да өзін қоршаған ортамен дәл сондай ынтымақ пен ықпалдастық керек. Бұл біздің бүгінгі таңда тағдырымызды шешетін ең басты тарихи факторлардың бірі. Біз де бүгін ұлт ішілік татуластыққа да, ұлтаралық татуластыққа да, мәдениет арасындағы сабақтастыққа да Абайша қарап, абайша қастерлеуге ерекше мән береміз... Ендеше Абай өнегесі әрдайым көз алдымызда болғай. Қай ісіміз де Абай армандаған биіктен көріне білгей» деп Абай өнегесінен тәлім алуға үндеген болатын [8, 54-55, 58 б.].

2008 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Николай Анастасьевтің қаламынан шыққан «Абай» кітабы Мәскеуде жарық көрді. Орыс қаламгері осылайша қазақтың ұлы Абайын әлемге әйгілеуге ат салысты. Қазақ қоғамы үшін құндылығы мол бұл кітаптың әлемдік ой алыптарының ғұмырлық белестерінен сыр шертетін «Өнегелі адамдар өмірі» сериясы бойынша жарық көруінің өзі көп нәрсені аңғартса керек.

Әлемде теңдесі жоқ «Өнегелі адамдар өмірі» сериясы сияқты жобадан қазақтың бас ақыны Абай атамыздың ойып орын алуы біздің рухани, мәдени өміріміздегі айтулы оқиға дей аламыз. Абайдың осы сериямен шыққан әлемнің ақыл-ой алыптарының қатарында тұруы, оған өз дәрежесіне лайық кітаптың жазылуы бүгінгі ұрпақтың парызы болса, сол арман орындалғандай болды. Кітап авторы да бұл тақырыпқа сондай бір үлкен жүрекпен келгенін, Абай арқылы қазақ халқының ұлылығын, данышпандығын дүние жүзі мойындағанын айтқан еді. Нақты деректерге сүйене отырып ұлы ақынның деректік, танымдық, құжатнамалық қасиеттерін сөйлеткен Николай Анастасьевтің бұл еңбегі қалай дегенде де абайтануға қосылған елеулі бір үлес деп айтуға болады.

Әрине, Николай Анастасьев қазаққа Абайдың кім екенін үйрете алмас, бірақ бүгінде ілуде біреуі ғана білетін Абайды Ресей зиялы қауымының жаңа буынына жеткізу үшін ол барлық күш-жігерін салып

жұмыс істеді. Ол Абайды біз білетін Гете, Байрон, Шиллер, Пушкин, Лермонтовтармен ғана емес, Еуропа жұртшылығы түгел мойындаған Монтень, Паскаль, Кьеркегорлармен шендестіре талдап, қазақ кеменгерінің парасат деңгейін солармен қатар қойды. Автор «Абай» атты кітабында ұлы ақынды адамзат тарихындағы өзге де дара туған ойшылдармен салыстыра отырып, олардың үндестігі мен ойларының ұқсастықтары бағытында зерттей алды. «Поэтизация быта, самых примелькавшихся, самых обычных и повседневных его примет – вот что, наверное, сразу бросается в глаза при вхождении в мир Абая. Это аульный мир, его населяет пестрый степной люд – богачи-баи, бедняки-шаруа, управители, волостные, муллы, барымтачи-конокрады, кого только нет. И речь здесь слышится своя, и события происходят не в чужедальних краях, и пластический, материально-точный образ этих событий тоже узнаваем и привычен глазу. Словом, и впрямь, как не раз и не два сказано и доказано документально, по стихам Абая можно восстанавливать реальную жизнь степного края на протяжении примерно полувекового ее кочевья» [11, 284 б.] деп Абайдың тұлғалық болмысын ашып, ақындық әлеміне терең бойлады.

Мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, журналист М.Құл-Мұхаммед осы кітап туралы: «Абай атамыз туралы жазылған кітаптың 150 миллион оқырманы бар Ресей еліне таралуының өзі – үлкен қуаныш, ал осындай аудиторияға кітап жазудың өзі қандай жауапкершілік екені түсінікті шығар. Бұл серияның арнайы талаптары бар. Яғни адамзат тарихының ұлы тұлғалары, өмірі мен тіршілігі өзгеге өнеге болатын адам ғана аталмыш серияға ене алады. Кітаптың абайтану бағытына үлкен үлес қосатыны сөзсіз. Әрине, кітап туралы ойлар алдағы уақытта айтыла жатар, бірақ өз басым авторға бағыт беріп, ақылдасып отырған адам ретінде кітаптың мазмұнымен таныспын, яғни баспаға жіберілмей тұрып оқып шыққандықтан, кітапқа жоғары баға беремін» [11, 284 б.], – деген болатын.

Абайдың әлемдік өркениеттегі орны, халықтар достығындағы рөлі туралы әлем әдебиетіндегі алып тұлғалардың бірі, «Адамзаттың Айтматовы» атанған қырғыздың атақты жазушысы Шыңғыс Айтматовтың Абайдың туғанына 150 жыл толуына байланысты өткізілген сол ғылыми сессияда сөйлеген тамаша сөзі бар. «Мінеки, жылдар өтті, біз ХХІ ғасырдың табалдырығына аттағалы тұрмыз, дүниежүзілік мекен-жайымыз көкейкесті күн сайын қиындап, шиеленісе түсуде. Біз экономикалық, әлеуметтік, саяси мәселелерімізді шешу барысында жаңа көзқарастарды іздестіру үстіндеміз. Жаңа тарих, жаңа

мәселелер, міне, Абай осы тұстарда да бізбен бірге, біз Абаймен біргеміз. Мен өзіме бұл жерде Парижде, ЮНЕСКО-ның коллоквиумы үстінде айтқан – Абай қазіргі үшінші дәуірді басынан өткеруде ол өзі тірлік кешкен орыс самодержавиесінің дәуіріне жалғас келген, бүгінде келмекке кеткен қазан төңкерісі дәуірін, кеңестік тоталитаризмді ұзатып салып, бүгінгі тәуелсіздік алған бұрынғы колониялардың дүниежүзілік демократияның жаңғыру жолына түскен жағдайындағы біздермен бірге, деген сезімді еске алғым келеді» дей келіп: «Осы дәуірлердің қайсысында да Абай мұрасы жаңа мән-мағына, жаңа өлшеммен байыпталып келеді. Абайдың қазақ мәдениеті мен тілінің сауыт, қалқаны, ұлттық тілді ассимиляциялау процесі төніп келген тұстарда, бір жақты мәдениеттендіру кезендерінде ұлттық ерекшелікті сақтап қалудың қамал-қорғанның қызметін атқарған кездері де болған. Тіпті сол тұстарда да Абайға қарсы ешкім қол көтере алмаған, ал мұның өзі қазақ сөзі мен ұлттық сананы сақтауға қызмет еткен-ді. Ал, қазіргі жағдайда, орыс ағартушыларының ұлы идеяларын өн бойына сіңірген, дүниежүзілік деңгейдегі орыс мәдениетін творчестволықпен игерген Абай бізді ұлттық шектенушілік, бөлінушіліктен, ұлттық эгоизмнің көрсоқырларынан аман сақтай отырып, тағы бір жаңа қырынан бізге қызмет көрсетуде. Абайдың евроазиялық масштабтағы елеулі тұлға болғандығы сөзсіз, өйткені, оның дарынының табиғаты мен дүниені түсінуі, ойшыл және ақын ретіндегі Абайдың бітімін қалыптастырған фактілер осындай болатын-ды. Европа мен Азияның сандаған ғасырлар бойы орыс және түркі тілді халықтардың мәдениеттер тарихы бастау алған қайнар көздері болғаны белгілі» деп Абай ұлылығын шетелдік ғалымдарға паш еткен болатын [10, 12 б.].

Абайды өзінің шырқау шыңына жеткен бұл процесс қазірде тек мәдениет саласында ғана емес, әралуан шығармашылық салада, соның ішінде ең алдымен еуроазиялық болып отырғандағына назар аударған ұлы жазушы: «Абай осы тұста да, Шығыс пен Батыс өркениетінің игі қасиеттерін бойына жинақтаған кімнен болса да еңселі, елеулі қалпымен евроазиялық мәдениеттердің тоқайласқан жолайырығында тұр, өйткені, Абай-евроазиялық рух, оның есімінің уақыт өткен сайын аңызға айналып, нағыз данышпандар сияқты күй кешері сөзсіз. Бізге барынша жақын Пушкин мен Лермонтов, Науаи мен Шота Руставели, Тарас Шевченко, Ұлығбек, Мақтымқұлының тағдырлары да осындай. Тарихтың өзі аямай берген ерен қасиеттерге ие Абай есімінің аңызға бөленуі мүмкін емес. Ол қазірдің өзінде Европада Данте, ал түркі тілдес

халықтарға Жүсіп Баласағұн ұлылардың соқпағына келіп түсті. Ол өз тіліне мәңгілік өмір берушілердің санында» деп ұлықтады.

Абай мұрасын Ресей әдебиетшілерінің бағалауына байланысты ой қорытқанда айтарымыз: Абай – әлемнің қай бұрышынан қарасаң да, көзге түспей қалмайтын рухани шыңымыз. Ол біздің ар-намысымызға, өмірлік өлшемімізге, ұлттық парасат-пайымымызға айналған асқаралы абызымыз. Артына «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол!» деп аманат артып кеткен ақынды әлемдік ақыл-ойдың төріне шығару ұрпақтың талайдан бергі арманы еді. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары сол тілегімізге жеткендей болдық. Бірақ түгел жеттік деп айта алмаймыз. Өкінішке орай, біз Абайды дүние жүзі халықтарына өз деңгейінде таныта алмай келеміз. Абай мұрасы әлем жұршылығы тарапынан өзінің лайықты бағасын алды деуге әлі ерте. Абайдың өзге тілдерге тәржімаланған мұраларын есептемей-ақ, өзіміз жетік әрі еркін білетін орыс тіліне аударылған нұсқасын қолымызға алып байқасақ, Абайдың аса салмақты, ауқымды ойларының оннан бірі ғана жеткен.

Бұл жерде аудармашыларға титтей де болса кінә артудан аулақпыз. Абайды шет тілдеріне аударған ақындарға, шет елдерге насихаттауға аянбай ат салысып жүрген қаламгерлердің баршасына алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Біздің айтайық дегеніміз, Абай тәрізді данышпанды аудару – қиынның қиыны екенін, әлі түгел алынбаған асу екенін еске сала кету.

Ұлт пен ұлтты бауырластырып, халық пен халықты жақындастыратын да – Абай сияқты ұлы ойшылдар. «Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың», яки басқа халық та – бауырың, басқамен де тату-тәтті бол деген Абайды өзге тілге өз деңгейінде, бар болмысын жеткізу – тек әдеби, мәдени ғана емес, үлкен саяси мәні бар ұлы міндет.

Шет елдерден келген қонақтарға кең жазира даламыз бен биік тауларымызды, әсем табиғатымыз бен түрлі кенге толы байлығымызды көрсетіп мақтанғанның бәлкім пәлендей айыбы болмас. Бірақ біздің шет жұртқа, сырт ағайынға ең әуелі мақтаньш ететініміз, көзін сүйсінтіп, көңілін елжіретер рухани дәнекеріміз, рухани айбынымыз – Абай болуы керек!

Әрісі Шығыстың мәңгілік шоқжұлдыздары Науаи, Рудаки, Хафиз, Низами, берісі Гете, Бальзак, Байрон, Пушкин сынды тұрғылыстары сияқты Абай да мезгілге мойынсұнбады. Уақытқа – тәуелді, кезеңге – кіріптар емес. Жылдар жылжып, күндер сырғыған сайын жаңа бір қырынан ашылып, жаңа бір қырынан жарқырай түседі. Жаңғыра түседі.

Абай – қазақ тарихындағы, әсіресе оның рухани тарихындағы аса айшықты, аса айбынды, шын мәніндегі ренессанстық тұлға екені әлдеқашан белгілі жайт екенін айтсақ, бүгінгі таңда Абай мұраларын тек бір халықтың, тек бір мемлекеттің көлемінде ғана емес, дүниежүзілік өркениет ауқымында қарастыру қажеттігін айрықша атап айтар едік.

Еуропада – Лев Толстойдың, Азияда – Махатма Гандидің бар ғұмырын әлемдік үйлесім мен жалпы адамзаттық үндестікті өсиеттеумен өткізгенін баршамыз да жақсы білеміз. Қай жағынан алмасаңыз да, мейлі тереңдік жағынан болсын, мейлі кемелдік жағынан болсын, Абай да осы қос кемеңгермен қатар тұрып иықтаса алады.

Бұл жөнінде біз күні бүгінге дейін жұртшылыққа естіртіп айта алмадық. Бұған кезіндегі әр түрлі саяси шектеулер мен әр қилы қасаң көзқарастар да себепші болды. Егемендігін өз қолына алған тәуелсіз мемлекет ретінде енді біз Абайдың әлемдік әдебиет пен әлемдік ойдың жарқын жұлдыздарының бірі екенін жан-жақты насихаттап, жан-жақты негіздей білуіміз керек. Философиялық, эстетикалық, әдеби көзқарастардың тұтас бір жүйесін жасаған ұлы ойшылды дүние жүзіне жете, жеткізе танытуымыз қажет. Сол үшін маңдай аянбай еңбек ету керек.

Ресей әдебиетшілерінің Абай мұрасын бағалауы туралы қорытынды жасай отырып, мынадай жайларға назар аудара кеткенді орынды көрдік. Абай шығармаларын текстологиялық тұрғыдан зерттеу – бүгінгі күннің ең зәру мәселесі. Бұл салада басталған жұмыс осы күнге шейін аяғына жетіп көрген емес. Ақын кітабын кезекті жариялау көбінесе, мерейтойларға байланысты жүргізіледі де, жаңа жинақ ылғи асығыс дайындалады, қолжазбалар мен басылып шыққан кітаптар мәтінін салыстыра қарауға уақыт жетпей қалады. Рас, Абай шығармалары мәтіні негізінен қалыптасқан, уақыт сынынан өткен. Солай бола тұрса да, онда әлі де қарайтын, анықтауды қажет ететін жекелеген сөздер мен сөз тіркестері баршылық. Басқа, басқа, дәл Абайдың кейбір сөзінің әр жинақта әр түрлі басылып жүруі – бәрімізге ұят, бәрімізге үлкен сын. Ең алдымен, ғалымдарымызға сын.

Қоғам өзгеріп, заман жаңғырып жатқан тұста бұрынғы қалыптасқан пікірлер мен орныққан көзқарастардың қайта сараптан өткізіліп, қайта екшелгені жөн. Әсіресе, толықтырып, анықтай түсетін мәселе – Абайдың айналасы, оның өскен ортасы, ұшқан ұясы, ата-анасы мен туған-туысқандары туралы деректер. Ақын өскен ортаның сырын мейлінше дұрыс, мейлінше әділ ашпайынша, Абайдың ақындық сыры да, қайраткерлігі де, азаматтық тұлғасы да терең ашылмайды.

Абайды тануда саясат ықпалынан, уақыт қыспағынан аса алмаған кездеріміз болды. Енді заман өзгерген шақта азат елдің азат ойымен, азат жүрегімен, азат зердесімен Абайды қайта тануға тиістіміз.

Абай қазақ халқы үшін бір ғана әдебиеттің ауқымына сыймайды. Ол – күнделікті тіршілігімізді, рухани әлемімізді – қарақан басымызды алып жүруден бастап, биік адамгершілікке дейінгі аралықты тегіс қамтитын жан-жақты құбылыс. Сондықтан да Абайды зерттеуші тек әдебиетші ғалымдардың мойнына жүктеп қоюға болмайды. Абайды ашу үшін тіл білімін зерттеушілер де, тарихшылар да, философтар да, өнертанушылар да, саясаттанушылар да, құқықтанушы ғалымдар да белсенділік танытқаны, аянбай ат салысқаны жөн.

Әрбір қазаққа, шама-шарқынша, Абайды тану – мұрат, Абай шыққан биікке талпыну – парыз.

Абай ұлылығы мен дүниетанымы бір ғана халықтың шеңберіне сыймайды, данышпан ақынның дана ой-тұжырымдары мен шығармалары бүкіләлемдік мәдениетке қосылған алтын қор екенін назарға алсақ, біздің де негізгі мақсат-міндетіміз Абай әлемінің бар күдіретін, болмыс-күпиясын төрткүл дүниеге барынша жан-жақты таныту, сол арқылы халқымыздың мәдени даму айшықтарын, ұлттық ерекшеліктері мен рухани жетістіктерін әлемге әйгілеу болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М.О. Абай еңбектерінің биік нысанасы // Абай тағылымы: Әдеби сын мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1986. – 432 б.
2. Россия. Полное географическое описание нашего отечества. – Санкт-Петербург, 1903. – 243 с.
3. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. – Алматы: Атамұра, 1995. – 208 б.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 500 б.
5. «Қазақ» газеті. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
6. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы. Екінші том: Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары. – Алматы: «Мектеп» баспасы ЖАҚ, 2003. – 392 б.
7. Творчество Абая Кунанбаева в зарубежной рецепции. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2016. – 464 с.
8. Назарбаев Н. Абай туралы сөз. – Алматы: Рауан, 1995. – 160 б.

9. Карпык Аль-Халел. Абай. Наследники на перепутье. – Алматы: Агенство «Аль-Халел», 1995. – 220 с.

10. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойына арнап өткізген мерекелік ғылыми сессиясының материалдары. 1995 жылдың 8 тамызы. – Алматы, 1995. – 190 б.

11. Анастасьев Н. Абай: Тяжесть полета. – М.: Молодая гвардия; Астана: Фолиант, 2008. – 383 с. (Жизнь замечательных людей: сер. биогр.)

АБАЙ КУНАНБАЕВ В УЙГУРСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Имя Абая, гениального степного казахского поэта XIX века, ставшего духовной основой для всего народа Казахстана в его дальнейшем цивилизационном устремлении, представляется таким же ярким национальным символом, как знаковые имена тюркского мира – Юсуфа Хас Хаджиба Баласагуни, Ахмеда Югнаки, Атаи, Саккаки, Лутфи, Алишера Навои, Рабгузи, Дурбека, Юнуса Эмре, Бабура Хиркати, Залили, Новбати и др. [1, с. 14-16]. Личности подобного мирового масштаба рождаются на переломе времен, особенно тогда, когда в обществе происходит ломка старых стереотипов и веками сложившегося уклада жизни. Несмотря на то, что для создания новых эпох требуются целые десятилетия, а иногда и века, феномен Абая ярко иллюстрирует характер целой эпохи, в которой он жил, меняет надстройку общества независимо от времени и обстоятельства, что стремительно влияет на умонастроение людей и на формирование культур. Поэтому каждое произведение Абая предстает как историческая эпопея о непростых событиях, временах, как причудливая мозаика человеческих взаимоотношений, обладает невероятной по своей силе духовной энергией, общественной ценностью и вселенским значением [2]. Эти обстоятельства всегда будут предвосхищать и требовать осмысленного чтения творений великого мыслителя каждым реципиентом, какой бы национальности он не был. Многие переводы произведений Абая показывают, что его художественное наследие становится еще более актуальным и социально важным для читателей иноязычной аудитории. Его творческое наследие и многочисленные произведения о нем, несомненно, будут в центре внимания все новых престижных изданий, литературных и научно-популярных журналов различных народов и стран.

В уйгурской литературе процесс целостного познания Абая был долгим и неоднозначным, несмотря на то, что культ Абая существовал в творческом сознании почти всех уйгурских писателей и поэтов Казахстана. Так, например, в 30-е годы XX века в уйгурской поэзии наибольшую популярность приобрели абаевские формы стиха – «сегиз аяк» и «алты аяк» (абаевские стихотворные формы из восьмистиший и шестистиший). Известный поэт И. Саттаров уже в предвоенные годы

широко использовал строфику произведений казахского поэта и обогатил содержательную природу уйгурской поэзии [3, с. 112].

Такую же тенденцию мы видим в творчестве видного поэта Нура Исраилова. Строфическая конструкция его стихотворений показывает, что целостная структура поэтической формы лирики Абая в контексте детерминирования генезиса и эволюционных свойств тюркского стиха раскрывает ее общую онтологическую сущность, а характер ритмического функционирования синтагмы в стихотворном размере – общетюркские особенности просодики. Поэтому строфические формы «алты аяк», «сегиз аяк» стали традиционными размерами уйгурской поэзии.

В целом, произведения Абая гармонично встраиваются в общую конструкцию национального самосознания уйгурских писателей и поэтов, его творчество соотносится с культурно-историческими рамками, а тип абаевского стиха воспринимается традиционно как общетюркское силлабическое явление. Несмотря на то, что уйгурская культура своеобразна, она имеет свой генетический код, безусловные ценности казахской, киргизской, татарской и узбекской культур быстро прививаются в ней и почти равнозначно генерируются и формализуются в уйгурской творческой среде.

Творчество Абая в уйгурской литературе получает второе дыхание во второй половине XX века. В принципе, национальная интеллигенция не нуждалась в переводе произведений Абая. Оригинал служил им надежным источником. Уйгуры, как тюркский народ, имели длительную традицию межкультурного общения с казахским народом, творческой интеллигенцией, этому способствовали, естественно, общая история, родство языков и близость культур. Многие уйгурские поэты и писатели были двуязычными, сами писали на казахском языке и переводили на казахский свои произведения, знали особенности развития казахской художественной литературы и традиций в целом. Это было обусловлено веками сложившимся единым тюркоязычным пространством Евразии. Национальная интеллигенция глубоко осознавала необходимость и важность взаимосвязанных и взаимообусловленных межкультурных процессов, происходивших в Евразийской степи и стремилась к поликультурной интеграции с народами Казахстана. К тому же, взаимоотношения уйгурской интеллигенции с казахской, которая исторически поступательно представлялась ядром общего сознания для всех национальностей страны, общей культуры и ментальности и общего образования, имели

глубокую историю. Этот феномен был усилен процессом интернационализации культуры в первой половине XX века, объективно приведшим к обновлению содержания учебного процесса на уйгурском языке и формированию целостного, единого культурного пространства благодаря взаимообогащению национальных литератур. С этого времени пропаганда духовного наследия Абая среди уйгурских читателей приобретает массовый характер. Уйгурские поэты и писатели приступают к всеобщему переводу произведений Абая для подрастающего поколения. Многие стихотворения казахского поэта подвергаются повторному переводу. Так, например, стихотворения Абая «Илим тапмай махтанма», «Қиш», «Қулақтин кирип, бойни алар», «Қеридук, гәмгә чөктук», «Сонар чағда биркүтчи чикиду оға», «Домбриға қол урма», «Яз», «Күз», «Мән язмаймән шеирни әрмәк үчүн» и многие отрывки абаевского «Қара сөзлири» («Гаклия») имеют несколько версий, переведенных разными поэтами разного поколения.

С этой точки зрения заслуживает особого внимания стихотворение эпического характера Абая «Ғылым тапмай махтанба» в передаче на уйгурский язык И. Жалиловым и Д. Ясеновым. Несмотря на то, что оно воспроизведено разными поэтами, читатель явственно ощущает «казахский дух» в переводах. Сравним последние четверостишия Абая:

Солай депті ол шыншыл,
Сөзін оқы және ойла.
Тез үйреніп, тез жойма.
Жас уақытта көңіл – гүл.

В первую очередь переводчики следовали духу оригинала, поэтому стихотворные строки лиричны и поэтичны, почти все слова и ритмометрические элементы соответствуют подлиннику и очень просты для понимания. Но все-таки есть определенные отличия в лексике. Сравните:

Шундақ дәпту у *һәқчил*...
Сөзини оқи, *һәй*, ойла,
Тез *үгинип*, *йоқатма*,
Яш вақитта көңүл – гүл (перевод И. Жалилова).

Шундақ дәпту у *растчил*,
Сөзини оқи *вә* ойла.
Тез *билип*, *тез унутма*, (*Курсивы выделены мною. – А.Х.*)
Яш вақитта, көңүл – гүл (перевод Д. Ясенова).

Несмотря на разницу лексического состава, переводы И. Жалилова и Д. Ясенова полноценно передают мысли казахского поэта. Слова «*йоқатма*» (буквально «не теряй») у И. Жалилова и «*тезунутма*» («быстро не забывай») у Д. Ясенова не нарушают восприятия стиха в целом и не меняют содержания произведения. Вводя обращение «*Һэй*», поэт И. Жалилов пытается лишь избежать буквализма в переводе произведений Абая. Хотя поэт некоторые слова автора оставляет без каких либо изменений. Например, он не подвергает переводу выражение казахского поэта «*Ғуламаһи Дауани*». А поэт Д. Ясенов дает лишь уйгурский вариант перевода данного выражения: «*Олимай Даваний*».

Переводы стихотворения казахского поэта «*Құлақтан кіріп, бойды алар*» («Кулақтин кирип, бойни алар»), осуществленные уйгурскими поэтами, являются самыми удачными и звучат по-абаевски.

Құлақтан кіріп, бойды алар,
Жақсы эн мен тэтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Энді сүйсең, менше сүй.

Кулақтин кирип, бойни алар,
Яхши нахша, *татлиқ* күй.
Көңүлгә түрлүк ой салар,
Нахша сөйсән, мәндек сөй (перевод И. Жалилова).

Кулақтин кирип, бойни алар,
Яхши нахша, *муңлуқ* күй (курсивы выделены мною. – А.Х.).
Көңүлгә түрлүк ой салар,
Нахша сөйсән, мәндек сөй (перевод Д. Ясенова)

Эмоциональная окраска стихотворения в переводе достигается за счет взаимодействий глагольной метафоры и эпитетов, усиливающих рецепцию – «яхша нахша», «татлиқ күй» (у И. Жалилова), «муңлуқ күй» (у Д. Ясенова), «нахша сөйсән, мәндек сөй» и т.д. Поэт Д. Ясенов вместо авторского слова «тэтті» применяет слово «муңлуқ» (в значении «переживающего, думающего», а не «сладкого» как у И. Жалилова). Поэт И. Жалилов полностью верен авторскому варианту. В целом, уйгурские поэты глубоко чувствуют целостную образную систему стихотворений Абая. Это позволяет полноценно передавать отдельные составляющие образных рядов подлинника и понять, какие символы они несут, к какому поэтическому выводу подводят и т.д.

Поэты Х. Бахниязов и М. Абдрахманов старались переводить сложные с точки зрения поэтики произведения Абая:

Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек.
Адамзат тірілікті дәулет білмек,
Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек.

Һарамлиқтин яманлиқ көрмәй қалмас,
Миң күн әмәс бир күни сунар комзәк.
Адәмзат һаятлиқни дәләт билмәк,
Әқил таппақ, мал таппақ, адил жүрмәк (перевод Х. Бахниязова).

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы, ақ қырау, түсы суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.

Ақ кийимлик бәстикар ақ сақаллик,
Кекәч-қарғу тонумас тирик жанни.
Үсти беши ақ-қиру, рәнги соғақ,
Маңатти ғичирлитип бар жаһанни (перевод М. Абдрахманова).

Как видно, в данном переводе на уйгурский язык сохранен почти на 80% словарь казахского текста, что позволило авторам, по нашему мнению, полноценно передать целостную систему художественных образов казахского текста, изосиллабический ритм одиннадцатисложника и жесткую авторскую интонацию и т.д.

Финал уйгурского стихотворения показывает смену настроения личного нарратора в оригинале, исчезает предыдущее ощущение гнетущего настроения лирического героя из-за суровой зимы, его раннее безысходное состояние постепенно перерастает в упорство и непримиримость с суровым климатом. Все же, в уйгурский текст проникли «чужие» слова, мысли и конструкции. Если Абая важно было передать образ беззащитной земли, которая трещала от каждого шага суровой зимы, то в уйгурском тексте появился доминирующий образ грозной зимы, которая безжалостным шагом ступает по миру. В переводе исчезает важный художественный образ, связанный со степной и кочевой культурой казахского народа, который заменен на традиционное восприятие земледельца. У Абая из-за свирепого бурана шестиканатные юрты белой орды зашатались («Алты қанат ақ орда үй

шайқалды»). В уйгурском стихе – свирепые бураны завалили дома снегами. Как видите, в оригинале образ «үй шайқалды» – вспомогательный, раскрывает содержание центрального образа картины – свирепой зимы. Снежный буран такой плотный и опасный, что зашатались даже крепкие остовы юрты. В уйгурском переводе, как отмечено выше, введенный поэтом новый образ меняет картину, но не разрушает. Это показывает, что каждый литературный перевод создается в рамках кода определенной культуры. Элементы национальной культуры могут быть незнакомы носителям других языков.

Следует отметить, что уйгурский поэт не старается стать активным действующим лицом в переводе, его позиция соотносится с позицией личного нарратора, следит за характером всех образов и художественных средств всего произведения. В целом, данное стихотворение является одним из лучших лирических переводов на уйгурский язык.

Не все поэты брали на себе смелость переводить поэмы Абая и его сложные для восприятия стихотворения и поэмы, такие, как «Әлипбә» шеири» («Әлифби» өлеңі»), «Алифби», «Искәндәр», «Мәсғут». Стихотворение «Әлифби» өлеңі» переведено на уйгурский язык Д. Ясеновым.

Произведение «Алифби» Абая было неоднозначно воспринято советскими исследователями. Многие абаеведы старались уйти от анализа содержания данного произведения и его перевода. Им казалось, что по характеру данный стих религиозный. Но М. О. Ауэзов в своем романе «Путь Абая» при описании сцены любви молодого героя употребляет выражения из данного стиха «Әлифдей ай йүзіңе ғыбрәт еттим», усиливая тем самым эмоциональную рецепцию нарратора. Это доказывает, что писатель воспринимал данный стих совершенно по-другому. Уйгурский перевод стихотворения по своему содержанию и форме оказался очень близок к восточным жанрам и мотивам, что традиционно воспринимается уйгурскими читателями как классические шедевры тюркского средневековья. Переводчик Д. Ясенов часто читал это произведение Абая перед уйгурской аудиторией.

В 70-е годы XX века в уйгурских школах углубляется процесс широкого и глубокого освоения произведений Абая, что позволяет воспринимать его творческое наследие как национальное достояние уйгурского народа. Многие переводы стихотворения Абая вошли в учебники и учебные пособия. В 1972 году издана книга на уйгурском

языке под названием «Абай. Көзүмниң қаричуғи». Этот стихотворный сборник был опубликован известным литературоведом М. К. Хамраевым. Туда же вошли переводы двух поэм Абая «Искэндәр» и «Мәсғут». Данное издание стало особенным культурным явлением в литературной жизни уйгурского народа.

Особый резонанс в жизни уйгурского народа также вызвало издание перевода сборника стихотворений Абая в 1978 году, которое считается наиболее ценным вкладом в развитие многонациональной литературы Казахстана, углубляющим взаимосвязь культуры двух родственных народов и усиливающим взаимные творческие контакты. Произведения Абая становятся своеобразным художественно-эстетическим феноменом уйгурской культуры и формируют новый взгляд и самосознание. А в 1987 году мастера художественного слова осуществляют еще более грандиозную масштабную задачу, они пытаются перевести все произведения Абая на уйгурский язык. Несмотря на то, что некоторые произведения Абая все же остались неохваченными, это был один из самых масштабных и успешных проектов в уйгурской литературе. В эти годы на уйгурский язык также было переведено и включено в учебную программу прозаическое произведение Абая «Гаклия» («Қара сөзләр»). Хотя не все переводы его Назиданий стали удачными. Например, 15-е Слово Абая на уйгурском языке оказалось сложным для первичного восприятия. По нашему мнению, это связано с ошибочным употреблением отрицательного союза «яки», вместо авторского «не» и тавтологией «иш билән» в переводе, из-за которых изменилась общая синтаксическая конструкция перевода.

Сравним, у Абая: «Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, *не* білімге, *не* ахиретке, *не* дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, *не* қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?»).

В переводе на уйгурский язык: «Алдинки һесап алғандин берики һаятинни қандақ өткәздиңкин *яки* билимгә, ахирәткә *яки* дуняға пайдилиқ *иш билән* өзәң пушайман қилмайдиған *иш билән* өткәздиңму! *Яки* болмиса қандақ өткәзгиниңни өзәң билмәй қалдиңму? (курсивы выделены мною. – А.Х.).

В уйгурском тексте упущены слова «сол», «жоқ», два союза «не», в то же время, наблюдается двойное тавтологическое употребление «иш билән», что не могло не привести к изменению высказываний Абая. Вследствие чего синтаксис колеблется, а мысль постепенно искажается. В результате вышеприведенных изменений, внесенных переводчиком в

Абай при переводе пушкинского романа ориентировался, прежде всего, на вкусы и менталитет своих слушателей (читателей). Он прекрасно понимал, что его аудитория, в большей степени воспитанная на классических восточных дастанах о любви, может не понять в полной мере драму отношений Онегина и Татьяны. Поэтому Абай очень осторожно подошел к выбору отрывков для перевода. Хотя, как пишет Такен Алимкулов в своей книге «Жұмбақ жан» /«Загадочная душа», «образы, названные в русской литературе «лишними людьми», пришлись по душе Абаю. Как духовно близок был Пушкину Онегин, человек бессильный бороться против власти общества, отчаявшийся от жизни, так же он был близок и Абаю» [16, с.16]. Абай показал себя не только хорошим переводчиком Пушкина, но и поэтом-импровизатором. По мнению профессора Ш.Р. Елеукунова, созданный Абаем цикл можно рассматривать как самостоятельный роман в письмах, написанный по мотивам пушкинского романа: роман Абая не укладывается в рамки традиции «назира». К нему не подходят и принятые нормы художественного вольного перевода [17, с.178-200].

Ш.Р. ЕлеуKENов доказывает, что Абай создал новое произведение «Татьяна и Онегин», которое в лучших традициях восточной литературы можно озаглавить как «Татьяна-Онегин» и поставить в один ряд с известными восточными лирическими дастанами о любви. Более убедительна и доказательна позиция известного переводчика Г.К. Бельгера, который считает эту проблему почти неразрешимой: «Многие крупные исследователи (М. Ауэзов, З. Ахметов. М. Габдуллин, М. Каратаев, Г. Мусрепов, М. Базарбаев, Ш. ЕлеуKENов) – кто мимоходом, вскользь, кто основательно, дотошно – затрагивают эту тему, но ни один из них так и не решился с абсолютной категоричностью отнести переводческий опыт Абая к конкретному типу перевода. Это и невозможно. Легче всего отнести перевод Абая из «Евгения Онегина» к вольному, свободному, избирательному, к назире, но в любом случае это будет односторонней трактовкой»[18, с.74].

Роман А.С. Пушкина написан четырехстопным ямбом, удобным для русских поэтов и читателей, а для казахов, воспитанных на иной художественной традиции, такой способ был трудным и недоступным для восприятия (доказательством этому служит перевод пушкинского романа И. Жансугуровым). Казахская силлабика не позволила переводчику смелые эксперименты с размером, но Абай, как и Пушкин, сознательно стремился расширить смысловые и ритмико-мелодические возможности казахского стиха, разнообразить строфику, рифму, ритмику, использовать элементы тоники.

Исследователи считают, что близким к оригиналу является лишь первое письмо Татьяны, которое под названием «Амал жоқ – қайттым білдірмей» («Татьянаның Онегинге жазған хаты») [19] было создано в 1889 году. В пушкинском романе «Письмо Татьяны Онегину» состоит из 79 300 строк, Абай сократил их до 76 тысяч. Пушкинская Татьяна обозначает форму излияния своих чувств: «Я к вам пишу...». Абай в начале письма показывает состояние своей героини, которая решилась сказать о том, что накопилось у нее в душе и готова нести за это кару:

Амал жоқ – қайттым білдірмей,
Япырмау, қайтып айтамын?
Қоймады дертің күйдірмей,
Не салсаң да тартамын...

И лишь в следующей строфе мы узнаем об эпистолярной форме ее обращения к Онегину. Абай-переводчик не упоминает о том, что письмо написано по-французски, ему важно передать накал страстей,

одолеваемых героиней, он подчеркивает, что она сама осознает сложность ситуации (ей приходится первой признаваться в любви мужчине), но все же она надеется на взаимность или понимание. Переводчик учитывает особенности менталитета казахских девушек, понимает, что перед ним стоит сложная задача: раскрыть в пределах одного текста глубину характера Татьяны, поэтому старается рассказать об этом на понятном слушателям (читателям) языке, при этом он не прибегает к заменам, находит соответствия, которые близки оригиналу, этому подчинен и перевод стилистических приемов. К примеру, пушкинские строки: «Другой...нет никому на свете / Не отдала бы сердца я / То в вышнем суждено совете... / То воля неба: я твоя;/ Вся жизнь моя была залогом / Свиданья верного с тобой; / Я знаю, ты мне послан богом, / До гроба ты хранитель мой... [20, с.59] – Абай переводит следующим образом:

Өзгеге ешбір дүниеден
Еркімен тимес бұл жүрек.
Әзелде тағдыр иеден,
Қожам – сенсің, не керек.
Тіршілігім – құрбандық,
Шыдамай сені көргенше.
Тәңірімнен келген бұл жарлық,
Ием – сенсің өлгенше [19].

Абай-переводчик сохраняет напряженный эмоциональный тон, его Татьяна, так же, как и пушкинская героиня, предельно откровенна, ничего не скрывает, честна и прямодушна. Она считает Онегина человеком необыкновенным, способным ее понять, поэтому обнажает перед ним свою душу. В конце письма она жалеет себя, корит за искренность («*Өз хатыма өз көзім / Ұялып, қорқып баға алмас*»), но не отказывается от своего намерения. Абай подводит своих читателей к мысли, что это – поступок, действие, достойное восхищения.

Остальные переводы отдельных отрывков из романа А.С. Пушкина «Евгений Онегин» можно рассматривать как тексты, созданные по мотивам пушкинского романа. «Татьянаның Онегинге жазған хаты» является завязкой сюжета абаевского романа. Следующая часть этого песенного монолога-исповеди называется «Онегиннің сипаты»: «*Жасынан түсін билеп, сыр бермеген...*» [21] и представляет собой перевод отдельных строф первой главы романа. Она состоит из 34 строк, Абай перевел полностью 10-ую и 11-ую строфы и 6 строк из 12-ой

строфы и составил полный психологический портрет Евгения Онегина, передав в точном соответствии все содержание пушкинского сюжета об Онегине. Этот перевод можно назвать первым опытом создания в казахской литературе психологической новеллы. К тому же Абай сохраняет пушкинское количество строк, но отказывается от казахского семи-восьмисложника и использует привычный для казахской народной поэзии размер – одиннадцатисложник («қара өлең»).

Сюжет находит развитие в «Ответе Онегина» – «Хатыннан жақсы ұғындым сөздің бәрін...» [22] (подстрочный перевод: «Я все понял из твоего письма...»). Оно представляет собой ответ Онегина на письмо-признание Татьяны: «Вы ко мне писали. Не отпирайтесь. Я прочел...». В оригинале – 70 строк, в абаевском переводе осталось 44 строки. Абай предложил вольный вариант ответа Онегина, но внес свое понимание хода мыслей и поступков героя, то есть его перевод представляет вольное изложение сути пушкинского сюжета об Евгении Онегине. Пушкинский герой признается Татьяне: «Я знаю: век уж мой измерен / Но чтоб продлилась жизнь моя, / Я утром должен быть уверен, / Что с вами днем увижусь я...». Абай заставляет героя страдать и подробно описать свое состояние: «Менің өмірім таянып тұр, / Үзілуге әм жаным» / Моя жизнь на исходе, и готова оборваться душа (подстрочный перевод). Таких мыслей нет у пушкинского Онегина. Абай же вставляет эту самохарактеристику для психологического обоснования поведения героя. Кульминацией сюжета переводного романа об Онегине и Татьяне является «Онегиннің өлердегі сөзі» [23], начинающееся со слов: «Жарым жақсы киім киіп, / Келді жанға жылы тиіп...». Оно написано в 1889 году и состоит из 18 строк, которых нет у А.С.Пушкина. Онегин в начале абаевского романа и в конце его – это разные люди. В этом сюжете показан другой Онегин, изменившийся за время странствий, способный любить. Он страдает от того, что в свое время не понял глубину чувств Татьяны, признается, что она смогла рассудку сердце подчинить, ему же суждено одиночество и страдания: «Сенен басқа еш жерден / Таба алмадым орнымды» (подстрочный перевод: Я не смог найти нигде себе места, такого, как около тебя). В романе А.С. Пушкина использован прием «открытого конца». Но Абай, по мнению Т. Нуртазина, «не желает оставлять Онегина на произвол судьбы, он считает, что тот должен умереть, а не влачить жалкое существование» [24]. Поэтому появилось «Онегиннің өлердегі сөзі». Это решение соответствует ситуации в финале романа. Г. Бельгер считает, что «тому, что сделал Абай при переводе избранных мест из «Е.О.», нет аналога в

мировой литературе. В восьми отрывках из «Е.О.», выполненных Абаем в 1887-1889 годах (всего 376 строк), изложены квинтэссенция пушкинского романа, его сущностная любовная линия в приспособлении, адаптации к казахской ментальности, к миропониманию и духоустройству казахского слушателя того времени, в извлечениях и трактовке основной канвы повествования, философии, образов и поступков героев романа с учетом духовного заряда и общественных запросов, требований той эпохи, той казахской среды, в которой жил и творил великий одиночка Абай» [18, с.75]. Удивительный абаевский талант воплощения, «вживления» в культуры разных времен и народов позволил ему как переводчику осуществить диалог русской и казахской культур.

Литература:

1. Ахметов З. Адамның кейбір кездері... // Абай. Энциклопедия – Алматы: Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – С.61.
2. Лермонтов М.Ю. Журналист, читатель и писатель // Лермонтов М.Ю. Собр. соч. в 4 т. Т.1. – М.: Правда, 1969. – С.305-310.
3. Абай. Адамның кейбір кездері... // Абай. Өлендер. – Алма-Ата: Жазушы, 1976. – 175 б.
4. Пушкин А.С. Поэт // Пушкин А.С. Собр. соч. в 10 т. Т.2. – М.: Правда, 1981. – С.104.
5. Абай. Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма? ...// <http://sites.google.com/site/abai1845>.
6. Пушкин А.С. Я памятник себе воздвиг нерукотворный... // Пушкин А.С. Собр. соч. в 10 т. Т.2. – М.: Правда, 1981. – С.295.
7. Абай. Когда умру, не стану ль я землей? // <http://Abaj.kz/category/stixi-abaj/>
8. Абай. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы // <http://sites.google.com/site/abai1845>.
9. Абай. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін // <http://sites.google.com/site/abai1845>.
10. Абай. Жүрегім, нені сезесің...// <http://sites.google.com/site/abai1845>.
11. Абай. Өлсе өлер табиғат, адам өлмес // <http://sites.google.com/site/abai1845>.
12. Абай. Әбдірахман өліміне (27 жасында) // <http://sites.google.com/site/abai1845>.

13. Абай. Желсіз түнде жарық ай... // <http://sites.google.com/site/abai1845>.
14. Ауэзов М. Абай: роман-эпопея в двух книгах. Кн. 1. – М.: Художественная литература, 1978.
15. Абай Кунанбаев (некролог) // Записки Семипалатинского отделения РГО. – 1907. Вып. 3. – С.5.
16. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. – Алматы: Жазушы, 1972. – 365 б.
17. Елеукенов Ш.Р. Пушкин и эпистолярный роман Абая // Тан-Шолпан. – 2006. – №4. – С.178-200.
18. Бельгер Г. Этюды о переводах Ильяса Джансугурова. – А.: Ғалым, 2001. – 258 с.
19. Пушкин А.С. Амал жоқ – қайттым білдірмей... («Татьянаның Онегинге жазған хаты») // http://www.pushkinlibrary.kz/Abai_Pushkin/evgonegjaz.html.
20. Пушкин А.С. Евгений Онегин // Пушкин А.С. Собр. соч. в 10 т. Т.4. – М.: Правда, 1978. – С.3-182.
21. Абай. Жасынан тусін билеп, сыр бермеген... // http://www.pushkinlibrary.kz/Abai_Pushkin/evgonegjaz.html.
22. Абай. Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін... // http://www.pushkinlibrary.kz/Abai_Pushkin/evgonegjaz.html.
23. Абай. Жарым жақсы киім киіп... // http://www.pushkinlibrary.kz/Abai_Pushkin/evgonegjaz.html.
24. Нуртазин Т. Абай туралы сөз // Оңтүстік Қазақстан. 1967. 25 қыркүйек.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАҚЫН ШЕТЕЛДЕРДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаевтың шығармалары жақын шетелдерден қырғыз, қарақалпақ, өзбек, татар, башқұрт, әзірбайжан, түрікмен, тәжік т.б. халықтардың тілдеріне аударылып, өлеңдері мен поэмалары, қара сөздері жеке жинақ түрінде шығарылып отырған. Бұл топтастырылған жинақтарға алғы сөздер жазылып, онда қазақ ақыны Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығы туралы мәліметтермен қоса, кейбір өлеңдеріне талдау жасалынған. Сонымен қатар, әр халық өкілі Абайды өз елінің танымал, аса көрнекті ақынымен ұштастырып, ұқсастықтары мен үндестіктерін табуға тырысқан. Әр халықтың өз тарихы, өз мәдениеті, өзіндік даму жолы болғанымен, осы барлық түркі тілдес халықтарды біріктіретін ортақ нәрсе әдебиет екенін білеміз. Себебі, қай кезде де түркі дүниесіне ғана тән ортақ ауыз әдебиеті үлгілері – батырлық, лиро-эпостық жырларынан ортақ сюжеттер, ортақ сарындар кездесіп отырады.

Жақын шет елдерде шыққан жинақтардағы алғы сөздер мен газет беттерінде жарық көрген зерттеу мақалаларында қазақтың ұлы ақыны, ойшылы, ағартушысы Абай Құнанбаев шығармашылығының тек қазақ әдебиетіне ғана емес, тіліміз туысқан елдер әдебиетіне де белгілі дәрежеде әсері болғаны туралы жазылған. Туысқан елдер ақындарының Абайды оқып, оның өлеңдерінен әсер алып қана қоймай, Абай үлгісінде өлеңдер шығарып, өз әдебиетін жаңа түрмен байыта түскенін де көре аламыз.

Тіліміз, діліміз, дініміз бір татар халқының арасында Абайдың өлеңдері қазақ тілінде алғашында ауызша таралып, кейіннен ақынның екі өлеңі 1897 жылы Қазан қаласында шыққан «Князь бен Зағипа» атты жинақта тұңғыш рет жарық көргені туралы мәліметтер «Ақиқат» журналының 2012 жылғы № 3 санында шыққан «XX ғасыр басындағы татар баспасөзіндегі қазақ қоғамының рухани және мәдени өмірінің көріністері» деген мақалада берілген. «Князь бен Зағипа» деп аталған кітаптың 12-15 беттерінде А.Құнанбаевтың «Сынағандағы аттың сыны» («Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ») және «Бүркітші» («Қансонарда бүркітші шығады аңға») деген екі өлеңі жарияланады. Сөйтіп, өлеңдері тұңғыш рет Қазан қаласында, татар баспасынан жарық көреді.

Абай қайтыс болғаннан кейін, арада 4 жыл өткен соң Орынборда, татар тілінде шығып тұрған «Уақыт» газетінің 1908 жылғы 333 санында «Абай Құнанбаев туралы» деген мақала жарияланады. Онда Абайдың өзі және оның шығармалары туралы бірсыпыра құнды пікірлер айтылған. Газет осы мақаласымен бірге Абайдың өлеңдерінен үзінділер басып шығарады.

Сонымен қатар, «Шуро» журналы [1, 73 б.] арқылы да тарап, алыс-жақын елдерге әйгілі болған. Осылайша, Абайдың өлеңдері жекелеген жинақтарда, газет беттерінде шығып отырған. Тұңғыш кітабы 1909 жылы Петербордағы қырым татары, баспагер Ілияс Борағанскийдің баспаханасынан жарық көрген болатын [2, 66 б.]. Баспагер Ілияс Борағанскийдің суреті қоса берілген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай-огьлунын шиірлери» («Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері») деп аталатын кітапта Абайдың басты өлеңдері түгелге жуық қамтылған болатын. Келесі екінші кітабы 1922 жылы Қазанда «Абай Құнанбай өлеңнери» деген атпен толықтырып шығарылды.

Сөйтіп, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында-ақ Абай шығармашылығы татар жұртшылығына, әсіресе, оның ақын-жазушыларына мәлім болды. XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген татардың ағартушы-демократ ақындарының көбісі, атап айтқанда, Ғ.Тоқай, Ғ.Ибраһимов, М.Ғафури, Ш.Бабич т.б. Абайдың ағартушылық-демократиялық дәстүрін әрі қарай дамытқан.

Туысқан татар халқы қазақ ақыны Абайды өзінің Тоқайындай ардақтап құрмет тұтып отырғанын Ғалымжан Ибрагимовтың, Шейхзада Бабичтің, Ғұмар Башировтың, Мұхамед Ғайнуллиннің, Сибғат Хакимнің, Хатип Усмановтың т.б. татар ақын-жазушылары мен ғалымдарының пікірлерінен, баспасөз бетінде жарияланған мақалаларынан айқын аңғара аламыз.

Абай шығармаларының татар тіліне аударылып жарық көре бастауы деректерге қарағанда Абайдың туылғанына 100 жыл толуына орай 1947 жылдардан басталады. Ол Қазанда 1947 жылы «Татгосиздат» баспасынан басылып шыққан «Абай. Шигырьлар һәм поэмалар» («Абай. Өлеңдері мен поэмалары») деген 75 беттен тұратын жинақ. Бұл таңдамалы өлеңдер жинағы татар ақыны Махмұд Мақсұттың аударуында басылып шығады. Жинаққа Абайдың 40 өлеңімен бірге «Масғұд», «Ескендір» поэмалары енген. М. Мақсұт алғысөзінде Абайды «қазақ халқының ұлы перзенті», «отты ағартушысы», еркіндіктің жаршысы, орыстың саяси қуғын көргендерімен араласқан, Ш.Марджани, К.Насыйри шығармаларын білген деп атап өтеді.

XX ғасырдың екінші жартысында Татарстанда Абайдың жекелеген өлеңдері газет, журнал беттерінде жиірек жарық көре бастады. 1962 жылы татар әдебиетінің классигі Хасап Туфен Абайдың өлеңдерін аударып, «Өлсем орным – қара жер сыз болмай ма?» деген өлеңін «Социалистік Татарстан» газетінің 20 желтоқсанындағы санында жариялайды. 1963 жылы Зәки Нүридін аударуындағы Абайдың «Жүрек – теңіз» және «Богат твой язык» деген екі өлеңі «Совет әдебиаты» журналының бірінші санында жарық көреді. 1980 «Социалистік Татарстан» газетінде «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңі, 1985 жылы «Казан утлары» журналында Н.Арслан мен Л.Хамидуллиннің аударуында «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» және «Одни просили, умоляли бога» өлеңдері басылып шығады. «Казан утлары» журналының осы санында сонымен қатар Л.Хамидуллиннің «Ақын Абай Құнанбаев» мақаласы да жарық көрген болатын.

Абайдың татар тіліндегі екінші кітабы 1981 жылы «Таткнигоиздат» баспасынан толық шығармалар жинағы «Абай. Шигырьлар һәм поэмалар. Хикмәтле сүз» («Абай. Өлеңдер мен поэмалары. Қара сөздер») деген атаумен 256 бетке дейін ұлғайып шығады. Жинаққа 134 өлеңі мен 2 поэмасы және «Қара сөздері» енген. Өлеңдердің жартысынан көбін аударған татар ақыны Н.Арслан. Қалған өлеңдерін А.Исхак, М.Шабаев, М.Хусаин және т.б. аударды. Сонымен қатар, бұл жинаққа 40-шы жылдары шыққан Махмұд Мақсұттың тәржімалауындағы 16 өлеңі мен 2 поэмасы енді. Ал, «Қара сөздерді» аударған Л.Хамидуллин.

Аталмыш кітаптың алғы сөзін жазған татар халқының белгілі ақыны Сибғат Хаким. Ол «Моғжизалар тудыра торган жир» («Ғажайыпты тудырған туған жер») деген алғы сөзінде Абай шығармашылығына тоқталады. Сибғат Хаким алғы сөзінің басында: «Бұл әдебиеттің негізі нендей және сол әдебиеттің негізін салушылар кімдер?» деген сауал туды. Бір кезде осындай ой Тоқайдан соң менің басыма келген еді. Пушкиндер, Шевченко, Абай, Тоқайлар осылай ойландырады. Олар үшін айырым тақырып, айырым мәселе, тұрмыстың нендей бір олағы жоқ, ұлт бір жәмиғат бар, ел бар, халық бар. Көңілде – халық, оның тарихы, тағдыры» деп жазған. Әрі қарай Абай туындыларының қадір-қасиеті, ұлттық сипаты, мазмұндық байлығы мен тереңдігі, өлең өрнектерінің бейнелілігі жайындағы ойларға жалғасады деп «Абай» энциклопедиясының «Татар әдебиеті» тарауында көрсеткен [3, 538-539 бб.].

Сонымен қатар, энциклопедияда Абай Құнанбаев өлеңдерінің татар тіліне тәржімаланған нұсқалары да берілген:

«Мин язмыймын жырларымны ирмәк өчен,
– Юк-бар әкият-фәлән сөйләп бирмәк өчен,
Язам күнелне уяту, сизгер, теле иегерек,
Чичән яшьләргә фәкәть бер үрнәк өчен» (Н. Арслан аудармасы).

«Үлсә-үләр табиғать, кеше үлмәс,
Үлмәс, ләкин кире қайтып уйнап-көлмәс,
Табиғатьтән аерылса яхшы кеше,
Акылы бар адәм аңа «үлде» димәс» (Ә. Исхақ аудармасы).

«Йөрәктә гайрәт булмаса,
Уйлаған уен кем әйтер?
Ақылына нұр кунмаса,
Хайванча яшәп көн итер» (М. Шабаев аудармасы).

Осы өлең жолдарын оқи отырып, туысқан татар халқының Абай өлеңдерінің мағынасы мен мазмұнын ғана аударып қана қоймай, ақын өлеңінің поэтикалық көркемдігін де көрсетуге тырысқанын көреміз.

Түркі тілдес елдердің ішінен алғаш рет 1995 жылы 8-9 тамызда Қазақстанда ЮНЕСКО шеңберінде әлемдік деңгейде өткен Абайдың туғанына 150-жыл толуына арналған ҚР ҰҒА-ның мерейтойлық сессиясына татар әдебиеттанушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Татарстан жазушылар одағының мүшесі, Г.Ибрагимов атындағы Тіл, әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері Флюн Мусин қатысқан болатын. Ол осы конференцияда жасаған «Абай мұрасы және татар әлемі» деген баяндамасында: «XX ғасырдағы татар поэзиясының көрнекті өкілі Ш.Бабич Абайды арабтың көне лирик ақыны Имрелкайсемен және де өзінің замандасы Ғабдолла Тоқаймен салыстырған», - дейді [4, 296 б.]. Ғалым қазақ ақыны ғақлияларының екінші сөзіне тоқтала келе ноғай ұлтын татар мағынасында қолданғанын, олар: «солдатқа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат әсем де соларда» деп жазғанын, адамды адам қылатын еңбек екеніне тоқталады.

Әдебиеттанушы-ғалым Ф.Мусин Абайды жаңа кезеңдегі түркі халықтары әдебиетінің аса көрнекті өкілдері Ахундов, Исхаки, Мақтымқұлы, Мукими, Сабир, Тоқай және т.б. бірқатарға қояды [4, 299

б.]. Бұл әр ұлт жазушылары түркі әлемін байытып қана қоймай, түркі тілдес халықтардың бір-бірімен байланысы, достық пен ынтымақтастық қарым-қатынастардың орнығуына өз үлестерін қосып келеді.

2010 жылы ҚР БҒМ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұйымдастыруымен өткен Абай Құнанбаевтың туғанына 165 жыл толуына арналған «Тәуелсіздік және абайтану» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға татар ғалымы, философия ғылымдарының кандидаты, 2010 жылы Қазақстан Республикасындағы Татар Республикасының өкілетті өкілі болған Ильдус Тарханов қатысып, «Абай философиясындағы әлем бейнесі» («Картина мира в философии Абая») деген тақырыпта баяндама жасады. Татар ғалымы Абайдың «Қара сөздерін» қазақтардың этникалық психологиясының очеркі іспеттес деп, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына, рухани жетілуіне көңіл бөлетін еңбек екенін атап өтеді. Абайдың тән мен рухтың өзара байланысы туралы қара сөздеріне тоқталып, ондағы пәлсапалық ойларға талдау жасайды.

Татарстандағы Қазан Федералдық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Хатип Миннегулов 2015 жылдың тамыз айында Жидебай жерінде өткен қазақ халқының бас ақыны Абай Құнанбайұлының 170 жылдық мерейтойына арналған «Абай және әлемдік өркениет» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып «Абай және татар әдебиеті» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндамасында татар поэзиясының классигі Сибғат Хаким «Абайдың жан дүниесінде қазақ даласының зар-мұңы мен көзінен аққан жасы бар. Ол қазақтың ұлы руханиятын қалыптастырды» дей келе, «Мен Абайды түпнұсқа бойынша және аударма арқылы оқыдым. Осы баяндамаға әзірленгенімде тағы да қарап шықтым. Таңғалдырғаны, менімен алғаш рет кездесіп тұрғандай ақын туындылары бірден баурап алды. Ой тереңдігі, сезім ағысы, ақыл кемелдігіне бас идім. Ақынды оқып отырған сияқты емес, өз аузынан тыңдап отырғандай әсерде қалдым. Менің алдымда домбыра күмбірлеп, әуезді ән шалқығандай болды. Бұл сұлу да сырлы сөздің әуені бізді, ХХІ ғасыр адамдарын да толқытады» [4, 308 б.], - дейді ол. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының татар тіліне аударылуы ақын тұлғасын тануға, зерделеуге септігін тигізгені анық. Х.Миннегуловтың айтуынша, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы арқылы әлем оқырмандарына белгілі болған Абайды татар халқы Сәрвәр Адгамованың аудармасы арқылы таныды. Аталған тәржіме 1957 және 1960 жылдары екі мәрте басылып шыққан.

Хатип Юсупұлы Абай мен татар әдебиеті мәселесін қазақ-татар арасындағы байланыс аясында қарастыру керек екенін атап өтеді. Бұл мәселе Шоқан Уәлиханов, Сәбит Мұқанов, Сайфи Құдаш, Темірғали Нұртазин, Резеда Ганиева, Лирон Хамидуллин және Құлбек Ергөбек еңбектерінде де көрініс тапқан. Туысқан халықты тіл мен діл, экономика, мәдениет және діни байланыстар да біріктіреді. Татар жазушыларының көптеген шығармаларында қазақ өмірі мен тұрмысы суреттелген. Татар этносы Қазақстанның Қызылжар, Семей және Орал өңірлерінде жиі шоғырланған. Мектеп-медреселер, баспалар да бұл үрдісті жандандыра түсті. Мәселен, 1863 жылы Семейде 9-ға жуық жеке татар мектебі жұмыс істеген. Қазақ халқының көптеген әдебиет пен мәдениет қайраткерлері Қазандағы «Мұхаммадия», Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусаиния» т.б. оқу орындарында білім алды. Бұл ретте Абай да бала күнінен татарлармен аралас-құралас болып, олардың өмірі мен тұрмыс-салтын жақсы білді. Сонымен қатар, Абай шығармаларында татар тіліндегі сөздердің жиі кездесетінін білеміз.

«Абайдың «Қара сөздерінде» татарларға жақсы сипаттама да берген. Алғашқыда ауыл молдасы, татар өкілі Ғабитханнан, одан кейін Семейдегі «Ахмет Риза» татар медресесінде білім алды. Осы оқу жылдарында ол шығыс шайырлары мен орыс жазушыларының шығармаларымен, сондай-ақ, татар халқының белгілі ағартушылары Шигабуддин Марджани, Каюм Насыри, Хусаин Фейзханов еңбектерімен жақын танысты. Көптеген татар оқымыстылары сияқты Абай да исламды, мұсылманның рухани құндылықтарын терең танып, дәстүрлі сюжеттерді, кейіпкерлерді өз шығармаларында пайдаланды. Абай поэзиясы Ақмолла, Қандалы, Ғұмар Мұхаммадұлы шығармаларындағы шынайылықтан алыстамайды. Абайдың артықшылығы – тілінің жалпыға түсініктілігінде, араб-парсы сөздерін аз қолдануында жатыр. Ұлы ақынның өлеңдері мен әндері татар халқына, әсіресе, қазақпен етене жақын татарларға ертеден белгілі болған. Айталық, суретші Бакый Урманче, композитор Латиф Хамиди, жазушылар Кави Наджми мен Сэрвэр Адгамова, ақын Махмұд Хусаин сынды белгілі татар қайраткерлері қазақтың бай тілі мен дәстүрін жетік білді» [4, 309-310 бб.], - дейді Х.Миннегулов өз баяндамасында.

Дәл осы жылдың қазан айында Астана қаласы Назарбаев университетінде Абай Құнанбаевтың туғанына 170-жыл толуына арналған «Абай – әлемдік феномен» деп аталатын халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда «Абай және Тоқай» деген тақырыпта салыстырмалы-типологиялық талдау жүргізе отырып баяндама жасаған

болатын. Бұл екі баяндама да «Абай Құнанбаев шығармашылығының шетелдік рецепциясы» [4] деп аталатын жинақта жарық көрді. 2017 жылы татар ғалымының «Тюрко-татарская словесность в контексте межлитературных связей» деген көлемі 360 беттен тұратын монографиясы жарық көрді. Бұл зерттеу еңбектің қазақ ақыны Абайға арналған тараулары «Абай және татар әдебиеті», «Абай және Тоқай» деп аталады.

Қазақ және татар әдебиетінің классиктері Абай Құнанбаев пен Ғабдолла Тоқайдың шығармашылығын зерттеген татар ғалымы қазақ ақыны да, татар ақыны да өз халқын жарқын болашаққа жетелеген ағартушы, ойшыл ақындар екенін, екі ақын да орыс әдебиетінің жауһарларын Пушкин, Лермонтов, Крылов т.б. туындыларын, ал орыс тілі арқылы батыс еуропа авторларын аударған дейді. Қос ақынды да тақырыбы мен көркемдік шеберлігі жағынан салыстыра отырып, екеуі де табиғатты, туған өлкені, махаббаттың ұлылығы мен әдемілігін суреттейді деп олардың ұқсастықтары мен өз ұлтына тән айырмашылықтарын ашып көрсетеді. Татар ғалымы Абай мен Тоқайдың шығармалары бір ғасырдан аса миллиондаған оқырмандардың рухын тәнті етіп келе жатқанын, Абайдың «Қара сөздері» қазақтардың өмір сүрудің кодексіне, ал Тоқайдың «Туған тіл» өлеңі татар халқының әнұранына айналғанын атап өтеді.

Татар халқының Абай Құнанбаев мұрасы туралы жазған мақалалары мен зерттеу еңбектерін қарастыру барысында туысқан екі елдің тамыры тереңде жатқанын, әлі де зерттеу нысаны болатынына көзіміз жетіп отыр.

Өзбек тіліндегі Абай шығармаларына келетін болсақ, ақын өлеңдері 1920 жылдан бастап аударыла бастады дейді өзбекстандық әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Турон» Өзбекстан ғылым академиясының академигі Қалдыбек Сейданов «Абай және өзбек әдебиеті» деп аталатын мақаласында [4, 358 б.]. Оның мәліметі бойынша, Абайдың «Талаптың мініп тұлпарын» өлеңі 1921 жылы қазақ тілінде Ташкенттен шығатын «Ақ жол» газетінің № 19 санында жарияланды. Ал, 1922 жылы «Инқилаб» («Революция») журналының № 3 санында «Адамның кейбір кездері», «Ақын» және т.б. өлеңдері жарық көрді. Дәл осы 1922 жылы Абайдың шығармалары Ташкент қаласында қазақ тілінде жинақ болып басылып шығады. Белгілі өзбек ғалымы Абдурахман Сағди осы жинаққа қатысты 1923 жылы «Ақ жол» газетінде алғаш рет «Абай» атты мақаласын жариялайды.

Мақалада өлеңдер жинағындағы ақын шығармаларының тіліне қатысты пікірлер мен кейбір араб, парсы, орыс сөздеріне түсініктеме береді.

Абайдың өлеңдерін оқып терең түсініп жүрген өзбекстандық зиялы қауым мен оқырмандар өкілдері ХХ ғасырдың 30-шы жылдары қазақ ақынының шығармаларымен кеңінен таныса алды. Өзбекстанда Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған әдеби кештер ұйымдастырылып, газет-журналдарда мақалалар шыға бастады. 1930 жылдың 6-шы ақпанында «Қызыл Өзбекстан» (қазіргі атауы «Узбекистан овози») газетінде Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған көлемді мақала бір топ өзбек жазушылары атынан ақынның қайтыс болғанына 30 жыл толуына байланысты дайындалған болатын. Республикадағы қазақ мектептеріне арналып шығарылған «Білім» оқулықтарына ақынның «Күз», «Шегіртке», «Жаз» және т.б. өлеңдері, ал 1931 жылы шыққан «Балдәурен» оқулығына Абайдың «Күз», «Күз суреттері» және т.б. туындылары енді. 1935 жылы өзбек тілінде шығатын «Совет әдебиеті» журналында Елтоқ Дилмұхамедовтің «Қазақ халқының ұлы ақыны» деген көлемді мақаласы жарық көреді.

Кейіннен 1945 және 1970 жылдары Ташкент қаласында республика көлемінде ақынның туғанына 100 жыл толуы мен 125 жыл толуы салтанатпен атап өтілді. Осы мерейтойларға қатысты республикалық баспасөз беттерінде мақалалар мен зерттеулер жарияланды. Абай ақынның 100 жылдығына орай 1945 жылы тұңғыш рет өзбек тілінде «Абай уланлары» деген көлемі 72 беттен тұратын өлеңдер жинағы жеке кітап болып басылып шықты. Ақын туралы салмақты зерттеулер пайда бола бастады. Танымал әдебиеттанушы ғалым, профессор Абдурахман Сағдидің «Қазақ ақыны Абай және оның әдеби туындылары» (1945), қазақ әдебиетінің жақын досы, ақын Міртемірдің «Ұлы ақын» (1945) деген еңбектері жарияланса, ақын, драматург, ғалым Максұд Шайхзаденің, филология ғылымдарының докторы, профессор Н.М.Маллаев және т.б. мақалалары шыға бастады.

Қазақ ақыны Абай Құнанбаевтың 1945 жылы Алматыда өткен 100 жылдық мерейтойына Өзбекстаннан Айбек, Ғафур Ғұлам, Абдурахман Сағди, Міртемір, Хади Зариф секілді өзбек жазушылары мен әдебиетші ғалымдары қатысқан болатын.

Өзбек оқырмандарының Абай шығармашылығына қызығушылығы 50-60 жылдары арта түсті. Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының өзбек тілінде Зұмрад аудармасында жарық көруі өзбек халқының қазақ халқы туралы, қазақ халқының перзенті ақын Абайдың өмірі туралы жан-жақты терең білуге мүмкіндік берді.

Көптеген өзбек ғалымдары қазақ ақыны туралы көлемді зерттеу еңбектер жазды. Белгілі ғалым, профессор Н.М.Маллаевтің «Қазақ халқының демократ ақыны» (1954), профессор М.Бекбергеновтің «Абай творчествосы жайлы» (1954), филология ғылымдарының докторы Н.Рахимовтың Абайдың туғанына 110 толу мерейтойына байланысты, Өзбекстан Жазушылар одағында «Абайдың өмірі мен шығармашылығы» деген тақырыпта жасаған баяндамасы, сондай-ақ филология ғылымдарының кандидаты Ж.Әбдуәлиевтің «Абай романының аудармасы жайлы» (1954), «Абай эпопеясының тәржімасы жөнінде бірер сөз» (1962), «Науаи және Абай» (1968), жазушы және аудармашы Н.Фазиловтың «Ұлы ағартушы» (1960) сияқты т.б. мақалаларымен еңбектері көптеп шықты.

Абай Құнанбаевтың «Таңдамалы» өлеңдер жинағы өзбек тілінде әр жылдары (1945, 1961, 1970) жарияланған болатын. Ақынның қарасөздері кейіннен 1975 жылы жеке кітап болып басылды. Абай шығармаларын аударуға Ғафур Ғұлам, Міртемір, Ұйғун, Турап Төле, Нәсір Фазылов, Мақсұт Шайхзаде мен Жұманияз Жаббаров, Асқад Мұхтар, Мұхаммад Әлі, т.б. көрнекті өзбек қаламгерлері өз үлестерін қосты.

1961 жылы өзбек тілінде шыққан Абай Құнанбаевтың «Танланған Асарлар» деп аталған көлемі 216 беттен тұратын таңдамалы өлеңдер жинағы өзбек жазушысы, аудармашы Нәсір Фазыловтың алғы сөзімен шықты. Алғы сөз авторы қазақ ақыны Абайдың өмірбаянына тоқтала келе, шығармаларын талдайды. «Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың», «Күлембайға» деп аталатын сатиралық өлеңдері арқылы Абай зұлымдық пен надандықты әшкерелеп жеткізгенін айтады. Ақын өлеңдерінің тақырыптары әралуан екендігін, махаббат, достық, табиғат, ақынның міндеті және де т.б. тақырыптарға арналғанын атап өтеді. Қазақ өлеңіне жаңа өлең өлшемдерін: сегіз буынды және алты буынды – жаңа екі түрін енгізгенін, сонымен қатар, Абайдың аудармамен айналысып, Пушкин, Лермонтов өлеңдерін қазақ тіліне аударғанын тілге тиек етеді. 1961 жылы шыққан «Таңдамалы шығармалар жинағына» енген өлеңдерді аударған өзбек авторлары – Міртемір, Ұйғын, Ғұлам Шоди, Раззоқ Абдурашидов, С.Худойберганов сынды ақындар. Қазақ ақынының «Масфұт» поэмасын Ұйғун, «Әзім әңгімесі» поэмасын Хаким Хужаев, «Ескендір» поэмасын Міртемір өзбек тіліне аударды. Ал Нәсір Фазылов Абайдың 45 қара сөзін аударып өзбек халқына жеткізді.

1970 жылы Ғафур Ғұлам атындағы көркем әдебиет баспасынан жарық көрген Абай Құнанбаевтың «Шеърлар ва поэмалар» деп аталатын өлеңдер мен поэмалар жинағы көлемі 152 беттен тұрады. Бұл жинаққа

танымал өзбек ақындары Ұйғын, Міртемір, Аскад Мұхтар, Султан Акбари, Жұманияз Жаббаров аударған Абайдың «Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі» поэмалары мен өлеңдері енді.

Өзбекстандық ақын, жазушы, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының кандидаты, Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры А.Рустамов 1970 жылы Абайдың туғанына 125 жыл толуына орай «Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ақыны және ағартушысы» деген кітапшаны өзбек тілінде жарыққа шығарған болатын.

1971 жылдың 31 мамырында ақынның туғанына 125 жыл толу мерейтойына орай, Алишер Науаи атындағы Академиялық Опера және балет театрында өткен үлкен салтанатты кеште Абай өлеңдері мен әндері өзбек өнер адамдары тарапынан орындалды. Академик Вахид Захидов, профессор Лазиз Қаюмов және т.б. ғалымдар Абайдың шығармашылығы жайлы сөз сөйледі. «Өзбекстан мәдениеті» газетінде Абайға арнайы бір бет арналып, онда ақынның портреті берілді. «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңі, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан үзінді, Міртемірдің «Абай ата» атты өлеңі, редакция алқасы тарапынан дайындаған «Жарық жұлдыз шұғыласы» атты көлемді мақала мен Екубжон Яквалхожаевтың «Тарту» атты Абай аудармасы жайлы шағын мақаласы жарық көрді. Сонымен қатар, «Совет Узбекистони» (қазіргі атауы «Узбекистан овози») газетінде Міртемірдің мақаласы мен «Тошкент хақиқати» газетінде Қ.Сейдановтың «Қазақ халқының ұлы ақыны» мақаласы және академик Вахид Захидовтың «Сәулелі тұлға» атты көлемді еңбегі жарияланды.

Қазақ ақынына деген құрметінің белгісі ретінде өзбек халқының атынан Міртемір ақын «Абай – бабай» деген арнау өлең жазады, оны қазақшаға Ә.Абайділданов «Абай ата» деп аударған болатын.

«Алатаудың мәрмәр тасын тұғыр етіп қырандай,
Алматының көшесінен отыр көзін бір алмай.
Халқының ол зердесіне жағып сөнбес шырақты,
Елдің даңқын жырға бөлеп, ойлы отырған сияқты.

Замандардан зарлап өмір, қаншалықты көрді азап,
Туған елдің күш-қуатын бүгін ашты бұл қазақ.
Сол халықтың даналығы бойында еді Абайдың,
Ескерткіші алдында оның бас имесін қалай кім?»

«Барған сайын терең бойлап табиғаттың сырына,

Бүгін міне, шықты қазақ – өнер, білім шыңына.
Жеті қабат көк жүзінде ғарышқа да бойлады,
Жұлдыздарға бірге жетпек ақын Абай ойлары.

Жазда барсаң, қыста барсаң – Абай отыр бір қалып,
Кептер барып иығына қонақтайды жыр барып.
Абай ата маңғаз отыр, төбесінде – көк аспан,
Түзде жұлдыз жыпырласып көруге оны таласқан»,

- деп қазақ халқының ұлы ақыны туралы жырлайды. Міртемір ақынның «Абай ата» өлеңі Алматыдағы Абай ескерткіші алдында жазылған. Ақын бұл өлеңінде қыран сияқты, «халқының зердесіне сөнбес шырақты жағып кеткен» ойлы көзімен қарап отырған ұлы Абайдың бейнесін сомдау арқылы, бүкіл қазақ халқының бүгінгі келбетін ағынан жарыла суреттейді.

Абайдың туғанына 130, 140, 150, 160, 170 жыл толу мерейтойлары өзбек елінде кеңінен атап өтіліп отырды. Қазақ ақынының 150 жылдығына орай Өзбекстан елді мекендерінде салтанатты жиындар мен Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының үлкен конференц-залында ұлы ақын Абайға арналған ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференцияда өзбек халқының белгілі ғалымдарынан академик Иззат Султанов, ғылым докторларынан Төра Мырзаев, Бақтияр Назаров, өзбек жазушыларынан Әділ Якубов, Мирмухсын, Абдулла Арипов сияқты қаламгерлер баяндамалар жасады.

Кемеңгер ақынның 150 жылдығына орай 1995 жылы «Танланған Асарлар» деп аталатын таңдамалы шығармалары өзбек тілінде жеке кітап болып, қайта басылып шықты. Өзбек халқының танымал жазушысы, аудармашы Нәсір Фазылов 1995 жылы қазақ ақынының 150 жылдық мерейтойына орай «Абай» деген атпен, Абайдың 20-дан астам өлеңдері мен «Масфұт», «Ескендір» поэмаларын, қара сөздерін өзбек тілінде жарыққа шығарды. Осы 1995 жылы «Шолпан» баспасынан Өзбекстан Республикасы Туран ғылымдар академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Қалдыбек Сейдановтың «Абай мәңгілігі» атты зерттеу еңбегі өзбек тілінде басылып шыққан болатын.

2015 жылы әдебиеттанушы ғалым Қ.Сейдановтың алғысөзімен, әрі әзірлеуімен «Жарқын жұлдыз» деген атпен Абайдың кітабы өзбек тілінде көлемі 292 беттен тұратын таңдамалы өлеңдері басылып шықты. Өзбекстандық ғалым қазіргі уақытта «Абай және Орта Азия әдебиеті»

деген көлемді еңбек жазу үстінде. Бұл еңбекте ғалым қазақ ақыны Абайдың өзбек, қырғыз, қарақалпақ, түркімен, тәжік әдебиеттерімен байланысын қарастырмақ.

Абайдың 170 жылдығына орай 2015 жылы Абдулла Рустамовтың «Абай олами» («Абай әлемі») атты еңбегі өзбек тілінде жарық көрді. Көлемі 160 беттен тұратын «Абай әлемі» деген еңбегінде зерттеуші әр елдің өз ұлы тұлғалары болатынын, өзбек халқының көрнекті өкілдері Әбу Әли Ибн Сина, әл-Бухари, Ұлықбек, Бабыр, Әлішер Науаи болса, қазақ халқының дарынды ұлдарының бірі – ағартушы-ақын, әрі композитор деп Абай Құнанбаевты атайды. Ол 170 жыл бойы қазақ әдебиетінің ғана емес әлем әдебиеті тарихында ерекше орын алатынын атап өтеді. А.Рустамов бұл еңбекті Абайдың шығармашылығы әдебиеттің өлмес мұрасы болып табылатындықтан «Абай әлемі» деп атағандығының себебіне тоқталады. Автор «бұл кітапта Абайдың шығармашылығына баға беруге ұмтылмадым, керісінше ақынның дара жолын, оның философиялық көзқарастары мен тәрбие туралы айтқандарын өзбек халқына жеткізгім келді» [4, 365 б.] - дейді.

Өзбекстан Жазушылар одағы жанындағы Қазақ әдебиеті кеңесі, Республикалық қазақ ұлттық мәдени орталығы және «Нұрлы жол» газеті Абай Құнанбаевтың 170 жылдығына арнап Ташкенттегі Ұлтаралық мәдениет орталығында ұлы ақынның шығармашылығы мен мәңгілік поэзиясына арналған әдеби-сазды кеш пен жыр-мүшәйрасын ұйымдастырды [5]. Іс-шараның ашылу салтанатында Қазақстанның Өзбекстандағы Төтенше және өкілетті елшісінің кеңесшісі Наурыз Айдаров, Өзбекстан Жазушылар одағының төрағасы Мухаммад Али, Ұлтаралық мәдениет орталығының төрағасы Насриддин Мухаммадиев, өзбек халқының танымал жазушысы, аудармашы Нәсір Фазылов, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы Оңтүстік Қазақстан аймақтық филиалының жетекшісі Жарқынбек Төлтебай, профессор Қалдыбек Сейданов, Өзбекстан және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мекембай Омарұлы және т.б. ғалымдар мен қоғам қайраткерлері ақынның шығармашылығы туралы және де өзбек пен қазақ халқының достығы туралы, әдеби байланыстары туралы сөз қозғады.

Көп ғасырлық бай тарихы бар әзірбайжан әдебиетіне келер болсақ, Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына 50 жыл толуы республика көлемінде 1954 жылы кеңінен атап өтілді. Қазақ ақыны Абайдың мерейтойы қарсаңында әзірбайжандық зерттеуші-ғалым Панах Халиловтың көлемді мақаласы «Коммунист», «Адавият веинджесенет» т.б. республикалық мерзімді баспасөз беттерінде жарияланды.

Әдебиеттанушы ғалым әзірбайжандық оқырмандарға қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы А. Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы және туған әдебиетіне қосқан ұлан-ғайыр үлесі туралы көптеген мағлұматтар берді.

Бұдан кейін Әзірбайжанда 1955 жылы Абайдың туғанына 110 жыл, 1965 жылы 120 жыл толу тойлары атап өтілді. Абай поэзиясының басты ерекшеліктеріне тоқталған «Қазақ поэзиясының Күні» атты мақала жарық көрді. Ал, 1970 жылы Абай Құнанбаевтың 125 жылдығы қарсаңында республикалық мерзімді баспасөз беттерінде Абайдың алдағы уақыттағы мерейтойына дайындық жүргізу жөнінде хабарлар жарияланып, онда салтанатты кештер мен конференцияларды өткізу және қазақ ақынының шығармаларының бір томдығын дайындау жөнінде айтылады.

1970 жылы Абай Құнанбаевтың әзірбайжан тіліндегі алғашқы «Абай Құнанбаев. Шерләр вә поемалар» [6] деп аталатын өлеңдер мен поэмалар жинағы Бакуде басылып шықты. Көлемі 208 беттен тұратын жинаққа енген Абайдың өлеңдерін республиканың белгілі ақындары С. Рустам, М. Рагим, А. Джамил, М. Дильбаз, А. Бабаев, А. Кюрчайлы, А. Ализаде, И. Тапдыг, Ф. Садыг, М. Араз, А. Зейналл, Р. Зека, Э. Борчалы т. б. аударды.

Ал, Абайдың поэмаларын – «Ескендірді» Новруз Гянджали, «Масғұтты» Гасым Гасымзаде, «Әзім әңгімесін» Алекпер Зиятай әзірбайжан тіліне аударған. Профессор А.А. Гаджиев Абай шығармашылығының Шығыс әдебиетіне ықпалы жөнінде «Советтік Шығыс әдебиетіндегі реализм» атты кітабында кеңінен тоқталған. Автор өзінің зерттеуінде: «Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың (1845-1904) шығармашылығы демократиялық поэзияның реализмнен ағартушылық реализмге өту кезеңінің айқын мысалы болып табылады, оның қоғамдық-ағартушылық және поэтикалық қызметі қазақ қоғамының мәдени дамуындағы алға басқан тарихи қадам еді, ол ауыз әдебиеті поэзиясынан көркем, жазба, жеке авторлық әдебиетке көшудің көш басшысы болды... Бұл сатыға көтерілу үшін Абайға фольклор мен ауыз әдебиеті дәстүріне сүйене отырып, Шығыс поэзиясының, ХІХ ғасырдағы Еуропа мен орыс әдебиетінің тәжірибесін бойына сіңіру қажет болды» [3, 63 б.] - деп жазады. Сонымен қатар, А.А. Гаджиев Абай Құнанбаевтың орыс, ол арқылы Еуропа мәдениетіне назар аудару арқылы өзінің рухани байлығын молайтқанын айтады.

2017 жылдың 29 наурыз күні Әзірбайжандағы Қазақстан Елшілігінің қатысуымен Баку мемлекеттік университетінде әзірбайжан тілінде

шыққан Абай Құнанбаевтың шығармалар жинағының тұсаукесері өтті. Бұл аударманы Баку мемлекеттік университетінің жанындағы 2011 жылы құрылған Абай атындағы қазақ тілі, тарих және мәдениет орталығының басшысы, филология ғылымдарының докторы Фатима Дурсунованың жетекшілігімен дайындаған. Баку мемлекеттік университетінің студенттері, мұғалімдері, профессорлар мен ғалым-филологтар, түркітанушылар, абайтанушылар, Бакудегі Қазақстан елшілігінің өкілдері мен «Қазақстан-Әзірбайжан» достық қоғамының өкілдері қатысқан тұсаукесерде Әзірбайжандағы ҚР Елшілігінің кеңесшісі Дархан Көшербаев бұл жинақтың әзірбайжан ғалымдары мен студенттері тарапынан Қазақстанның тарихына, мәдениетіне деген қызығушылығын оятатынын және 2015 жылы Абайдың 170 жылдығына арналған халықаралық конференцияның да өте жоғары деңгейде өткенін атап өтті.

Тұсаукесерде сонымен қатар, Баку мемлекеттік университеті филология факультетінің деканы, филология бойынша философия докторы Эльчин Мамедов Әзірбайжан мен Қазақстанның тамыры, мәдениеті мен тарихы бір болғандықтан, Әзірбайжанда қазақ әдебиетін оқуға деген қызығушылықтың артып келе жатқанын және де Абай Құнанбаевтың түркі әдебиетінің дамуына қосқан үлесінің мол екеніне тоқталады.

«Абай Құнанбаев шығармашылығының шетелдік рецепциясы» деп аталатын жинақта Баку мемлекеттік университеті түркі халықтарының әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Агаева Фируза Абдуллақызының «Адамзаттың баласы» [4, 9-19 б.] деп аталатын мақаласы басылып шықты. Мақала авторы Абайдың жеке тұлғасы мен шығармашылығының өз заманында да, қазіргі біздің уақытта да басты назарда екенін айтады.

Ф.А. Агаева Абайдың өзінің жақын адамдарының ортасында жалғызсырауын, достан да, дұшпаннан да көңілі қалғанын «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» деген өлеңін 18 ғасырда өмір сүрген әзірбайжанның белгілі ақыны Молла Панах Вагифтың «Шындықты іздедім, бірақ ол жоқ» («Я правду искал, но правды снова и снова нет») деген өлеңімен сабақтастырады.

Әдебиетші ғалым Ф.А. Агаева Абайдың қара сөздерін талдай келе, оның «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп қынжылып, өз халқын жаман қасиеттерден арылту үшін көркем сөздің құдіретті күшіне жүгініп қара сөздері мен өлеңдерін арнағанын сөз етеді. Абайдың «Қара сөздерін» әзірбайжандық ағартушы Гасан-бек Зардабидің (1842-1907)

жан айқайына ұқсатады. Гасан-бек Зардаби алғашқы әзірбайжандық «Экинчи» газетінің негізін қалаушы, ақиқат сөздің көмегімен адамдардың санасын, қоғамдық өмірді өзгертуге шақырған ағартушы, публицист. Екі елдің азаматы да сөздің тәрбиелік мәніне аса көңіл бөліп ағартушылықпен айналысып отырған.

Әзірбайжандық жазушы, драматург және публицист Наджаф-бек Везирдің (1854-1926) өз халқының өзге халықтан ілгері жүруін, өз заманына сай көшпен бірге ілесіп отыруын, артта қалып қоймауын «Ени Иршад» газетінің 1911 жылдың 6 қыркүйек күнгі №7 санында «Баладжа мутафаррига» («Маленькие рассказы») деп аталатын әңгімелерінде айтқан болатын. Оның: «Мен байлардан сұрадым, олардан өтініп: Бауырларым менің! Біздің байғұс балаларымыз тәрбиесіз және ғылымсыз қалды, көмектесіңіздер, олардың құр босқа жүруіне жол бермеңіздер... Қолөнершілер мен көпеске жалындым: осы халыққа жаныңыз ашысын, басқалардың таптап кетуіне жол бермеңіз» («Обратился я к богатым, умолял их: Братья мои! Наши несчастные дети остались без воспитания и науки, помогите, не допускайте, чтоб они пропали зря... Умолял ремесленника и купца: сжальтесь над этим народом, не допускайте, чтобы был растоптан другими») [7, 391 б.] деген сөздерін келтіре отырып Ф.А. Агаева халықты басқару мен баланы тәрбиелеуден асқан ғылым бар ма деп сұрақ қою арқылы Наджаф-бек Везир сөздерінің Абайға бір қадам болса да жақын екенін көрсетеді. Ол Абайдың екінші қара сөзіндегі ойды, өзге ұлттан кем болмауын керектігін, оқу мен өнерді игеру керектігін айтқан еді.

Тәжік әдебиетінде Абай Құнанбаевтың шығармалары 1950-жылдары ақынның туғанына 105 жыл толуы қарсаңында таныла бастады. «Хакикати Ленинабад» («Ленинабад ақиқаты») газетінің 1950 жылғы 11 тамыздағы санында А.Мирпогоев «Ұлы орыс мәдениетінің досы» деген қазақ ақыны жайлы алғаш рет мақала жариялаған болатын. Мақала авторы Абайдың өмірі мен оның шығармалары жайлы қысқаша мағлұмат беріп, ұлы ақынның парсы-тәжік әдебиетін жетік білетіндігін айтады. Ал, 1954 жылы Абайдың қайтыс болғанына 50 жыл толуына орай 6 шілде күнгі «Ленинабадская правда» газетінде С.Атжановтың орыс тілінде «Қазақ халқының ұлы ағартушы ақыны» атты мақаласы шықты. Бұл мақалада да Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы ақпарат беріледі және де оның аудармалары туралы сөз қозғалады. Ақынның қайтыс болғанына 50 жыл толуына байланысты республикалық әдеби «Шарки сурх» («Қызыл Шығыс») журналының 1954 жылғы 7 санында Абайдың өлеңдері Бобо Хожидің аударуында

«Жастықтың оты қайдасың?...», «Жүрегім менің – қырық жамау...», Ғаффор Мирзоның аударуында «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...», А.Шарифидің аударуында «Балалық өтті, білдің бе?...», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» өлеңдері тәжік тілінде тұңғыш рет жарияланды [3, 540 б.].

М.Әуезовтің «Абай жолы» романын тәжік тіліне Э.Муллоханов 1955 жылы аударған. Бұл тәжік халқының әдеби өміріндегі елеулі құбылыс болды. Осы «Абай жолы» романына қатысты мерзімді баспасөз беттерінде тәжік ғалымдары мен жазушылары Сайфуллоев, Икромиді, Э.Муллоханов, Тұрсынзада, Н.Нечаеваның және т.б. көлемді мақалалары жарық көрді.

1960 жылдың 11 тамызында «Маориф ва маданият» («Ағарту және мәдениет») газетінде Абай Құнанбаевтың «Иди прямой дорогой», «Өзіңе сен жас ойшыл», «Жастықтың оты жалындап» өлеңдері Ш.Мастон, С.Халимшо деген аудармашылардың аударуында жарық көрді. 1988 жылы шыққан «Керпе» журналының № 10 санында А.Хуммедованың аударуындағы Абайдың «Жұмбақ» өлеңі жарияланды. Сонымен қатар, Өзбекстанда тәжік тілінде шығатын республикалық «Узбекистони сурх» («Қызыл Өзбекстан») газеттері беттерінде де қазақ ақынының өлеңдері шыққан болатын.

Осы 1954 жылы тәжік баспасөз беттерінде Абай Құнанбаев туралы жазылған қазақ жазушылары С.Мұқановтың «Қазақтың ұлы ақыны» («Жавонони Тажикистон» журналы, 1954, 7 шілде), Т.Әлімқұловтың «Ағартушы ақын» («Шарқи сурх» журналы, 1954, 10 шілде), «Қазақ әдебиетінің негізін қалаушы» («Тажикистони сурх», «Коммунист Таджикистана», «Қызыл Тажикистон» газеттері, 1954, 6 шілде) мақалалары тәжік тіліне аударылып басылған болатын.

1963 және 1969 жылдары республика көлемінде өткен қазақ-тәжік әдебиеті мен мәдениеті күндерінде тәжіктің белгілі ақын-жазушылары М.Тұрсынзада, Д.Икромиді, М.Қанаот, Ю.Акебиров, Г.Сафиева, А.Сайфуллоев және т.б. жариялаған мақалаларында Абайды қазақ әдебиетінің классигі деп таныды.

Тәжік әдебиеттанушы ғалымдары академик М.Шукуровтің, профессор А.Сайфуллоевтың, филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Нұралиевтің, филология ғылымдарының кандидаты В.Самадтың қазақ ақыны Абай Құнанбаев және де туысқан халықтар әдебиеттерінің үндестігі туралы жазған мақалалары мен зерттеу еңбектері, монографиялары бар. Әдебиеттанушы-ғалым А.Сайфуллоев

ұлы ақынға арнап оннан астам мақала жазған, Абай шығармаларына терең талдау жасаған.

Филология ғылымдарының докторы, Ресей-Тәжікстан славян университетінің профессоры Әбдусаттар Нұралиев қазақ әдебиеті және Абай туралы тәжік тілінде жазған зерттеулердің авторы. Оның «XIX-XX ғғ. тәжік-қазақ мәдени-әдеби байланыстары» [8] монографиясы, «Абай және тәжік әдебиеті» зерттеу кітабында Абай мұрасы түпнұсқа деректерге сүйене отырып қарастырылған. Бұған дейін Ә.Нұралиевтің Абай туралы мақаласы «Тәжік әдебиеті мен өнері» энциклопедиясында жарық көрген болатын. Мұнда автор ақын шығармаларының парсы-тәжік классиктерінің әдебиетімен үндестігін кеңінен сөз еткен. Сондай-ақ, У.Тахировтың «Тәжік совет энциклопедиясының» 1-ші томында (1978) Абай жайлы көлемді мақаласы шықты.

1995 жылы Қазақстанда ЮНЕСКО шеңберінде әлемдік деңгейде өткен Абайдың 150-жылдық мерейтойына қатысқан тәжік ғалымы, ТР Ғылым академиясының академигі Ульмас Мирсаидов «Абай және тәжік әдебиеті» [4, 284-287 бб.] деген мақаласында Тәжікстан Республикасының үкіметі Қазақстан Республикасындағы әріптестерінің қазақ халқының әлемге танымал ұлы ақыны, ойшылы Абайдың 150 жылдығына арналған іс-шараларға шақыруын үлкен мәртебе санайтынын және де екі елдің ғасырлар бойы келе жатқан байланысын, қазақ ақынының тарихы терең тәжік әдебиетінен сусындағанын айтады. Қазақ-тәжік әдеби байланыстарында Абай ең бірінші орында тұруы керек дейді тәжік ғалымы. Абайды парсы тілін жақсы игеріп және де осы тілде әдебиеттерді терең оқып білген дейді. Абайдың өлеңдерінде Сағди, Хафиз дәстүріндегі өсиет пен дидактиканың бой алуын басты назарға алады. Қазақ ақынының араб тіліне жетік болғаны, оның шығыс әуендері желісімен үш тамаша поэма жазғанын және де бұл дәстүрдің бұрын соңды қазақ әдебиетінде болмағанын атап өтеді. Фирдоусидің «Шахнаме», «Мың бір түн» ертегілері, Низами Ганджавидің «Хамсасы» шығармалары Абайдың «Ескендір», «Әзім әңгімесі», «Масфұт» поэмаларына негіз болған. Қазақ әдебиеттанушылары Абайдың шығыстық сарынмен ізденістерін Қайқауыстың «Насихатнамасы» мен Сағдидің «Гүлістанынан» бастау алады дейді.

Тәжік-парсы әдебиетінің қазақтың жазба әдебиетінің пайда болуы мен қалыптасуына бірден-бір құнарлы бұлақ әрі Абай үшін шеберлік мектебі болғанын айтады. Қазақ ағартушысы Физули, Навоимен қатар, Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Шамси Тебриз және басқа да классиктерді өзінің ұстазы санаған және де осы туралы өлең де шығарған дейді:

Физули, Шамси, Сайхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу һәммәси
Мәдәт бер йа шағири фарияд.

У.Мирсоидов М.Әуезовтің Абайдың лиро-эпостық поэмаларын «пәлсапалық-үгіт-насихаттық» деп атағанын және де Абайдың ежелгі Шығыс мәдениетінен өзіне ең жақынын классикалық араб-иран және шағатай поэзиясын тандап алған деп жазғанына тоқталады.

Тәжік әдебиеттанушысы, 2005 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің ізденушісі болған Вайсиддин Абдуллоев «Абай және суфизм» [4, 288-295 бб.] деген мақаласында Абайдың сопылық көзқарастарына тоқталған. В.Абдуллоев Абайдың поэзиясы мен прозасындағы сопылық сарындарды іздестіру арқылы қазақ ақынын тәжік сопылары Сағди, Низами, Руми, Атгара, Хафиза және т.б. өлеңдерімен тәрбиеленген дейді. Шығыстың классикалық ақындары Рум, Хамадани, Низами, Сағди, Хафиз, Жәми, Науаи, Йассауи шығармаларымен тақырып үндестігін, идея, композиция, сюжет, бейнелілік ерекшеліктері тұрғысынан қарастырған. Абай мен тәжік ақындарының лирикалық өлеңдеріндегі философиялық-дидактикалық, адамгершілік-имандылық, табиғат, ғашықтық тақырыптағы жырларының үндестіктерін, өзгешеліктерін анықтаған.

Қырғыз бен қазақ халықтарының мәдени, әдеби байланыстары тереңде жатыр. Екі елдің бір-біріне бауырлас, егіз екені тарихтан мәлім. Қырғыз бен қазақ ауыз әдебиетінің ортақ үлгілері, жырлар мен эпостар және т.б. құндылықтары зерттеліп әдебиет тарихынан өзінің лайықты орнын алған. Тілі, ділі, діні бір бауырлас қырғыз халқы қазақ ақыны Абай Құнанбаевтың өлеңдерін негізінен қазақ және татар тілінде ертеректе жарық көрген мерзімді баспасөз беттері мен кітаптар арқылы танысып отырған.

Байымбет Абдраманов (Тоғолоқ Молдо) қырғыздың жанашыл ақыны, қырғыз әдебиетіндегі мысал жанрының негізін салушы, алғашқы ақын-жыршы ретінде танылды. Ол Абай Құнанбаевтың замандасы болды, Абай шығармаларын «Дала уәлаяты газетінен», «Айқап» т.б. қазақ басылымдарынан оқыды. Тоғолоқ Молдо Абай шығармаларын жоғары бағалаған, кейбірін жатқа айтқан. Сонымен қатар, ол қазақ поэзиясын, қазақ ақын-жырауларын да жақсы білген.

«Абай» энциклопедиясының «Қырғыз әдебиеті» [3, 375 б.] деген тараушасында Абайдың Тоғолоқ молдаға әсері туралы «Тоғолоқ Молдо

мен Абай шығармаларында ұқсас сәттер кезігіп отырады. Абайдың сегіз жолдан тұратын «Сегіз аяқ» өлеңінің үлгісінде Тоғолоқ Молдо да жазды. Бұл Абай поэзиясының тек қазақ әдебиеті емес, қырғыз әдебиетінің бастамасы да екенін көрсетеді. Тоғолоқ Молдо Абай өлеңдерін бойына сіңіре білді, сол арқылы орыс әдебиетімен, оның алдыңғы қатарлы өкілдері Александр Сергеевич Пушкин, И.А. Крыловпен танысты» [3, 376 б.] - деп беріледі.

Қазақ пен қырғыз әдеби байланыстары тақырыбын арнайы зерттеп 1970 жылдары А.Мусинов кандидаттық диссертация қорғаған. 1974 жылы «Қазақ-қырғыз әдеби байланыстары» деген атаумен шыққан монографиясының «Екі ел әдебиетінің қайнар бастаулары» («Истоки близости двух литератур») деген 1-ші тарауында автор Еуропа әдебиеті мен мәдениетінен терең сусындаған Шоқан мен Абайдың және т.б. қырғыз жазба әдебиетінің қалыптасуына әсер еткені, қырғыз ақындары көптеген өлеңдерін Абай, Ыбырай поэзиясының әсерімен жазғанын, әсіресе, И.А.Крылов мысалдарын аударуда Абайды өзіне ұстаз тұтқан Тоғалақ молда (Байымбет Абдырахманов) шығармашылығы жан-жақты сөз болады.

Қырғыздың халық ақыны Аалы Тоқомбаев та қазақ ақыны Абай Құнанбаевты өзіне ұстаз тұтқан, оның өлеңдері Абайдың өлеңдерімен ұқсас, сарындас келіп отырған. А.Тоқамбаев Абайдың көптеген өлеңдерін қырғыз тіліне аударып, 30-жылдары жеке жинақ ретінде шығарған.

А.Тоқамбаев Абайдың 54 өлеңі мен «Ескендір» дастанын аударып, алғаш рет 1954 жылы Бішкектегі Қырғыз мемлекеттік баспасынан «Абай жырлары» [9] деген атпен жеке кітап етіп бастырып шығарды. Кітаптың алғысөзі А.Тоқамбаевтың «Қазақ халқының ұлы ақыны» деген көлемді мақаласымен ашылған. Автор мақаласында Абай шығармаларының реалистік қуаты мен оның ұлттық әдебиеттерге жасаған ықпалын көрсеткен. Сонымен қатар, қырғыз жазушыларының Абай аудармаларын пайдалана отырып қырғыз әдебиетінде аударманың жаңа дәстүрін жасағанын да атап өтеді.

Абайдың туғанына 125 жыл толуына орай қырғыз ақыны А.Тоқамбаевтың аударуындағы қырғыз тіліндегі Абайдың өлеңдері жинағы 1970 жылы «Абай. Менин элим. Ырлар» деген атпен жарық көреді [10].

Аалы Тоқамбаев «Қазақ халқына» атты өлеңінде:

«Жыр дүлділі Жамбыл менен Абайды
Бізді қырғыз өз ақыны санайды

Жыр көгінің сөнбейтұғын жұлдызы
Тоқтағұлды жатқа айтады ұл-қызы»

- деп Жамбыл мен Абайдың, Тоқтағұлдың жырларын қырғыз-қазақ халқының ұл-қыздары жатқа айтатынын, әдебиеттер достығын сөз етеді.

Қырғыз ақыны Жоомарт Боқонбаев Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...», «Желсіз түнде жарық ай...» т.б. өлеңдерін қырғыз тіліне аударды.

Қырғыз бен қазақ әдебиетінің байланыстарын қарастырып жүрген қырғыз әдебиет зерттеушілері Б. Керімжанова, К.Рсалиев, С. Жигитов т.б. өз еңбектерінде 20-30 жылдарда қырғыз жазба әдебиетінің негізін салушы көптеген қырғыз жазушылары Абайдан, қазақ жазушыларынан үйренген дейді. Қырғыз ғалымы, доцент Құлан Рысалиев «Қырғыз поэзиясындағы строфалық құрылым» атты еңбегінде қырғыз поэзиясындағы алты жолдан тұратын өлең үлгісінің қазақ поэзиясынан, Абайдан алынғанын нақты мысалдармен дәлелдейді. Бұл жүйенің А.Тоқомбаев, М.Элебаевтың 20-30 жылдардағы өлеңдерінде жиі кездесетінін айтады [11, 185-186 бб.].

А.Тоқамбаевтың 1930 жылы жазған «Тұтқын Марат» атты эпикалық поэмасының жыр құрылысы Абайдың «Бай сейілді, бір пейілді» дейтін 6 жолдан құрылатын шумағына ұқсайтынын көрсеткен. Поэма бастан аяқ алты жолды аралас өлшемді шумақтан тұрады. Шумақ ішінде буын жыр жолдарының буын сандары және олардың қиыстырылуы, ұйқасу түрлері де Абайдың «Бай сейілді» өлеңіне келеді дейді.

Ичи күнгө
Ашық түрмө
Фашист, байлар қолунда.
Далай эрлер,
Түркүн шерлер
Чынжыр, түрмө, торунда...

Бұл мысалдар қырғыз бен қазақ әдебиеті байланысы түп-тамырының сонау тереңде жатқанын дәлелдейді.

Абайдың ақындық ықпалы Т.Уметалиев, М.Элебаев, А.Османов өлеңдерінен де айқын байқалады. Алыкул Османов Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан «Татьянаның хатын», «Онегиннің Татьянаға хатын», Ж. Боқонбаев Крылов мысалдары мен М.Ю. Лермонтов пен Гете өлеңдерін аударғанда да қазақ ақынының аудармашылық үлгі дәстүрін сақтаған.

1995 жылы Қазақстанда ЮНЕСКО тарапынан әлемдік деңгейде тойланған Абайдың 150-жылдық мерейтойында қырғыздың танымал жазушысы Шыңғыс Айтматов «Абай Құнанбаев және жалпыәлемдік өркениеттің рухани құндылықтары» [4, 164-168 бб.] деген тақырыпта баяндама жасаған болатын. Қазақ әдебиетінің жанашыр досы Шыңғыс Айтматов «Абайдың өзінің қысқа ғұмырында жазып кеткендерінен, ол туралы айтылған сөздер мен жазылған дүниелердің өте көп екенін айтады. XX ғасырдағы Абайды рөлі мен орны, оның шығармашылық мұрасы, оның философиялық көзқарастары қазақ халқы үшін үлкен тәжірибе болмақ дейді, себебі, ол өз заманының ұлы гуманисті ғана емес, бір өзіне Шығыс пен Батысты үйлестірген ақын. Абай ұлттық рухтың терең құндылықтарына жол ашады және Абай жаһанданған әлемді тануға жол көрсетеді дейді. Абай еуроазиятық мәдениеттердің тоғысында тұр. Абай – еуроазиятық рух. Абай Еуропада Данте, түркітілдес Азияда Жүсіп Баласағұн тұрған өлмес өшпес жолда екенін, Абай арқылы оның тілі де мәңгі жасайтынын» айтады [4, 166-б.].

«Ежелден іргесі бір, тілінде, тұрмысында, салт-санасында ұқсастық көп, қазақ пен башқұрт – туысқан халықтар», - дейді әдебиеттанушы-ғалым, академик Р.Нұрғали [12]. Қазақтың ақыны Абайдың шығармашылығымен башқұрт халқының ақындары түпнұсқа арқылы танысып отырған. Башқұрт халқының ақын-жазушылары қазақ даласында келіп жастайынан қазақ арасында мұғалімдік қызмет атқарған. Қазақ халқының ауыз әдебиетімен, қазақ ақындарының өлеңдерімен жақсы таныс болған.

Башқұрт баспасөз беттерінде Абайдың туғанына 100 жыл толуына орай 1945 жылы Абайдың «Ақын», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңдері башқұрт тіліне аударылып «Қызыл Башкортостан» газетінде 19 тамыз күні басылып шыққан болатын. «Қызыл таң» газетінің 1949 жылы 11 желтоқсанындағы санында Г.Рамазановтың «Абай» деген мақаласы жарық көрген.

Қазақстан мен Башқұртстан арасындағы бұрыннан келе жатқан әдеби және мәдени байланыстар 1960-1980 жылдары ерекше қарқынды дами түсті. Оған себеп башқұрт ақыны Н.Иделбаев М.Әуезовтің «Абай жолы» романын қазақ тілінен башқұрт тіліне аударған. Роман 1961 жылы алғаш рет жарық көреді.

1995 жылы Қазақстанда ЮНЕСКО шеңберінде тойланған Абайдың 150-жылдық мерейтойына башқұрт халқының атынан башқұрт ақыны, жазушы, драматург, КСРО жазушылар одағының мүшесі Мұстай Кәрім мен башқұрт ақыны, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының

докторы, Башқұртстан Республикасының Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Равиль Бикбаев қатысты.

Башқұрт ғалымы Мұстай Кәрім Абайды Башқұртстанға танытқан башқұрт халқының халық ақыны Сайфи Құдашев (1894-1993) дейді. Сайфи Құдашевтің жас шағында қазақ даласында балаларды оқытып қана қоймай, қазақ мәдениеті мен әдебиетінен сусындағанын айтады. Татар ақыны «Жастық шақтың ізімен» (1964, 1984) естеліктер жинағында Абай шығармаларынан үзінділер келтіріп отырған. Сайфи Құдашевтің Абай туралы екі мақаласы – «Абай Құнанбаев» 1945 жылдың 19 тамызында «Қызыл Башқұртстан» газетінде, «Менің ұстазым» 1971 жылдың 25 мамырында «Қазақ әдебиеті» газетінде башқұрт және қазақ тілдерінде жарық көрді. Өмірінің соңына дейін қазақ әдебиетінен қол үзбей, қазақ қаламгерлерімен әдеби байланыста, тығыз қарым-қатынаста болды.

Башқұрт халқының ақыны және ағартушысы Ақмолла (Мифтаһетдин) Мұхамедияровты (1831-1895) қазақ халқы өз елінің ақыны деп санайды. Себебі, Ақмолла ақынның өмірінің көп бөлігі қазақ даласында өткен. Ол қазақ, татар, башқұрт әдебиеттерін жетік білген, әсіресе қазақ халқының ауыз әдебиетін еркін біліп, өз шығармаларын көбінесе қазақ тілінде жазған. Мысалы, ол бір өлеңінде «қазақ үшін», «қазақ тілінде жаздым», - дейді:

Қазақша өлең жаздым ашық қылып,
Хасистердің жүрегін ашыттырып...
Айтамын үгіт қылып қазақ халқын,
Қаншама ғұламалар айтса-дағы,
Бұрынғы қия алмайсыз ата-салтын [13, 11 б.]

XIX ғасырдың екінші мен соңғы ширегінде өмір сүрген башқұрт ақын жазушылары тек қазақтың бай ауыз әдебиетінен ғана үйреніп, үлгі-өнеге алып қана қоймай, сонымен бірге сол кезде жаңа жанданып келе жатқан қазақтың жаңа жазба әдебиетімен, әсіресе қазақ халқының ұлы ақыны, қазақ поэзиясының классигі А.Құнанбаев шығармашылығымен де жақсы таныс болып, оның өлең-жырларын насихаттаушы да болды.

Башқұрт халқының талантты ақыны Шәйхзада Бабич (1895-1919) қазақ халқының кең даласында 1910-1913 жж. Қостанай облысы, Дүйсенбай ауылында Мұртаза деген молданың үйінде тұрып бала оқытқан. Ш.Бабич қазақ ауыз әдебиетін жинаумен бірге, қазақ халқының жазба әдебиетін де өте ықыласпен оқып, үйрене бастайды. Ш.Бабич қазақ молдасы Мұртазаның үйінде алғаш «Абай Құнанбаевтың

өлеңдерімен» танысады. Жас ақынға әсіресе, А.Құнанбаевтың өлеңдері ерекше әсер етіп, өзінің «Халқым үшін», «Күнә мен жаза» т.б. кейбір өлеңдерін Абай өлеңдері үлгісінде жазған. Ол Абай өлеңдерін башқұрт халқының арасына таратқандардың бірі.

Башқұрт әдебиеттанушы ғалымы, филология ғылымдарының докторы Р.Бикбаев «Абай Құнанбаев және Шәйхзада Бабич» [4, 23 б.] туралы мақаласында башқұрт ақыны Шәйхзада Бабичтің шығармашылық қалыптасуына қазақ ақыны Абай Құнанбаевтың әсері болғаны туралы сөз қозғаған. Р.Бикбаев Абай мен Ш.Бабичтің өмірге деген, ақын мен поэзияға деген көзқарастарында ортақ ұқсастықтардың көп екенін алдыға қояды. Абай:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқты-барды, ертегіні термек үшін,
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,

- деп айтып кетсе, Ш.Бабич қазақ даласынан келгеннен кейін 1914 жылы:

Ап-ақ алтын йырзарымды
Йырлаймыйм данлық есен.
Йырлаймын алтын илем есен,
Уз туған жалкым есен.

Саф кемештэй йырзарымды
Йырлаймыйм алтын есен.
Йырлаймын тик саф кемештэй
Саф йерек халкым есен...

Татар әдебиеттанушы ғалымы Р.Бикбаев бұл өлеңнің қазақшасын былай деп аударған:

Аппақ алтын жырларымды
Жырламаймын даңқым үшін,
Жырлаймын мен алтын елім,
Өзім туған халқым үшін.
Шешек түсті жырларымды
Жырламаймын зауқым үшін,
Жырлаймын тек қызғалдақтай
Қыздарға бай халқым үшін.

Ш.Бабич 24 жасында дүниеден озса да, өзінің қысқа ғұмырында башқұрт халқының әйгілі ақыны, музыкант әрі артист, фольклортанушы, журналист, педагог, жауынгер әрі мемлекет қайраткері ретінде танылды.

Р.Бикбаев Ш.Бабичтің Лермонтовтың поэзиясымен алғаш рет Абайдың аудармалары арқылы танысқанын тілге тиек етеді. Уфаға келгеннен кейін Лермонтовтың «Выхожу один я на дорогу» өлеңін қазақ тілінде өзінің жерлестеріне жатқа оқып берген дейді.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, белгілі ғалым Ә.Харисов Шәйхзада Бабичтің «Һарланма әсәрләр» таңдамалы шығармаларына жазған алғы сөзінде Шәйхзада Бабичтің Абай туралы айтқандарынан өте құнды фактілер келтіреді: «1913 жылы «Ғалияда» оқып жүрген кезінде, ол жазғы төрт ай демалысын тағы да Қазақстанда өткізді (Бабич 1910 жылдан 1911 жылға дейін қазақ ауылында бала оқытқан). «Арқа қазақтарында өткізген күндерім» деген күнделік дәптеріне және ақынның өзі туралы шығармаларына қарағанда, Қазақстанға бұл баруында қазақ ауыз әдебиеті және жазба әдебиетімен Бабичтің айрықша шұғылданғаны көрінеді. Ол қазақ халқының ұлы ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың шығармаларын беріле оқиды.

Ш.Бабич өзінің күнделігінде «Құнанбаев өлеңдерінде көңіл толқытарлық артықша күш бар, онан ерекше ләззат аласың, оны татардың Тоқайы, арабтың Имрелкәйсе дәрежесіндегі ақын деп білемін» [14, 4-5 бб.], - деп башқұрттың жас талантты ақыны сол кезде қазақ ақынына деген өз бағасын берген екен.

Абай Құнанбаевтың шығармалары түрікмен тіліне 1950-ші жылдардан бастап аударыла бастады. Түрікмен мен қазақ халықтарының тілі, мәдениеті, тарихы, тұрмыс-салты бір-біріне көп ұқсас және ежелден туыс халықтар болып саналады. Түрікмендер Абайдың, Жамбыл мен М.О. Әуезовтің шығармаларын түпнұсқада оқыған.

1954 жылдары ақынның қайтыс болғанына 50 жыл толуына орай түрікмен ақындары оның өлеңдерін аударып, ал ғалымдары мен сыншылары Абайдың шығармашылық жолы мен поэзиясының түр ерекшеліктері жөнінде зерттеу мақалалар жазды. Абайдың өлеңдерін түрікмен тіліне аударған ақындар – М. Сеидов, К. Эзизов, С. Ураев, А. Баймурадов, А. Оразтағанов және т.б. 1958 жылы Абай Құнанбаевтың «Ескендір» поэмасы түрікмен тіліне аударылып Ашхабад қаласында жеке кітапша болып шықты.

Ұлы ақынның туғанына 125 жыл толу тойы қарсаңында 1970 жылы Абай Құнанбаевтың «Гошгулар» деген көлемі 116 беттен тұратын өлеңдер жинағы Ашхабад қаласында жарыққа шығады. Осы жинақты

Н.Эсенмырадов «Абай Құнанбаев» деген алғы сөзбен ашады. Н.Эсенмырадов мақалада Абайдың өмірбаянына тоқталып, ол сусындап өскен Шығыс пен Батыс әдебиеттерінің өкілдерінен алған тәлімін сөз етеді.

М.Сеидовтің қазақ ақынының өлеңін түрікмен тіліне былай деп аударған:

«Сөйсүн түйс йүрекден, ким кими сөйсе,
Дәнмесин сөзүнден, өртенсе-көйсе,
Гырмызы йүпегің реңкин бозар,
Төверекден өзге бир реңк дегсе...»

Түрікмен әдебиеттанушы ғалымдары Б. Кербабаев, Б. Сейтақов, А. Алымқұлов, Н. Гуллаев, А. Белмурадов, Н. Эсенмырадов т.б. Абай өлеңдеріне жан-жақты талдау жасайтын мақалалар жазды. Жиырмамыншы ғасырдың басында түрікмен поэзиясында шайырлар алға шықты.

Шайыр да суырып салма ақын, олар өлеңді алдын-ала дайындықсыз-ақ құрай алады. Ондай шайырлар қатарына ұлы Абайдың дәстүрін жалғастырған Кер-молла, Байрам-шайыр, Молла-мұрт, Дурды-Клыч, Ата Салихты жатқызады. Абай поэзиясына тән суырып салмалық ерекшелік осы түрікмен ақындарының поэзиясында кездеседі. Бұл жөнінде түрікменнің әдебиеттанушысы А. Баймурадов өзінің «Поэзиямыздағы Абай дәстүрінің жалғасуы» («Әдебиет ве сунгат», 1974) атты мақаласында кең көлемде сөз еткен. Абайдың өлеңдерімен қатар ғақлиялары, «Ескендір», «Масфұт», «Өзімнің әңгімесі» атты поэмалары түрікмен оқырмандарына жақсы таныс.

Түрікмен ғалымы, академик Б.Каррыев Абай мен Мақтымқұлы өлеңдерінен тақырыптық-мазмұндық үндестік іздейді. Ол Абайдың «Малға достың ойы жоқ малдан басқа» және Мақтымқұлының «Дүниеқордың мал деген – жиған дерті» деген сөздерінің ұқсастығын сөз етеді. Сонымен қатар, қазақ ақыны Абайдың «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей, Тек тұра алмас дәмдіден дәмді іздемей» деген өлеңі мен түрікмен ақыны Мақтымқұлының «Тоқ таласар, торқа шапан кимекке, Кілем артық киерге тон таппаса, Аш ұмтылар қатқан нанды жемекке, Халі мүшкіл пісірер ұн таппаса...» деген толғамын мысалға келтіреді [15].

Филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті Б.Омаров «Поэзия пырағы» [16] деп аталатын мақаласында Абай мен Мақтымқұлы поэзиясын талдай келе: «Әрине, екі ақынның танымы мен

түйсігі, талдауы мен талғамы әр басқа. Тағдырлары да бір-біріне онша ұқсамайды. Елдік мүдде, ұлттық ұстаным тұрғысынан үйлесім тапқанымен поэтикалық қуаты жағынан әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Абай – қазақ поэзиясын, Мақтымқұлы – түрікмен поэзиясын қайтадан өлшеп-пішкен теңдессіз ақындар. Олар ұлт өлеңінің жаңаша өлшем бірлігін қалыптастырды. Көбіне-көп сонысымен ұқсас десек, қателеспеген болар едік. Солай десек те, Мақтымқұлының «Ішім – нала, сыртым – жара, Сау қалғаны құлқын ғана» деген байламы мен Абайдың «Ішім – өлген, сыртым – сау» тұжырымы әр ақынның өз биігін танытады» [16], - дейді.

Қарақалпақ пен қазақ тілдері – түркі тілдес халықтар арасында ең жақын тілдердің бірі. Қарақалпақ ғалымы Қ.Жұмажанов Абай Құнанбаев шығармалары қарақалпақ халқына алғашқыда екі түрлі жолмен жетті дейді [17, 8 б.]. Біріншісі – 1899 жылдары Бұқарадағы әйгілі оқу орны «Мир-Арабтың Көкелтасы» медресесінде оқыған Тұрмағамбет Ізтілеуовтің қарақалпақ жерінде Абай шығармаларын шығыс әдебиетінің үлгілерімен бірге насихаттауы болса, екіншісі – Абай шығармаларының басылымы түпнұсқада оқылуы дейді.

Қазақ әдебиетін насихаттаушы қарақалпақ ғалымы Қ.Жұмажанов «Абай және қарақалпақ әдебиеті» деген еңбегінде: «Абайдың сөз өнерімен, туындыларымен қазақ тілінде таныса алған. Абай шығармалары қарақалпақ халқы арасында алғашында кеңінен насихатталды. Жас ақын Т.Ізтілеуов медресе сабағынан қолы босаған кездерде қарақалпақ еліндегі қазақтар мен қарақалпақтар арасында болып, соларға шығыс әдебиеті маржандарын, қазақ жырларын, Абай шығармаларын насихаттап, ел арасына таратумен айналысқан. Тұрмағамбет – Абай шығармаларын қарақалпақ еліне тұңғыш таныстырушы болса, Бердақ шығармаларын да Сыр бойындағы қазақтарға жыл құсындай алғаш жеткізуші» - дейді [17, 9 б.].

Қарақалпақ академигі М.К. Нурмухамедов «Пушкин – орыс, Шевченко – украин, Руставели – грузин, Науаи – өзбек, Абай – қазақ, Мақтымқұлы – түрікмен халықтары үшін қандай болса, Бердақ та қарақалпақ халқы үшін сондай» [17, 20 б.] деп Бердақтың қарақалпақ әдебиетінде алатын орнын айрықша атап өтеді. Бердақ – қарақалпақ классикалық әдебиетінің биік шыңы, оның шығармалары Абайдың шығармаларындай бағалы, әрі қадірлі, әрі таныс.

Қарақалпақ ақындарының қазақтың суырып салма ақындарымен өнер сайысына түсуі, Бердақ пен Әжінияз секілді қарақалпақ әдебиеті

саңлақтарының шығармаларын қазақша шығаруы – қарақалпақтардың Абайды түпнұсқада оқитындығын білдіреді.

Қарақалпақ әдебиеті тарихының білікті зерттеушісі Баекеш Қалімбетов «Әжінияздың лирикасы» еңбегін жазғанда Абайдың Әжіниязбен, Әжінияздың шығармаларын Абай сатираларымен салыстырып, образ жасау шеберліктерінен үндестік табады. Ғалым Б.Қалімбетов Әжінияз «Ала құс» сатирасы арқылы өзі жасаған дәуірдегі ел билеген алаяқтарды түлкіге теңеп, көркем образды сөзбен әжуа етіп түйресе, Абай «Болыс болдым, мінеки» деген сатиралық өлеңінде сол дәуірдегі болыстардың барлық сырын астарламай-ақ сол табиғи қалпында беріп отыр [17, 21 б.], -дейді.

1950 жылдардан бастап Абайдың шығармалары орта мектеп бағдарламасына – оқу құралына, 1952 жылы хрестоматияға, 1955 жылы оқулыққа енгізілді. Хрестоматияда Абай өмірбаянынан шағын мәліметпен қоса, «Интернатта оқып жүр», «Қосық – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Адамның гейбір гездері», «Құлақтан кирип, бойды алар», «Хәсемпаз болма хәрнеге», «Жүректе ғайрат болмаса», «Жасымда илим бар деп ескермедім», «Илим таппай мақтанба» деген 8 өлеңі қарақалпақ тіліне тұңғыш рет аударылып берілген еді. Абай өлеңдерін қарақалпақ тіліне аударған 9 сыныптың хрестоматиясының құрастырушылары Қ.Айымбетов пен С.Бекмұратов. Бұған дейін Абай туындысы баспа бетінде аударма күйінде жарық көрмеген болатын. 1955 жылы 9 сыныпқа арналған оқулық авторлары Сражатдин Ахметов пен Бабаш Исмайылов оқулықты жазу үстінде Абай шығармашылығын монографиялық жүйеде таныту үшін хрестоматияда аударылып жарияланған өлеңдердің жеткіліксіз болуы себепті Б.Исмайылов «Сегиз аяқ», «Бир сулу қыз тұрыпты хан қолында», «Самалсыз түнде жарық ай», «Жигитлер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңдерін аударып қосқан.

Қарақалпақстан жазушылар одағының төралқасы Қ.Сейтов Абай Құнанбаевтың «Таңламалы қосықтары» жинағын аударып дайындауды 1952 жылы қолға алады. Бұл жинақ 1955 жылы алғаш рет Абайдың таңдамалы өлеңдер жинағы 76 бет көлемінде «Абай Құнанбаев. Таңламалы қосықтар» деген атаумен Нүкіс қаласында жарық көреді. Абай шығармаларын 1955 жылдан бастап қарақалпақ халқының қалың жұртшылығы өз ана тілінде оқи бастады. Абайдың туындыларын аударуға қарақалпақ әдебиетінің ірі өкілдері қатысты. Асан Бегимов, Сұлтанмұрат Бекмұратов, Жолмұрза Аймұрзаев, Қармыс Досанов, Тұрғанбай Матқаримов, Мариям Қасымова, Бабаш Исмайылов, Өсербай Хожаниязов, Хожамұрат Тәжімұратов, Жолдас Сейітназаров, Тәжетдин

Сейтжанов, Тілеуберген Жұмамұратов, Байнияз Қайыпназаров, Хожабек Сейтов, Тұрдымұрат Нажимов барлығы 15 аудармашы болып Абайдың 40 өлеңін тәржімалаған. Жинақтың алғысөзін жазған филология ғылымдарының докторы, ӨР ҒА мүше-корреспонденті, Өзбекстан, Қарақалпақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер Исмаил Сағитов.

Бұл жинақтың құнды аударылған, сәтсіз шыққан жерлерін көрсеткен мақаланы Б.Исмайылов «Абай шығармалары қарақалпақ тилинде» деген атаумен 1955 жылдың 2 шілдесінде «Совет Қарақалпақстаны» газетіне шығарады.

1970 жылы «Әмудария» журналының № 8 санында Абайдың «Бахар паслы» («Жазғытұрым») Ибрайым Юсуповтің, «Жаз» Тілеуберген Жұмамұратовтың, «Дутбайға» Қармыс Досановтың аудармасында жарияланады.

1985 жылы ақын, аудармашы Шаудырбай Сейітовтің жеке аудармасымен «Сайланды қосықтары, поэмалары» жинағы Абайдың 140 жылдық мерейтойына арнайы шығарылған болатын. Абайдың 130 өлеңі мен 3 поэмасы енген жинақ 196 бетпен Нүкісте басылып шығады.

Абайдың туғанына 145 жыл толуына орай 1990 жылы шыққан жинақ толықтырылып шығарылды. «Сайланды қосықтары, поэмалары, қара сөзлери» деп аталған жинаққа 1985 жылы шыққан Ш.Сейітовтың жинағы толығымен енді. Абайдың бірқатар өлеңдері мен қара сөздері жаңадан аударылды. «Шығыс ақындары жолымен» шығарылған өлеңдерін – Шарапат Аяпов, «Соңғы жылларда табылған қосықтары» циклін – Сәдірбай Ибрагимов, 1-32 қара сөздерін – Абат Әлиев, 33-45 қара сөздерін Сағынбай Ибрагимов аударды. Кітаптың көлемі 235 беттен тұрады.

Қ.Жұмажанов «Көркем аударма мәселелері» мақаласында [17, 46 б.] Абайдың таңдамалы шығармаларының қарақалпақ тіліне аударылу барысын сөз етеді. Әдебиеттанушы ғалым қарақалпақ кітап оқушылары Абайдың өлең жолдарын түпнұсқадан анық түсіне алса да, қарақалпақ тілінде сөйлету керек еді дейді. «Туысқан түбі бір тілдің көркем шығармасын екінші жақын тілге аудару қиынның қиыны, шытырман еңбекті талап етеді. Бұған басты себеп қазақ, өзбек т.б. халықтардың тілінде шыққан шығармаларды қарақалпақ оқушысы түпнұсқадан оқып түсіне алады. Демек, сол тілде немесе сол шығарманы түпнұсқада қанша адам оқыса, сонша адам аудармашыға сыншы» екенін атап көрсетеді.

Қ.Жұмажановтың «Абай шығармаларының әр кезеңде аударылғандарын қайыра оқығанда» мақаласы да аударманың қыр сырына арналған. 2006 жылы жарық көрген «Қарақалпақ аймағындағы

қазақ әдебиеті: ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысы арасындағы ақын-жыршылар мұрасы» монографиясында да Қ. Жұмажанов қазақ халқының ақын-жазушыларының, Абайдың ақындық мұраларына және аударма мәселелеріне тоқталған.

«Қарақалпақ әдебиетшілерінің Абай есімін әр кез атап, ғылыми еңбектерінде сүйсіне баяндауы – Абайды қазақтың ғана емес, қарақалпақ халқына да ортақ, өлең өлкесінде шекараны білмейтін ұлы тұлға екендігіне дәлел» - дейді [17].

Абай – жалғыз қазақ әдебиетінің ғана ақыны емес, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы бүкіл түркі халықтары әдебиетіндегі ірі тұлғалардың бірі. Абай ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті мен түркі тілдес халықтар әдебиетінің алдыңғы қатардағы көптеген талантты ақындарына ұстаз болды. Олар Абайдың өлеңдері үлгісінде әлеуметтік, адамгершілік, ағартушылық тақырыптарда жазды.

Туысқан татар, өзбек, әзірбайжан, тәжік, башқұрт, қырғыз, түркімен, қарақалпақ және т.б. елдердің жалпы әдебиет сүйер қауымына Абайдың өлеңдері алғашында жекелеп аударылып баспасөз беттерінде жарық көрсе, кейіннен өлеңдері толықтай қамтылып, поэмалары мен қара сөздері аударылып, арнайы жинақ ретінде ақынның мерейтойлары қарсаңында бірнеше мәрте шығарылып отырған. Абайдың шығармаларын сол елдердің әдебиеттанушы ғалымдары мен сыншылары өз елінің ірі ақындарымен салыстыра зерттеді. Бұл аудармалар мен зерттеулер екі елдің әдеби байланысының қалыптасуына негіз болды. Абай аудармаларының сапасы туралы, шығармалары туралы құнды зерттеулердің бар екеніне көз жеткіздік.

Әдебиеттер:

1. Ысқақов Б.Ы. Қазақ-татар әдеби байланысы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 175 б.
2. Мухамметханов К. Абайның биринджи китабыны нешир эткан адам // Ленин байрагы. – 1971. – 26 октябрь.
3. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
4. Творчество Абая Кунанбаева в зарубежной рецепции. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2016. – 464 с.
5. http://www.qazaq-alemi.kz/more?page_id=18&id=1748

6. Abaj Kynanbajev. Шерләр вә поемалар.– Баку: Азәрбајжан Дөвләт Нәшријјаты, 1970. – 208 с.
7. Nəcəf Vəy Vəzirov. Əsərləri. – Bakı: Şərq-Qərb, 2005. – 421 s.
8. Нуралиев А. Таджикско-казахские культурно-литературные связи XIX-XX в.в. – Душанбе: Сурушан, 2001. – 264 с.
9. Абай. Ырлар / Ауд. А.Токомбаев. – Фрунзе: Киргосиздат, 1954. – 128 б.
10. Абай. Менин элим. Ырлар / Ауд. А. Токомбаев. – Фрунзе: Кыргызстан, 1970. – 108 б.
11. Рысалиев Қ. «Қырғыз ырларының түзүлүшү», 1965. – 185-186-бб.
12. Нұрғали Р. Башқұрт әдебиеті // <http://old.qamshy.kz/?p=14540>
13. Ақмолла. Өлеңдері. – Алматы: ҚМКӘБ, 1935. – 191 б.
14. Шәйхзада Бабич. Нарланма әсәрләр. – Өфө, 1958. – 4-5-бб.
15. Каррыев С.Б. Туркменская литература // История всемирной литературы. 8 том. – М., 1994.
16. Омаров Б. Поэзия пырағы // Ана тілі. – 2014. – 10 сәуір.
17. Абай және қарақалпақ әдебиеті // Құраст.: Қ.Жұмажанов және т.б. – Алматы: Рауан, 1995. – 80 б.

Түйін

Әлемдік әдебиеттануда ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбаев мұрасы ерекше орын алады.

«Әлемдік әдебиеттанудағы Абай Құнанбаев» атты ұжымдық монографиясында шетелдік мамандардың Абайдың шығармашылық мұрасы жөніндегі ауқымды фактографиялық материалдары жинақталып, кешенді зерттеулер жүргізілді, оның поэзиясы мен «Қара сөздерінің» алыс және жақын шетелдерде қабылдануының өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтары ашып көрсетілді, Абай шығармаларының көркем аудармасы үдерісіне көңіл бөлінді.

Ұжымдық еңбекте Абай Құнанбаев шығармаларының алыс шетелдердегі рецепциясына талдау жүргізілді. Қазақ ақынының шығармашылығына Еуропа елдерінің ішінде Франция, Германия, Венгрия, Болгария, Польша көп қызығушылық танытқан. Бұл ретте шетелдік Шығыс елдерінен Түркия, Корея, Қытай, Пәкістан, Иран, Моңғолия, Үндістанды атауға болады.

Абайдың туындылары алыс шет елдердің 14 тілінде: ағылшын, араб, болгар, венгер, қытай, корей, моңғол, неміс, поляк, түрік, урду, парсы француз, чех тілдерінде жарық көрген. Абайдың әдеби мұрасы жақын шетелдердің ішінде: әзірбайжан, армян, башқұрт, беларус, грузин, қарақалпақ, қырғыз, латыш, литва, молдаван, орыс, тәжік, татар, түрікмен, өзбек, украин тілдеріне аударылды. Осы тілдерге аударылған көптеген кітаптар Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы мен «Ғылым ордасының» Орталық ғылыми кітапханасының қорларында сақтаулы.

Белгілі әдебиеттанушы-ғалымдар мен жазушылар З.Кедринаның, Л.Соболевтің және т.б. кеңестік баспасөз беттерінде жарияланған Абайдың өлең жинақтарына байланысты мақалалары мен сын-пікірлеріне жете көңіл бөлінген. Ресейлік қазіргі авторлардан Ф.Кузнецов, С.Кляшторный, Т.Сұлтанов, Н.Анастасьев сияқты ғалымдардың Абай шығармашылығы туралы пікірлері берілген.

Монографияда Абай туындыларының ұйғыр тіліне аударылуы және оның ұйғыр әдебиеттанушылары мен ақын-жазушылары тарапынан қабылдануы елеулі құбылыс ретінде танылғандығына да назар аударылды.

Абай шығармашылығын зерттеуге Әзірбайжан, Башқұртстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Татарстан, Өзбекстанның түркітанушы ғалымдарының елеулі үлес қосқандығы туралы ой-тұжырымдар жасалды.

Resume

In world literature Abai Kunanbaev occupies a special place in connection with a significant number of responses in the near and far abroad.

The collective monograph "Abai Kunanbayev in World Literary Studies" presents a comprehensive study and generalization of the extensive factual material of foreign specialists on the creative heritage of Abai Kunanbayev, revealed the patterns, peculiarities and uniqueness of the perception of his poetry and "Words of edification" in the near and far abroad, paid attention to the process of artistic translation of Abai Kunanbayev's works in foreign languages.

An analysis of the reception of Abai Kunanbayev's creativity in far-abroad countries is made. Among European countries, France, Germany, Hungary, Bulgaria, Poland show the greatest interest in Abai Kunanbayev's creativity. From the countries of the foreign East it is necessary to name Turkey, Korea, China, Pakistan, Iran, Mongolia, India.

Abay's works are published in 14 languages of foreign countries: English, Arabic, Bulgarian, Hungarian, Chinese, Korean, Mongolian, German, Polish, Turkish, Urdu, Farsi, French, Czech. Abay's literary heritage has been translated into Azerbaijani, Armenian, Bashkir, Belarusian, Georgian, Karakalpak, Kyrgyz, Latvian, Lithuanian, Moldovan, Russian, Tajik, Tatar, Turkmen, Uzbek and Ukrainian languages in the near abroad. Many books in these languages are kept in the collection of the National Library of the Republic of Kazakhstan and the Scientific Library "White Orders".

Special attention was paid to articles in the press, reviews of Abai's poems by Z. Kedrina, L. Sobolev and others published in the Soviet period. Among modern Russian authors, Abai's creativity is assessed by F. Kuznetsov, S. Klyashtorny, T. Sultanov, N. Anastasyev.

A significant phenomenon was the translation into the Uighur language of works by Abai and the perception of his work by Uighur literary scholars, poets and writers.

A special contribution to the study of Abai's creativity is made by Turkic scholars from Azerbaijan, Bashkortostan, Kyrgyzstan, Tajikistan, Tatarstan, and Uzbekistan.

СОДЕРЖАНИЕ

ПРЕДИСЛОВИЕ	3
АБАЙ ПОКОРЯЕТ МИР	6
ЗАРУБЕЖНАЯ РЕЦЕПЦИЯ ТВОРЧЕСТВА АБАЯ КУНАНБАЕВА	14
ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ПЕРЕВОД ПОЭЗИИ АБАЯ: ГЕНЕЗИС И ТРАДИЦИИ	60
АБАЙ МҰРАСЫ РЕСЕЙ ӘДЕБИЕТШЛЕРІНІҢ БАҒАЛАУЫНДА	114
АБАЙ КУНАНБАЕВ В УЙГУРСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ	140
АБАЙ И ЕГО ИНТЕРПРЕТАЦИИ ПУШКИНСКИХ МОТИВОВ И СЮЖЕТОВ	154
АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАҚЫН ШЕТЕЛДЕРДЕ ЗЕРТТЕЛУІ	172
ТҮЙІН	202
RESUME	203

Научное издание

***Абай Кунанбаев
в мировом литературоведении***

*Рекомендовано к изданию Ученым советом
Института литературы и искусства
им. М.О. Ауэзова КН МОН РК*

Подписано в печать 08.09.2017 г.
Бумага офсетная. Объем 12,75 п.л.
Тираж 100 экз.

Отпечатано в типографии РГП «Ғылым ордасы»

г. Алматы, ул. Шевченко, 28